

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Н.Е. ДАБЫЛТАЕВА

**ИНВЕСТИЦИЯНЫ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
НЕСИЕЛЕНДІРУ**

Оқу құралы

Алматы, 2016

УДК
ББК
3

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Редакциялық
баспа кеңесі мақұлдап ұсынған.*

Пікір жазғандар:

А.С.Тлепова - э.ғ.к., «НАРХОЗ» Университеті доценті;

А.Б.Бекмухамедова - э.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
доценті

**Дабылтаева Н.Е. Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру. Оқу
құралы. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. 103 бет.**

ISBN

Аталған оқу құралында инвестициялық үдеріс және оны жүзеге асырудың теория мен практикалық мәселелері қарастырылады, оның ішінде нарықтық экономика жағдайында инвестицияны қаржыландыру мен несиелендіру жолдары жүйелі түрде жатық түсіндіріледі. Еуропалық және халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, Қазақстан жағдайына қатысты инвестицияның экономикалық тиімділігі мүмкіншілігінше үйлестіре қаралып, оны бағалауға айтарлықтай көңіл бөлінеді.

Оқу құралы экономикалық мамандықтарды дайындайтын жоғары оқу орнының студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларға, банк және қаржы мекемелерінің қызметкерлеріне, басқа оқырман қауымына арналған.

УДК
ББК

ISBN

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасы дамудың жаңа кезеңінде. «Қазақстан-2050» стратегиясында экономиканың дамуын тұрақтандыру және оның жыл сайынғы өсіп отыруын қамтамасыз ету, инновациялық және индустриалды экономиканы құру, оны басқару жүйелерін жетілдіру, экономика мамандығын кәсіби іс жүйесіне дайындау мәселелері көтеріліп, олардың шешу жолдары анықталған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жасаған жолдауларында еліміздің экономикасының стратегиялық дамуына ерекше көңіл бөліп, «Экономика біздің дамуымыздың басты басымдылығы, ол экономикалық өсудің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу – негізгі міндетіміз болып қала береді» - деп айтқан болатын. Іс жүзінде бұл міндетті орындауда экономиканың өсуін тұрақтандыру мен оны нығайтуда, қаржы-несиелеу механизмі маңызды рөл атқарады және ол инвестициялық үдерістің тиімділігін көтеру көмегімен жүргізіледі. Бұл механизмді өте белсенді қолданудың арқасында еліміздің басымдылық экономикалық салалары дамыйды, модернизациялау, кеңейту, әлеуметтік инфраструктуралар мен өндірісті нығайту, ішкі және сыртқы тартылған инвестициялық қаржыландыруды мақсатты әрі тиімді пайдалануға қол жеткізіледі, сол сияқты материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға болады.

Қазақстанда жалпы мемлекеттік деңгейде инвестициялық қызмет бойынша бірқатар заң актілері қабылданды, оның ішінде: "Шетел инвестициясы туралы", "Тікелей инвестицияны мемлекеттік қолдау туралы", "Сырттан қарыз тарату және сыртқы борышты басқару туралы", "Құнды қағаздар туралы", т.б. заңдары бар. Тікелей инвестициялауды ынталандыру үшін оларды пайдалану мен тартуға, үйлестіру мен басқарудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға орталық және атқарушы орган ретінде ҚР Мемлекеттік Комитеті құрылды, кейін ол қайтадан Агенствоға өзгертілді.

Жаңа талаптар мен нарық экономикасы дамыған елдердің іс- тәжірбиесін есепке ала отырып, бұл пәнде негізгі қорларды жаңадан салу, олардың жұмыс істеп тұрған өндірісін қайта құру, кеңейту және техникалық құралдарын жаңғырту, шығындарын қаржыландыру мен несиелеу жүйесі қарастырылады және нарықтық қатынастар жағдайында инвестициялық саясатты жүргізуде банктердің атқаратын рөлі мен олардың шешетін мәселелері көрініс алып түсіндіріледі.

“Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру” курсы белгілі бір дәрежеде “Ақша, несие, банк” бойынша оқулық курсының жалғасы болып табылады. Инвестициялық үдерісті жүргізуге және ұйымдастыру ауқымындағы кәсіптік білім алулары үшін болашақ банкирлер мен мамандарға мақсатты теориялық және практикалық бағыт беретін қабылданған бағдарламалар бар. Сонымен бірге бұл оқулық құралы барлық жоғарғы оқу орындарында оқылатын және игерілетін экономикалық материалдармен тығыз байланыста тұратын бірқатар нарық факторларын есепке ала отырып, инвестициялық жобаларды бағалау мен негіздеулерді нақтылап жасау ісінде және белгілі бір білім

алуға, сол сияқты оның тәсілдерін меңгеруге, бизнес-жоспар мен техникалық-экономикалық негіздеме жасауға, тәуекелділік, белгісіздік, зиянсыздық, бәсекелестік сияқты және т.б. ұғымдарды меңгеруге көмектеседі.

Оқу құралының әр тақырыбының мазмұны қысқаша түсіндіріледі, ондағы категориялық аппараты қарапайым, түсінікті баяндалған, бұл студенттерге емтихан мен рейтинг тапсыруға дайындалғанда жеңілдік туғызады.

1 ТАРАУ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ

- *Инвестиция түсінігі, нысандары және формалары*
- *Инвестициялық цикл және оның құрылымы*
- *Инвестициялық қызмет, оның субъектілері және олардың өзара қатынастары*
- *Шетел инвестициясы, ҚР-ның “шетелдік инвестициялар туралы” заңының негізгі қағидалары*

1.1. Инвестиция түсінігі, нысандары және формалары

Бұрынғы КСРО кезінде, оның ішінде Қазақстанда шығарылған ғылыми және оқулық әдебиеттерде “инвестиция” түсінігі “күрделі салым” терминімен ауыстырылып келген болатын. Осыған байланысты инвестиция түсінігінің мәні мен мағнасы негізсіз тарылып, көрініс алатын, ал шындығында “инвестиция” ұғымы “күрделі салым” түсінігінен кеңірек болып табылады, дәлірек айтқанда күрделі салым инвестицияның бір бөлігі.

Инвестиция-бұл жалпы алғанда материалды-мүлік құндылықтардың барлық түрі және олардың құқықтары, с.с. қайда табу мақсатымен кәсіпкерлік қызмет істер нысандарына инвестерлердің салған интеллектуалдық меншіктері. Кеңірек атап айтқанда, инвестицияның құрамына кіретіндер:

- ақша қаржылары, мақсатты банктік салымдар және акциялар мен басқа да құнды қағаздар;
- жылжитын және жылжымайтын мүліктер (ғимараттар, қондырғылар, басқадай құнды материалдық құндылықтар);
- жерді пайдалану құқықтары мен авторлық құқықтар;
- мүліктік құқықтар, тәжірибие және басқа интеллектуалды құндылықтар құқықтары.

Сонымен инвестиция – бұл метаморфоздар тізбегі, яғни ресурстарды (құндылықтарды) салымға (шығынға) айналуы және соның нәтижесінде (тиімділікті арттыру) табыс алу болып табылады.

Инвестицияның негізгі нысандары:

- жаңадан жасалынатын, қайта құрылған және кеңейтілетін негізгі қорлар, с.с. шаруашылық субъектілердің барлық саласындағы, айналым қаржылары;
- құнды қағаздар (акция, облигациялар т.б.);
- мақсатты қаржылық салымдар;
- ғылыми-техникалық өнімдер және меншіктік нысандар;
- мүліктік құқықтар мен интеллектуалды меншік құқықтары.

Ірілендірілген жобада инвестицияны екі негізгі топтастыруға бөлуге болады:

- 1) нақтылы (реальды);
- 2) портфельді (сөмкелі);

Нақтылы инвестиция негізінен нақтылы жобаға (проект) ұзақ мерзімдік күрделі салымды білдіреді және әдетте нақтылы активтерді сатып алу арқылы

байланысты болып табылады. Салым ретінде тартылған капиталды да пайдалануға болады, оның ішінде банктік несиелер, әрі бұл жерде банктің өзі де нақтылы инвестицияға қатысушы субъект болып табылады.

Өндірістік үдеріске тікелей қатысуына байланысты нақтылы инвестицияны бір қатар жағдайда тікелей инвестиция деп те атайды.

Портфельдік инвестиция – бұл бағалы қағаздар мен басқадай активтерді сатып алумен инвестициялық портфельді қалыптастыру болып табылады.

Портфельді инвестиция – инвестициялық портфельді қалыптастыруға және құнды қағаздармен басқадай активтерді сатып алуға байланысты жобаларға капитал салуды білдіреді. Бұл үдерісте инвестор әдетте қор нарығында құнды қағаздарды сату мен сатып алу операцияларын жүргізе отырып ұтымды, оңтайлы инвестициялық портфельді қалыптастырумен қатар оны басқаруға ұмтылады. Ал портфель болса әр түрлі инвестициялық құндылықтарды бір жерге, яғни портфельге жинақталған біртұтастықты білдіреді.

Қаржылық мүліктерді қалыптастыруға бағытталған салымдар, с.с. басқа фирмалардың ісіне қатысуға құқық сатып алуға жұмсалған салымдар, мысалы, олардың акцияларын, басқадай құнды қағаздарын және борыштық құқықтарын сатып алуды **қаржылық инвестиция** деп аталынады.

Сол сияқты интеллектуальды (материальдық емес) инвестиция түрі болады. Бұл патенттерді, лицензиялады, ноу-хау сатып алу, персоналдарды даярлау және қайта даярлау шығындарын, ғылыми-зерттеу мен конструкторлық – тәжірибе жасауға арналған салымдарды, жарнамаға және басқадай салым шығындарын білдіреді.

Осы аталғандардан басқа инвестиция тағы нетто – инвестиция, брутто – инвестиция және жалпы (валовой) инвестицияға бөлінеді.

Нетто-инвестиция – бұл инвестициялық жоба негізінде жүзеге асырылатын немесе фирманы (кәсіпорынды) сатып алу кезіндегі жұмсалатын (салынатын) алғашқы инвестициялау болып табылады. Нетто-инвестиция реинвестициямен бірге (бірлесе отырып) брутто-инвестицияны құрайды. Ал реинвестиция дегеніміз, бұл жаңадан босаған (құрылған) инвестициялық ресурстар болып табылады. Оларды жаңа өндіріс құралдарын дайындауға (жасауға) немесе сатып алуға, содан соң басқа да мақсаттарға пайдаланады. Реинвестициялар жұмыс істеп тұрған негізгі қорларды қайта инвестициялау арқылы әртүрлі стадияларға бөлінеді: (фазаларға немесе кезеңдерге).

Инвестициялық жобаны жүзеге асыру шараларының біртұтастығы мен тізбектілігін анықтап, оның орындалуы техникалық-экономикалық негіздемені және жоба-сметалық құжаттарды дайындаумен содан соң келісім-шартты жасаумен, қаржыландыру мен несиелендіруді, материалдық-техникалық жабдықтарды ұйымдастырумен, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізіп, аяқталған нысандарды пайдалануға өткізумен байланысты. Осыдан инвестициялық цикл тізбектелген стадияларға, жеке кезеңдерге бөлінеді және олар өз кезегінде төменгі деңгейдегі бөлшектелінген және нақтыланған сатыларға бөлінуі мүмкін.

Инвестициялық циклды негізінен үш сатыға бөлу қабылданған:

- 1) инвестицияның алды;
- 2) инвестициялық;
- 3) өндірістік.

Инвестицияның алды сатысы – бұл алдын ала зерттеу кезеңінен бастап, инвестициялық жобаны қабылдау жөніндегі соңғы шешімді қабылдауға дейінше аралықты қамтиды.

Инвестициялық саты – бұл жобаны қалыптастыру, құрылысты жүргізетін мердігерлік келісім-шарт жасау кезеңін қамтиды.

Өндірістік саты - жобаны өмірге енгізу бойынша сәйкес субъектінің тікелей шаруашылық қызмет ету кезеңін қамтиды.

Инвестициялық алды сатысы жобаны жүзеге асыруда талдауды содан соң макроэкономикалық және микроэкономикалық деңгейдегі талдауды, жалпы мүмкіншіліктер мен нақты жобалық мүмкіншіліктерді өзіне біріктіреді. Осының негізінде алдын-алу негіздемесін даярлау жүзеге асырылады.

Инвестициялау туралы соңғы шешім оны техникалық-экономикалық жаңартуға, технологиялық қондырғыларды немесе үдерістерді модернизациялауға және рационализациялауға, өнім (өндіріс) көлемін өзгертуге, әртараптандыруға (номенклатураның өзгеруіне байланысты), өнімнің жаңа түрін шығаруға, өткізудің (сатудың) жаңа нарықтарын ұйымдастыруға және басқаларға пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы инвестиция – бұл негізгі капиталдың мөлшерін ұлғайтуға және оны модернизациялауға бағытталған жаңа инвестициялық сома болып табылады (негізгі капиталдың тозуын қалпына келтіруге, орнын толтыруға арналған қаржылар).

1.2. Инвестициялық цикл және оның құрылымы

Жоспарлы экономика кезінде, яғни нарыққа дейінгі жағдайында жұмыстың аяқталуы мен нысандары бойынша күрделі салым шығындарын нысанды пайдаланатынын, құрылыс-монтаж жұмыстарының бітуі мен соның арқасында жаңа негізгі қорлардың қалыптасуын айтып келгенбіз. Ал қазір нарықтық жағдайда жоба бойынша жалпы шығындарды есепке ала отырып, осы инвестициялық жоба бойынша нысанды пайдалануды барлық кезеңін, оның жойылып кеткеніне дейінгі уақыт аралығында, одан түсетін табыстарды анықтап есептейді.

Инвестициялық цикл – бұл жобаны жүзеге асырудың басталған уақыт кезеңінен бастап, осы жоба бойынша нысанның барлық қызмет атқару мерзімін қамтитын уақыттан оның аяғына дейінгі аралықты қамтиды (оның қызмет атқару мерзімінің бітуі). Мұндай цикл жоба бойынша жұмысты қаржыландыру мәселелеріне жан-жақты біртұтас талдау жүргізетін оның қортындысына сәйкес шешім қабылдау үшін қажет болып табылады. Инвестициялық цикл тәжірибеде негіздемені жасағаннан кейін ғана қабылдануы мүмкін, себебі ТЭО жасау айтарлықтай уақыт пен қаражатты керек етеді. Осыған байланысты жобаға ірі қаржы салудың алдын-алудың

техникалық-экономикалық негіздемесі (ПТЭО), сол арқылы оның көмегімен жобаның негізгі идеясын бағалау керек болып табылады. Оның көмегімен альтернативті жобаларды қарастырып, олардың ішінен аса ыңғайлы, пайдалы жобаны таңдап алу жүргізіледі, содан соң жан-жақты зерттеумен нарықтағы жағдайда талдау, лабораториялық және тәжірибелік экспериментті жүргізу жұмыстары да іске асырылады

Алдын-алудың техникалық-экономикалық негіздемесін даярлау тәжірибесі мынадай үлгі бойынша жүргізу дұрыс деп саналады:

- ПТЭО-да қарастырылатын мәселелерге қысқаша шолу беру;
- жобаның қысқаша тарихы, инвестор туралы мәлімет, орындалған зерттеу жұмыстарының бағасы;
- осы жобаға байланысты нарықтық талдау туралы негізгі мәліметтер, сұраныс пен ұсыныс жағдайы;
- материалдық-техникалық және еңбек ресурстарының қажет шамасын және олардың бағасын анықтау;
- инвестициялық жобаның алатын орны туралы қажеті мәлімет пен қоршаған орта туралы мәліметті жинау;
- ірілетілген көрсеткіштерді анықтау (шығындарды талдау мен пайда-табыс талдау жұмыстарын жүргізу).

Инвестициялық циклдың 2-ші стадиясында жобалау мекемесін таңдау және техникалық-жобалық құжаттарды бөлшектеп даярлау, бас медігермен суб.мердігерлік ұйымдарды анықтау, инвестициялық жобаны орындаушыны белгілеу, төлем жүйесімен қаржыландыру бойынша өзара есеп айырысуды орнату, олардың көздерін анықтау жұмыстары жүргізіледі.

3-ші өндірістік стадияда барлық тікелей шаруашылық және қаржылық қызметтерді жүзеге асыру бойынша осы жобаның инвестициялық үдерісі қарастырылады.

1.3. Инвестициялық қызмет, оның субъектілері және олардың өзара қатынастары

Инвестициялық қызмет жеке және заңды тұлғалардың біртұтас іс-қимылдарын білдіреді, ал мемлекет және ел аумағында инвестицияны жүзеге асыру мен инвестициялық үдерістің өзін табысты жүргізу болып табылады.

Ресурстарды пайдаланудағы және әлеуметтік тиімділікпен табыс алуда инвестициялық қызығушылықты айтарлықтай табыстылықпен тиімді үйлестіру мақсатымен инвестициялық қызмет болашақта инвестициялық сұраныс пен ұсыныстың өзара бір біріне тура келу негізінде жүзеге асырылуы керек болып табылады (бұлардың арасындағы тепе-теңдік әсіресе нарықтық экономика жағдайында актуальды).

Жоспарлы әміршілік-әкімшілік жүйесінің тұсындағы инвестициялық сұраныс пен ұсыныстың өзара тең болу қажеттілігі ескерілмей келу, аяқталмаған құрылыс көлемінің айтарлықтай өсіп кетуіне және күрделі салымдар көлемінің “өлі” жатуына әкеліп соқтырды. Бұлар тастанды шығындар

мен зияндарға келтіріп, инвестициялық үдеріс тиімділігінің тым төмендеп кетуіне әкелді және басқадай теріс факторларға соқтырды.

Нарықтық жағдайдағы іс-тәжірибиеде инвестициялық сұраныс екі түрден тұрады:

- 1) потенциалдық сұраныс;
- 2) нақты сұраныс;

Потенциалды сұраныс – көбінде формальді деп аталатын, инвестициялық потенциал түрінде болады, яғни болашақ инвестициялау үшін тілек білдіру түрі болып табылады. Әдетте, бұл сұраныс түрі заңды және жеке тұлғалардың табыстары (пайдалары) үшін маңызды бола тура осы моментте олардың қор жинау бағытында қызығушылығы болмай тұрған кезде пайда болады, ал болашақта нақты немесе мүмкін болатын табыстың болатындығын ескере отырып, инвестициялау жүргізуге олардың құлқы, тілегі бар.

Инвестициялық сұраныстың 2-ші түрі субъектілердің инвестициялық қызметті нақтылай жүзеге асырумен сипатталады. Ол инвестициялық тауарларды нарықта капиталды ұсыну формасында болып келеді. Инвестициялық ұсыныс өзіне жұмыс істеп тұрған негізгі қорларды, айналым қаржы және құнды қағаздармен, басқадай мүліктердің жаңасын жасауды, қайта құруды, кеңейтуді және техникалық қайта жақтандыру біріктіру арқылы қалыптасады.

Инвестициялық қызметтің объектілері нарықта капиталға сұраныс түрінде болып шығады, ал субъектілері инвестициялық нарық арқылы белгілі бір экономикалық өзара қатынасқа түсіп, инвестициялық сұраныс пен ұсынысты жүзеге асырады

Инвестициялық қызметтің субъектілері:

- инвесторлар (олар көбінде бір мезгілде тапсырушы рөлінде болып келеді);
- инвестициялық қызметті пайдаланушы нысандар;
- Қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалар;

Инвестициялық қызметтің субъектілері іс жүзінде инвестицияны жүзеге асыратын инвестициялық сферада көбінде нақтырақ іс – қимылмен айналысады.

Инвестициялық сфера құрамына мыналар кіреді:

- 1) күрелі құрылыс сферасы;
- 2) ғылыми-техникалық өнімдер мен интеллектуалдық потенциалдар сатылатын инвестициялық сфера;
- 3) қаржы капиталының айналым сферасы (әртүрлі формадағы қаржылық міндеттемелер, қарыздық және ақша айналымдары);
- 4) инвестициялық қызмет субъектілерінің мүліктеріне құқықтарын орнату сферасы.

Белгілі бір жұмыс атқарушы инвестициялық қызметтің қатысушылары осындай қызметті атқарудың құқық сертификатын немесе лицензиясын міндетті түрде алулары керек.

Инвестициялық қызметке барлық қатысушыларының ішінен үш аса негізгілерін атап бөлуге болады:

- 1) инвесторлар (тапсырыс берушілер);
- 2) орындаушылар (мердігерлер);
- 3) қаржыландыратын немесе несиелендіретін банктер.

Инвестор (тапсырыс беруші) мен орындаушы (мердігер) арасындағы қарым-қатынас олардың өзара жасаған контракт немесе мердігерлік келісім-шарт негізінде құрылады. Контракта немесе мердігерлік келісім-шартта жақтардың жауапкершілігі мен міндеттері анықтап белгіленеді.

Контрактың немесе мердігерлік келісім-шарт жағдайын сақтамау немесе бұзу материалдық және жауапкершілікке тартылып, аталған құжаттарда көрсетілген мөлшерде қаржыдай төлемдер төлеуге міндетті болады.

Инвестициялық үдеріске банктер мен басқа қатысушылар арасындағы қарым-қатынас екіжақты құрылады:

- 1) егер банк кредитор болса, онда несиелік келісім-шарт негізінде;
- 2) егер банк кредитор емес, қызмет ету бойынша агент болса, онда ҚР-ның “Банктер және банк қызметі туралы” заңы негізінде.

Мемлекеттік сектордағы инвестициялық қызметке қатысушылар арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы құрылысты қаржыландыру және несиелендіру ережесімен және мердігерлік келісім-шарт туралы ережемен реттелінеді.

1.4. Шетел инвестициясы, ҚР-ның “шетелдік инвестициялар туралы” Заңының негізгі қағидалары

Нарықтық жағдайда экономиканы тұрақтандыру және нығайту үшін әлемдік практикада аса маңызды фактор шетел инвестициясын тарту болып табылады. Инвестицияның бұл түрі, шикізат байлығымен көп салалық потенциалы бар біздің ел үшін екі есе актуальді (өзекті) болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік деңгейде Қазақстан экономикасына шетел инвестициясын тарту бойынша тізбектелген шаралар саясаты жүргізіліп келеді. Осы мақсатта “Шетел инвестициялары туралы” арнаулы ҚР заңы қабылданған. Бұл заңда шетел инвестициясы түсінігінің анықтамасы берілген – бұл шетел инвесторының жасаған инвестициясы.

Бұл заңда инвестициялық қызметтің тізбектелген әрекет түрі мен қисыны және Қазақстандағы шетел инвестициясын реттеу мен қызмет атқару жағдайлары баяндалған. Шетелдік инвестициялардың нысандары деген түсінікке мынадай анықтама берілген: “шетел инвестициясын ҚР-ның заң актілерімен тиым салынған қызмет түрлерінің басқасына және кез келген нысанға салынуға мүмкін болып табылады”.

Көріп отырғандай, қысқа, бірақ тиімді анықтама берілген, яғни Қазақстанның инвестициялық сферасына шетел капиталын тарту үшін шексіз жазық берілген болып табылады.

Шетел инвестициялық қызметтің субъектілері мыналар болуы мүмкін:
- шетелдік заңды тұлғалар (компания, фирма, ұйымдар, кәсіпорын, ассоциациялар және т.б.);

- шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелде тұрақты тұратын ҚР-ның азаматтары;
- шетелдік мемлекеттер;
- халықаралық ұйымдар;

Аталған заңда шетел инвесторы үшін қорғаныс шаралары мен мемлекеттік кепілдің (гарантия) біртұтас тізімі берілген, оның ішінде:

- а) ыңғайлы құқықтық режим;
- б) ел экономикасындағы приоритетті аймақтағы қосыша экономикалық жеңілдіктер (льготы);
- в) заң актілерімен саясат жағдайындағы мүмкін болатын өзгерістерден шетел инвестициясын қорғау бойынша кепілдік (гарантия);
- г) шетелдік инвестициялық несиелерді уақытында қайтару бойынша үкіметтің немесе атынан (қаржы министрлігі) кепілдік (гарантия).

Бұл жерде, алғашқы кезеңде ҚР Үкіметінің кепілдігі (гарантиясы) бойынша шетелдік инвестициясын тартудағы айтарлықтай қателіктердің жіберілгендігіне тоқталғанымыз орынды болып табылады (бұның негативтік жағдайлардың салдарына болғанын айтуымыз керек). Мысалы, Үкімет кепілімен бұрынғы Әлембанк – Қазақстан арқылы соңғы қарызгердің төлем қабілеттігі мен (ТЭО)-ны жеткіліксіз талдаумен көп шетелдік кредиттік ресурстар тартылған болатын. Бұл соңғы қарыз алушының төлем қабілетінің жоқтығынан (Қазақстанның заңды тұлғалары) шетел несиелерін (негізгі қарыз және оған пайыздық төлемдерді) мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен қайтаруға тура келтірді және мәжбүрлі болды, ал соңғы қарызгер – кәсіпорындармен біршама күнге дейін соттық қарау мен қаржы – шағымдық ауыртпашылықта жүріп жатты.

Еліміздің қолайлы инвестициялық климат құру мақсатында мемлекеттік органдар мен шенеуліктердің заңсыз әрекеттерінен қорғау кепілі мен басқа да бірқатар жеңілдіктер қарастырылған, шетел инвесторларының кінәсінен емес болған зияндар орнын толтыру мен компенсациялар, табыстарын және меншікті валюталық қаржыларын еркін пайдалану кепілдігімен басқалары қарастырылған. Сонымен бірге шетел инвестициясын тартудағы кең жариялық бойынша ашық тендерлер өткізу, шетел жобаларын презентациялау, жан-жақты жарнамалау, т.б. қарастырылған.

Қабылданған заңда, көрсетілген:

- шет ел қатысуымен кәсіпорын құру және оны жою тәртібі;
- тізімге алу және лицензия беру тәртібі;
- айтарлықтай жеңілдікпен кедендік алымдар;
- бухгалтерлік есеп, еңбек қатынастарын және даулармен бәстерді шешу мәселелері қарастырады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Инвестиция дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?
2. Инвестициялық циклге сипаттама беріңдер.
3. Инвестициялық циклдің құрылымы неден тұрады.?
4. Инвестициялық қызметтің субъектілеріне кімдер жатады?

5. Шетел инвестициясын қалай тартуға болады?

6. «Шетел инвестициялары туралы» қабылданған заңның маңызын түсіндір.

7. Шетел инвесторларына берілетін қорғаныс шаралары мен мемлекеттік кепілдік не үшін керек?

8. Қолайлы инвестициялық климат немен сипатталады?

2 ТАРАУ. НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӨТУ САТЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ САЯСАТЫ

- *Нарықтық экономиканың өтпелі сатысынлағы инвестициялық-құрылымдық саясаттың басты бағыттары*
- *ҚР-ның мемлекеттік инвестициялық Комитетінің негізгі шешетін мәселелері мен атқаратын қызметі*

2.1. Нарықтық экономиканың өтпелі сатысынлағы инвестициялық-құрылымдық саясаттың басты бағыттары

Бұрынғы Кеңес Одағының барлық елдері, оның ішінде Қазақстан өтпелі кезеңде белгілі бір дәрежеде экономикалық және әлеуметтік тоқырау жағдайында болды. Бұл тоқыраудан шығу үшін, экономиканы тұрақтандырып, әрі қарай дамыту үшін, өмірге оңтайлы инвест-құрылымдық саясатты жасап, оны жүзеге асыру аса маңызды жағдай болып табылды.

Инвестициялық құрылымның негізгі бағыттарының мәнін айтудың алдында Қазақстандағы экономикалық өзгерістердің бастапқы этаптарына қысқаша шолу жасаған дұрыс болады. КСРО құлағаннан кейін, оған еңген елдердің барлығындағы тоқырау экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық жағын қамтиды. Әсіресе инвестициялық сфера қатты зардап шекті. Бұл жағдай инвестиция бойынша бұрынғы одақтық нормативтердің қолдануына байланысты болды, оның ішінде: құрылысты қаржыландыру ережесі, мердігерлік келісім-шарт туралы Ереже және бірқатар инструкциялық-нормативтік ескірген құжаттар болды, ал жаңалары әлі болмаған еді. Осындайдың салдарынан хаос, былық тәртіпсіздік басталады, яғни мемлекеттік күрделі салымдарды мақсатты пайдалану және инвестициялық сфераға бағытталған қаржыларды тікелей ұрлау орнын алды. Осының салдарынан онсызда аяқталмаған құрылыс көлемі айтарлықтай өсіп кетті, басталған өндірістік және әлеуметтік нысандағы құрылыстарды консервациялау жүргізілді, қор қайтарымдығының бірден құлдырауы басқада негативтік салдарларға апарып соқтырды. Осыдан жалпы мемлекеттік деңгейдегі қажетті шараларды қабылдаудың қажеттігі туындады.

1993 жылы ҚР Кеңесінің инвестициялық қызметі бойынша екі заң жасалып, қабылданды. Олар “ҚР қорларын қайта құру туралы” және “Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарымдық жүйесі туралы” заңдары, содан соң құрылысты қаржыландыру және несиелендірудің қазақстандық жаңа ережесі жасалып, оны ҚР Министрлер Кабинеті бекітті. Одан кейін, аталған заңдарды жүзеге асыру механизімі ретінде және Ұлттық банктің құрылысты қаржыландыру мен несиелеу Ережесін ҚР қаржы министрлігі мен экономика министрлігі бірлесіп, өтпелі кезеңдегі нарық жағдайына сәйкес шаруашылықтағы инвест қызметті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру бойынша инструкциялық-нормативтер жасап, қолданысқа еңгізді.

Қазіргі уақытта “ҚР экономикасы қорларын қайта құру туралы” заң өз күшін жойып, қолданыстан шығарылды. Дегенмен, өтпелі “көпір” ретінде бұл заң өзінің позитивтік рөлін орындады. Нарыққа көшудегі өтпелі кезеңде шаруашылықтың негізгі регуляторы “сұраныс-ұсыныс” принципі болғанмен, осы кезеңнің өзіне тән оның ерекшелігі мен спецификасы болды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әсіресе инвестициялық үдерісті қаржыландыру көздерін, Қазақстан жағдайында, айтарлықтай болатын үлес салмақты бюджеттік ассигнация, бюджеттен тыс қорлар, пайдаланып жатқанда және үкімет кепілімен сырттан қарыз алу орнын алып тұрған жағдайда, инвестицияны мемлекеттік реттеу қажет болып табылды. Осы мақсатта ҚР-ның жалпы экономикасында, оның ішінде инвестициялық сферада белсенді құрылымдық қайта құру курсы қабылданды. Осыдан нарық жағдайында қолдануға болатын барлық басқару және орындау жүйесін қайта құру жүзеге асырылды. Күрделі салым бойынша бұрынғы жоғарыдан түсетін директивті-жоспарлы көрсеткіштердің орнына ҚР Президентінің Жарлығы арқылы отандық және шетелдік инвестицияларды тікелей тарту үшін экономиканың басымдылық секторлар тізімі бекітілді, ал республиканың үкіметі әрбір жылда аталған басымдылық секторлар аясында, жеңілдік режимдегі несиелеумен, нақтылы инвестициялық нысандар тізімін бекітетін болды.

Содан соң инвестициялық құрылым саясатын жетілдіру мақсатымен 1997ж. Қазақстанда маңызды екі заң қабылданды “Тікелей инвестицияны мемлекеттік қолдау туралы” және “Сырттан қарыз алу мен сыртқы борышты басқару туралы”, сонымен бірге инвестиция бойынша ҚР-ның мемлекеттік Комитеті құрылды. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған инвестициялық саясатты жүргізу келесі түрде жүзеге асырылады:

- инвестициялық бағдарламалармен сәйкестік жасаумен;
- мемлекеттік инвестицияларды, бюджеттік ассигнацияларды және бюджеттен тыс қорларды тікелей басқарумен;
- дифференциалды пайыздық ставкалар мен жеңілдіктерді енгізумен;
- экономиканың нақтылы жағдайынан шығатын қаржылық, бағалық, содан соң несиелік саясат жүргізумен (бұрынғы “барлық әпке-қарындастарға бір-бір сырға” принципі бойынша болған аяқталмаған құрылыстың өсуімен күрделі салымдардың өлі жатуы сияқты жағдайларға жол бермеумен);
- инвестициялық жобаларды сараптауды өз деңгейінде жүргізумен.

Мемлекеттік аралық ауқымды құрылымдық-инвестициялық саясаттың басты бағыттары болып келесілер табылады:

- экономиканың мемлекеттік аралық интеграциясы (болашақта-евразиялық одақ сияқты);
- инвестициялық саясатты жасаумен оны жүзеге асыруда бірлескен еңбекті ұйымдастыру;
- нарықтық жағдайдағы шаруашылық құрылымдардағы инвестициялық қайта құру үдерісін өзара байланыстыратын келісімімен;
- жалпы қызығушылықты білдіретін бірінші кезекте дамыйтын аса болашақ жобалардың өзара өндірістік корпорациясын құру;
- тәуекелдіктен инвесторларды бірігіп қорғау (сақтандыру, кепілдер және т.б.);

- нарық жағдайында өндіріске қажетті кадрлар даярлау бойынша жұмыс жүргізіліп, оның тиімділігін арттыру және т.б.

2.2. ҚР-ның мемлекеттік инвестициялық Комитетінің негізгі шешетін мәселелері мен атқаратын қызметі

ҚР үкіметінің бекіткен инвестиция бойынша мемлекеттік Комитеті (Агенттік) туралы құжатқа сәйкес ол мемлекеттің тікелей инвестициялық саясатын жүргізетін, ынталандыратын инвестицияны тарту және пайдалану ауқымын үйлестіріп, басқаратын орталық және жеке дара орган болып табылады.

Мемлекеттік инвесткомитетінің құзырына келесідей негізгі мәселелер кіреді:

- республика экономикасындағы басымдылық секторларға жайлы инвестициялық климат құру жолында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- жаңа технологияларды, қатардағы отандық және шетелдік техника мен ноу-хауды енгізуге қолдау көрсету;
- отандық тауар өндірушілерге белсенді түрде қолдау көрсетіп, ынталандыру;
- ішкі нарықты жоғарғы сапалы тауарлармен және қызметтермен қосараластық толықтыру (қанықтыру), сонымен бірге экспортқа ортентир ұстанған және импорттың орнын басатын өндірісті дамыту;
- ҚР-ның аса бай шикізат базасын кешенді және рационалды пайдалану;
- менеджмент және маркетингтің қазіргі тәсілдерін (әдістерін) енгізуге тікелей қатысу және қолдау білдіру;
- инвестициялық сферада жаңа жұмыс орындарын құру және оларды жергілікті кадрлармен қамтамасыз етуде үзіліссіз оқытуды жүргізу жүйесін бір мезгілде енгізумен қатар, соның жағдайына пайдалануға болатындай етіп олардың біліктілігін арттыру және т.б.

Осымен қатар мемлекеттік инвесткомитет келесідей негізгі қызметтерді атқарады: инвестициялық сферадағы мемлекеттік саясатты жетілдіру және жүзеге асыру бойынша ұсыныстар жасау; экономиканың басымдылық секторлары бойынша инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды жасауға қатысу; тікелей инвестициялау есебінен қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды сараптау және зерттеуді ұйымдастырып, сонымен бірге оларды жүзеге асыру шараларына қатысу; инвестициялық климатты жақсарту мақсатында ҚР заң актілерін жетілдіру бойынша үкіметке ұсыныстар жасап, беру; ҚР шаруашылық субъектілерінің орталық және жергілікті атқарушы органдардың, дипломатиялық миссиялардың инвестициялық қызметтері бойынша жұмыстарды үйлестіру, тікелей инвестицияларды тарту және тиімді пайдалануды жүзеге асыру және т.б.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Нарықтық экономика дегеніміз не?
2. Нарықтық экономикаға көшуге қандай шаралар қолданылады?
3. Өтпелі кезеңде ҚР қолданысқа енгізілген инструкциялық-нормативтерге сипаттама беріңдер?
4. Мемлекеттің инвестициялық-құрылымдық саясатының басты мақсаты неде?
5. Инвестициялық құрылымның негізгі бағыттары қандай?
6. Инвестицияны мемлекеттік реттеу не үшін керек?
7. Инвестицияны мемлекет тарапынан реттеуге қатысты ҚР қандай заңдар қабылданып, жүзеге асырылды?

3 ТАРАУ. КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТАР, ОЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СФЕРАДАҒЫ ОРНЫ

3.1. Күрделі салымдар және бұның жұмыс істеп тұрған негізгі қорларын модернизациялау мен жаңаруындағы рөлі

Өндірістік қызметті жүргізумен қалыпты қызмет атқару үшін кез келген фирма, ұйым, компания, кәсіпорын немесе өндірістік сфераның басқа да субъектілерінің негізгі қорлары болуы керек.

Осындай қорларды құру үшін, содан соң жұмыс істеп тұрған негізгі қорларды кеңейту, реконструкциялау (қайта құру) және технологиялық қайта жарақтандыру үшін күрделі салым салу қажет болып тұрады.

Күрделі салым – бұл жұмыс істеп тұрған қорларды кеңейтуге, қайтаруға және техникалық қайта жарақтандыруға, содан соң жаңадан негізгі қор құруға жұмсалған шығындар жиынтығы болып табылады.

Экономикалық мазмұны бойынша күрделі салымдар үдемелі ұдайы өндіріс үшін басты көз болып табылады. Күрделі салымдардың ең басты рөлі оның негізгі қорлардың жаңасын құрудан байқалады және жұмыс істеп тұрғандарды жаңартудан, еңбектің энергожарақтануынан, механикалық жарақтануын арттырудан көрінеді, ал бұлар өз кезегінде еңбек өнімділігі мен мәдениетінің өсуіне жағдай жасайды. Сол сияқты күрделі салымдар экономиканы тұрақтандыруға, өнеркәсіптік - өндірістік әлеуетті өсіруге және үдемелі ұдайы өндірістің қарқынын арттыруға көмектеседі, оған қажетті жағдай жасайды.

Инвестициялық үдерісті жүзеге асырумен ұйымдастырудың барлық сатыларында күрделі салымдар экономикалық тиімділік мәселелерін шешу жағдайында да маңызды үлкен рөл атқарады.

Бұндай мәселелерді шешуде резервтер қоры күрделі салымдардың құрылымын жетілдіру үшін пайдаланып отырады.

Күрделі салым құрылымын үш түрге бөледі:

- 1) салалық;
- 2) технологиялық;
- 3) ұдайы өндірістік;

Салалық құрылым – бұл күрделі салымды экономиканың сәйкес салаларына бағыттаумен сипатталады.

Күрделі салымдардан 1-ші кезекте ел экономикасындағы басымдылық секторлардағы жетекші салалардың дамуына бағыттау кезінде прогрессивті салалақ құрылым құрылады. Осы жағдайды есепке ала отырып, экономиканың дамуын тұрақтандыру жолында, тезірек тоқыраудан шығу мақсатымен ҚР Президентінің нұсқауымен экономиканың басымдылық секторлар тізімі бекітілді, отанның және шетелдің инвесторларын 1-ші кезекте қандай бағытқа жіберілуі қажет екендігі анықталып, олардың да тізімі бекілді.

Күрделі салымдардың технологиялық құрылымы қондырғыларды сатып алуға кететін шығындар (күрделі салымның активті бөлігі), құрылыс -монтаж

жұмыстарды (күрделі салымның пассивті бөлігі) және басқа күрделі салымдарды (жобалау-зерттеу шығындары, эксплуатациялық, кадрлар даярлау, т.б), олардың арасындағы арақатынасты анықтайды. Технологиялық құрылымның тиімділік бөлігі бұл активтік бөлікке жұмсалған шығындар болып табылады, яғни аса үлкен салмағын алатын қондырғыларды сатып алуды айтамыз. Бұл фактордың маңыздылығы шаруашылықтың нарық жағдайына өту кезеңінде ерекше өзекті болып табылады.

Үйткені бұл қорларды технологиялық қайта жарактандыруға, өндірісті кеңейтуге және жаңадан негізгі қорларды қалыптастыруға алған бағыттары бар, олардың арасындағы үлестік ара қатынастары айқындалады.

Күрделі құрылыс – бұл материалдық өндіріс саласы болып табылады. Оның өнімдері: пайдалануға даярланған кәсіпорын, ғимарат, құрылғылар және басқа өндірістік пен өндірістік емес нысандарға арналған болып табылады.

Өндірістік цикл жағынан қарағанда, күрделі құрылыс – бұл жұмыс істеп тұрған негізгі қорларды техникалық қайта жарактандыру, қайта құру, кеңейту және олардың жаңарту үдерісі болып табылады.

Жалпылама сыртқы анықтамалар бойынша күрделі салым және күрделі құрылыс түсініктері бір-бірімен тығыз байланыста және ұқсастық болып келеді. Басқа сөзбен айтқанда, күрделі салымдар – бұл инвестициялық үрдісті жүзеге асыру үшін болатын қаржылық шығындар, ал күрделі құрылыстар – осы шығындарды игеру үдерісі болып табылады.

Инвестициялық қызметтегі күрделі құрылыстың рөлі мен мағынасы айтарлықтай ауқымды. Тәжірибеде шын мәнінде инвестициялық үдерісті ұйымдастырушылар мен жүзеге асырушылар күрделі құрылыспен, оның қандай да бір жағдаймен байланыстырады және өндірістік пен әлеуметтік сферадағы барлық инфрақұрылым нысандарындағы инвестициялық кезеңдердің барлығымен да байланыста болып табылады. Құрылыс циклын төрт стадияға бөлуге болады.

Нарық жағдайына өтуге дейінгі 1-ші стадияда жоспарлау процесі жүргізіліп келген болса, енді бұл стадияда инвестициялық портфельді қалыптастыру мен инвестицияланатын нысанды талдау жүзеге асырылады.

2-ші стадияда жоспарлау, сметалық баға құру, келісім-шарт немесе контракт жасау үдерістері жүргізіледі.

3-ші стадияда құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау, нысандарды аяқтап, пайдалануға оны өткізу жүзеге асырылады.

4-ші стадияда жобалық және өндіріс қуаттарын кезеңдер бойынша игеруге арналған болып табылады (өндірістік бағыттағы нысандар бойынша).

Күрделі құрылыс мәселелерін қарастырғанда, оны қаржыландыру мен несиелеуде осы екеуінің өзара байланыста болатынын ескере отырып, есеп беру кезінде инвестициялық қызметті атқаратын субъектілердің орындаған құрылыс, монтаж жұмысындағы “аяқталмаған өндіріс” пен “аяқталмаған құрылыс” түріндегі түсініктері бойынша мәселелері әртүрлі болып келетіндігін ескерген жөн.

Аяқталмаған құрылыс – бұл тапсырыс беруші қаржыландырған, яғни нақтылы орындалған жұмыс үшін төленген төлем, бірақ құрылысы аяқталмаған,

әрі пайдалануға өткізілмеген нысандар бойынша орындалған құрылыс-монтаж жұмыс көлемі. Сондықтан, бұл тапсырыс берушінің балансында тиісті есепке алынады және сол тапсырыс берушіні несиелеудің нысаны болып табылады.

Аяқталмаған өндіріс – бұл да құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалған көлемі және бұл жерде ол да аяқталмаған, әрі пайдалануға өткізілмеген нысан болып келеді және тапсырыс беруші оны толық қаржыландыра алмаған болып табылады. Сондықтан, бұл да орындаушы мердігердің балансында тиісті есепке алынады және сол мердігерлік ұйым-мекемені несиелеудің нысаны болуы мүмкін болып табылады.

Сонымен, бұл аталған екі түсініктердің экономикалық мәні бірдей, яғни екі жағдайда материалдық, еңбек және қаржы ресурстардың осы аяқталмаған өндіріс пен құрылыстың шашылған көрнісі орын алады. Басқаша айтқанда, бұл нысандарды аяқтап пайдалануға, өткізу уақыты келгенше біршама уақыт қайтарымсыз ресурстар шашылып, мұз сияқты қатып жатады, яғни өлі жағдайда болады. Сондықтан, олардың көлемі оңтайлы мөлшерде, яғни нормативтік шамада болуға тиісті.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаудың негізгі тәсілі болып мердігерлік тәсіл өскенде де және қазіргі кезде де сол бір тәсіл болып табылады.

Мердігерлік келісім-шарт негізінде мамандырылған ұйымдармен құрылыс-монтаж жұмыстардың орындалуы мердігерлік тәсілі деп аталынады. Бұл тәсіл бойынша құрылыс жіргізуде бұған жарлық беруші де оның қаржыландыру көздеріде тапсырыс беруші болады. Мемлекеттің секторларындағы нысандардың мердігерлік ұйымы мен тапсырыс берушілердің арасындағы қарым-қатынас ҚР министірлер Комитеті бекіткен мердігерлік келісім-шарт туралы Ережесі мен құрылысты қаржыландыру және несиелеу Ережелерімен реттелінеді. Осы ережелерде құрылысқа қатысушы жақтардың құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері қарастырылған. Заңды тұлғалардың құрамына қарай (инвестициялық субъектілері) және құрылыс-монтаж жұмыстарының сипатына байланысты мердігерлік келісімнің мынадай түрлері жасалынады: басты (генеральды) келісім, қосымша келісім, жылдық келісім-шарт, субмердігерлік келісім, тікелей келісім шарт.

Басты келісім-шарт құрылыстың барлық мерзіміне арналған жоба-сметалық құжатта көрсетілген барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға жасалынады.

Қосымша келісім басты келісімде қарастырылған кейбір көрсеткіштерді толықтыру және дәлірек анықтауды қажет ететін жағдайлар үшін жасалынады. Егер құрылыстың басталуы мен аяқталуы бір жылдың ішінде болса, онда құрылыс жүргізу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту мақсатында жекеленген цехтар мен ғимараттарды қайта құруды жүргізу үшін әдетте жылдық келісім-шарт жасалынады.

Басты келісім-шартпен қаралған арнаулы құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау үшін бас мердігер субмердігерлік келісім жасау арқылы мамандандырылған мердігерлік ұйымды тартуы мүмкін.

Тапсырыс берушінің монтаждаушы мамандандырылған ұйымдармен, фирмалармен, қондырғылармен, жабдықтаушылармен тікелей келісім-шартқа тұруға құқысы бар.

Нарық жағдайындағы шаруашылықтар тапсырыс берушімен мердігерлер арасындағы қарым-қатынас, әсіресе жеке секторлармен басты реттеушінің арасында бұл қатынас техникалық, сейсмологиялық, экономикалық және басқадай нормативтерді сақтау үшін жасалған келісім - шарт анықталады.

Нарық жағдайында құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде қолданылатын мердігерлік тәсілде құрылымдық-ұйымдық және функционалдық аспектілерде болған үлкен өзгерістер ескерілгенді.

Бұрынғы үлкен-үлкен министрліктің, главкалар мен трестердің орнына нарыққа бағыт ұстанған мамандандырылған акционерлік қоғамдар, компаниялар, ассоциациялар, фирмалар және т.б. құрылды. Өзін-өзі аяқталмаған үш-төрт сатылы құрылыс үдерісін басқару енді жоқ, көптеген жоспарлық және есеп-беру көрсеткіштері де жойылған.

Орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары үшін есеп айырысу жаңа нарықтық қатынаста жасалынған мердігерлік келісім немесе оған сәйкес келісімдік баға бойынша жүргізіледі. Бұл жерде жасалынған келісім - шарттын маңызды және ажырамас бөлігі болып төлем кестесі мен құрылыс-монтаж жұмысын орындау кестесі табылады.

Нарықтық қатынастар жағдайында тұрғызылатын нысандар толық аяқталғанға дейін аралық акт (ф.№2) және анықтама (ф.№3) жасалынбайды (тапсырыс беруші мен қаржыландыратын банк үшін), бірақ ішкі есепті жүргізу статоргандар мен салық қызметіне көрсету үшін мердігер оларды жасауға тиісті.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Негізгі қорлар дегеніміз не?
2. Күрделі салымдар мен олардың инвестициялық сферада алатын орындарына сипаттама беріңдер.
3. Негізгі қорларды реконструкциялау және технологиялық қайта құрудың мәні мен маңызы неде?
4. Күрделі салымдардың түрлері қандай және олар неге арналған?
5. Күрделі құрылыс пен оның стадияларына түсінік беріңдер.
6. Неліктен аяқталмаған құрылыс пен өндіріс пайда болады?
7. Мердігерлік келісім-шарт не үшін жасалынады?
8. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізгенде кемшіліктер жіберілуі мүмкін бе?

4 ТАРАУ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Инвестициялық қызметті қаржыландыру көздерін табу мен қалыптастыру мәселелері нарық жағдайына көшуге дейін де және қазіргі кезеңде де аса маңызды, актуальды мәселе болып табылады.

Бұл жерде айта кететін нәрсе, бұл қосымша өнімнің (құнның) бір бөлігі өндірісті әрі қарай дамытуға бағытталуы, яғни үдемелі ұдайы өндірісті қамтамасыз ету. Бұған, ұлттық табысты таза өнімді өсірудің негізінде ішкі қорлану ауқымын ұлғайту үшін пайдаланған қажет болып табылады.

Қайта құру кезеңіне дейін бұл мәселелерді орталықтан әкімшілік-директивті әдістемелерін, сұраныс пен ұсыныс арасындағы нақтылы қатынастарды есепке алмай, шешуге тырысып келді. Бұл жағдай инвестицияның экономикалық тиімділігінің төмендеуіне әкеп соқтырды, соның нәтижесінде құрылыс жүріп жатқан нысандарды пайдалануға беру өз мерзімінде жүргізілмеді, аяқталмаған құрылыстың көлемі өсті, отандық және шетелден әкелінген, бірақ орнатылмаған қондырғылар бөлшектерінің нормативтен жоғарғы қалдықтары қалыптасып ұлғайды және бұның басқадай негативтік салдарлары орын алды.

Қазіргі кезеңде инвестициялық үдеріс біздің елімізде күрделі салым түріндегі артықшылықпен жүзеге асырылады, ал жинақталған қорлану қоры бұл мақсатқа алғашқы табыс ретінде пайдаланылады. Сонымен бірге, күрделі салым бойынша шығындарды қаржыландыруға амортизациялық аударым арқылы қалыптасатын қорының бір бөлігі де бағытталады.

ҚР территориясында инвестицияны қаржыландырудың негізгі көздері келесілер:

1) шаруашылық субъектілердің – инвесторлардың меншікті қаржылары (пайда, амортизациялық аударым, заңды және жеке тұлғалардың жинақтаған және қорланған ақша-қаражаттары, т.б.);

2) мемлекеттік бюджеттен бөлінген инвестициялық ассигнациялар (республикалық және жергілікті бюджеттерден);

3) бюджеттен тыс қорлар;

4) инвесторлардың қарызға алған қаржылары (несие ресурстары);

5) шетелдік инвестициялар (оның ішінде басымдылығы – тікелей инвестициялау);

Инвестицияны қаржыландыруда меншікті қаржының негізгі үлес салмағын пайда мен амортизациялық аударымдар құрайды.

Шаруашылық субъектілердің таза табысының ең бастысы пайда болып табылады. Ол қосымша өнімнің құнынан тұрады. Пайданың шамасы түсімнен түскен ақшаның бір бөлігі ретіндегі көрінісінен тұрады және өнімді (жұмысты, қызметті) инвестициялық жобадағы сату бағасы мен толық өзіндік құн арасындағы айырма арқылы анықталады. Сонымен пайда инвестициялық жобаға қатысушылардың компаниялық қызметті нәтижесінің жалпылама жинақтаушы көрсеткіші бола отырып, олардың (инвесторлардың) қаржылық ресурстарын қалыптастыру көзінің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады.

Қолданыстағы заң актілері бойынша бюджетке пайдадан алынатын салықтарды және басқадай төлемдерді төлеген соң, шаруашылық субъектілерінде таза пайда қалады, ал одан оның белгілі бір бөлігі инвестициялық жобаны (қызметті) қаржыландыруға берілуі мүмкін.

Пайдадан кейінгі кәсіпорынның меншікті қаржы құрамының ішінен инвестицияны қаржыландырудың үлкен, аса ірі көзі болып табылатын, бұл қордың құрамдас бөлігі амортизациялық аударым. Орын толтыру қоры бағасы біртұтас жиынтық қоғамдық өнімнің бір бөлігі болғандықтан, оны өндіріс барысындағы пайдаланылған негізгі және айналым капиталының орнын толтыруға қолданады.

Қазіргі кезеңде кәсіпорынның негізгі капиталының орнын толтыру жоғарғы нарықтық бәсеке мен ғылыми-техникалық прогрестің бір қалыпты даму жағдайында жүргізіліп отыр. Сондықтан жаңадан жасалынған активті негізгі қорлар (машиналар мен қондырғылар) аса жоғарғы еңбек өнімділігін қамтамасыз етеді. Бұл қуаттылықтың бір өлшемін жұмсалатын күрделі шығындарды төмендетудің алғы шарты болып табылады.

Жоғарыда айтылған екі басты құрамдас бөлігінен басқа инвестициялық қызметті қаржыландырудың меншікті қаржы көзіне “басқалары” деп аталатын: а) уақытша тұрғызылған үйлер мен ғимараттарды бұзудан қайтарылатын табыс-түсімдер (сату, т.б.); б) жолайғы (бірге қосымша) өндірілген өнімді сатудан түскен түсімдер; в) шаруашылық әдіспен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудегі өзіндік құнды төмендету арқылы түскен үнем (экономия); г) ішкі ресурстарды іске қосу (мобилизациялау).

Соңғы көзі, яғни ішкі ресурстарды іске қосу инвестор өз еркімен мына формула бойынша есептейді:

$$I_{ржм} = (AAQ_1 - AAQ_2) - (KKQ_1 - KKQ_2);$$

Бұл жерде – $I_{ржм}$ = ішкі ресурстарды іске қосу мөлшері;

AAQ_1 және AAQ_2 - алдағы жылдық басы мен аяғындағы айналым активтерінің қалдықтары;

KKQ_1 және KKQ_2 - осы уақыт аралығындағы несиелік қарыздардың қалдықтары.

Қазіргі нарықтық жағдайда әртүрлі меншік формасындағы фирмалар, компаниялар, кәсіпорындар инвестициялық бағдарламаларды өз еркі бойынша жасайды және оларды жүзеге асыруды қаржылық ресурстармен сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Өткен кезеңнен бұның айырмашылығы, мында инвестицияны қаржыландыру жоспары шаруашылық субъектісі үшін директивті құжат емес, бұл оның алдағы жылдағы қаржылық мүмкіншілігін анықтау стратегиясы болып табылады.

Бұл жерде атап айтатын нәрсе, тең болған жағдайда заңды және жеке тұлғалардың ішкі қаржы көздерін (резервтер мен жинақтарын) пайдалану отандық экономиканы дамыту үшін аса жайлы, жағымды көздер болып табылады. Мемлекеттік пен қоғам тұтастай бұл жерде екі есе пайда алады: 1-шіден, ішкі қаржыларды пайдалану сыртқы қызмет үшін төлемді талап етпейді; 2-шіден пайдаланылатын қаржыларға пайыздық есептеуді жүргізу қоғамның әл-ауқатының деңгейін көтереді. Бұл жағдайда отандық өндірушілер (қарызгер)

өздерінің экономикалық қызығушылығы арқылы қарыз берушілерді таңдауда өзінің толық еркіндігін қолдана отырып, шаруашылығының нарықтық стратегиясын өз еркімен анықтайды, және нарық жағдайында қалай жұмыс жүргізу керек екендігінің мүмкіншілігінің барын өзі білінеді.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Инвестициялық қызметті қаржыландыру не үшін қажет?
2. Амортизациялық аударым дегеніміз не?
3. Инвестицияны қаржыландырудың негізгі қандай көздерін білесіңдер?
4. Шаруашылықтың табысы мен пайдасын қалай түсінесіңдер, олар қалай анықталады?
5. Ішкі ресурстар дегеніміз не, оларға не жатады және іске қалай қосылады?
6. Қаржылық мүмкіншілікті анықтау стратегиясы не үшін керек?
7. Отандық экономиканы дамытуда ішкі қаржы ресурстарын пайдаланудың жолдары қандай?

5 ТАРАУ. ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

- *Критерилер мен көрсеткіштер*
- *Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері*
- *Инвестицияның тиімділігін жіктеу*

5.1. Критерилер мен көрсеткіштер

Нарыққа өту кезеңінде әсіресе нарықтық жағдайда инвестицияның экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін пайдалану, теория мен практикада оларды анықтап отыру үлкен рөл атқарады. Олардың негізінде инвестицияны пайдаланудан болған шығындардан экономикалық тиімділікті алудың критерилері жатады.

Бұрынғы жоспарлы экономика жағдайында, “Күрделі салымның экономикалық тиімділігін анықтаудың типтік әдістемесін” қабылдағанға дейін, бізге белгілі, бұндай салым тиімділігі өнімнің өзіндік құнын төмендету есебінен алынған үнемнің шығандарға қатынасымен сипатталған және келесі формуламен есептелінген:

$$T_{кc} = (\Theta Q_1 - \Theta Q_2) : ККС, \text{ бұл жерде,}$$

$T_{кc}$ – күрделі салым тиімділігінің көрсеткіші;

ΘQ_1 - күрделі салымды салғанға дейінгі жылдық өнімнің өзіндік құны;

ΘQ_2 – күрделі салымды салғаннан кейін жылдық өнімнің толық өзіндік құны;

ККС – қосымша күрделі салымдар.

Халықшаруашылығы бойынша күрделі салымның экономикалық тиімділігінің жалпылама (абсолюттік) көрсеткіші мына формуламен есептелінеді:

$$Э_{кc} = АД : К, \text{ бұл жерде :}$$

$Э_{кc}$ – күрделі салымның экономикалық тиімділігінің жалпылама (абсолюттік) көрсеткіші;

АД – салыстырмалы бағадағы жылдық ұлттық табыс көлемінің өсу қарқыны;

К – ұлттық табыстың өсу қарқынын қамтамасыз еткен күрделі салым.

Бұл көрсеткіштің өткен формуладан айырмашылығы экономикалық тиімділіктің барлық негізгі түрлерін жинақтап көрсетеді, атап айтқанда: өзіндік құнның төмендеуін, сапаның жоғарлауын және өнімнің ұлғайып өсуін де сипаттайды.

Инвестицияны ауқымды пайдалану өткен кезеңде болсын, сол сияқты жаңа нарықтық жағдайда болсын шаруашылық жүргізуде инвестицияның салыстырмалы экономикалық тиімділігінің көрсеткішін қодану аса өзекті болып табылады. Ол келесі формула мен анықталады:

$$\Theta Q_i + E_n + K_i, \text{ бұл жерде:}$$

ΘQ_i – варианттар бойынша ағымдағы шығындар (өзіндік құн);

E_n – инвестицияның салыстырмалы экономикалық тиімділігінің нормативтік коэффициенті;

K_i – варианттар бойынша күрделі салым мөлшері (ΘK_i –ге сәйкес.)

Бұл формула бойынша барлық қарастырылған варианттар ішінен нәтижесі минимальді (ең азы) болғаны жақсы болып табылады, яғни шыққан шығын сомасының ең азы болғаны дұрыс.

Көрсетілген шығындарды мына формула бойынша есептеп шығаруға болады:

$K_i + T_n + C_i$, бұл жерде:

T_n – инвестициялық шығындар қайтарымдылығының нормативтік мерзімі, ал қалған көрсеткіштері жоғарыда келтірілген формулада көрсетілген.

Инвестициялық жоба тиімділігінің жалпылама негізгі критерилері ең көп пайда, еңбек шығынының ең азы, мақсатқа жетудегі ең аз уақыт, өнім сапасы және басқа көрсеткіштердің болулары мүмкін. Бұл критерилер басты аспектілерді пайдалану жағдайын көрсету мен бейнелеуге қажетті және бұған оларды қатыстыру тиісті болып табылады. Көптігіне қарамастан, оларды мынадай негізгі 4-топтауға біріктіруге болады:

- 1) қаржы – экономикалық;
- 2) ресурстық;
- 3) нормативтік;
- 4) басқалары.

Қаржы-экономикалық топтамаға: инвестициялық жобаның бағасы, таза ағымдық баға, пайда, рентабельдігі (инвестициялық қайтарым), қайтарымдылық мерзімі және басқалары.

Нормативтік өлшем өзіне мыналарды біріктіреді: құқықтық критерияны (ұлттық және халықаралық құқық нормалары), қолданыстағы стандарттар талаптары, патенттік қабілеттілік және басқада жағдайлар мен интеллектуальды меншік құқығын сақтау. Бұл аталғандардың біреуін сақтамау қандай да тиімді жобаның орындалмауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Ресурстық өлшем, бұл сәйкес біліктілігі мен профилі бар адамдар ресурстық потенциал, ғылыми-техникалық бастама, өндірістік ресурстар (сәйкес қуаттылық, қондырғылар, материалдар), технологиялық варианттар, көлемдер және қаржылық ресурстар.

Басқадай өлшемдерге: жобалауды аяқтаудың мерзімдік болжамы, нарыққа шығу және онда орнығу, инвестицияның белгіленген қайтарымдылығы мен рентабельділігіне жету жолдары.

Инвестициялық жобаларды бағалау кезінде елдегі саяси және әлеуметтік жағдайларды есепке алу қажет және олардың өзгеруінде (мүмкін болатын) өзгерістерді ескеру керек.

5.2. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері

Инвестициялық жобалаудың тиімділігін бағалау әдістері түрлі шаралар мен нысандарға ұзақ мерзімге капитал салымын жасаудың, әрі олардың

қайтарымдылық болашағы мен пайдалық жеткіліктілігін бағалау мақсатында, осылардың тиімділігін анықтау жолдары болып табылады.

Инвестициялық жобалардың альтернативті варианттарын қарастыра отырып, оның ішінен ең жақсысын таңдап алу үшін тыңғылықты талдауды қажет етеді.

Инвестициялық жобаларды бағалау өлшемі мен әдістерін талдау кезінде осы жобаның ерекшелігін, ондағы көрсетілген инновацияны, саланың түрін (типін) және қарастырылып отырған жобаға оң немесе теріс әсерін тигізетін басқада факторларды ескеру қажет болып табылады.

Шетелде де, қазір біздің елімізде де аса жиі қолданылатын 5 негізгі әдістер бар, оларды шартты түрде 2 топқа біріктіруге болады. Оның 1-ші тобына дисконттық концепция қодануға негізделген екі әдістеме кіреді: 1) таза ағымдық бағаны анықтау әдісі; 2) инвестиция рентабельділігі мен пайданың ішкі нормасын есептеу әдісі. 2-ші топтамаға 3 әдістемелер енеді, яғни дисконттық концепцияны қолдануды қарастырмайтын қарапайым немесе дәстүрлі деп аталатын әдістер: 1) қайтарымдылық мерзімін есептеу әдісі; 2) пайданың орташа (есептік, жобалық немесе жылдық) нормасын есептеу әдісі, кейбір кездерде оны инвестицияның бухгалтерлік тиімділігін (рентабельділігін) анықтау әдісі деп те атайды; 3) зиянсыздық нүктесін табу әдісі болып табылады.

5.3. Инвестицияның тиімділігін жіктеу

Шаруашылықтың нарықтық жағдайында көбінде тәжірибеде жіктеу бойынша инвестиция тиімділігін үш түрге бөледі: 1) экономикалық; 2) коммерциялық; 3) бюджеттік. Осылардың қысқаша мазмұнына тоқталып өтейік.

Экономикалық тиімділіктің бұл түрі инвестициялық үдерісті ұйымдастырумен жүзеге асыруда болатын шығындарымен нәтижесі есепке алынады. Бұл жерде тиімділік көрсеткіштері нақтылы инвестициялық жобаға қатысушылардың қызығу шегінен тысқа шығып, оны қаржылық бағалауды қажет етеді. Мысалы, әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқадай сипаттардағы шығындарға құндық баға беруге болады және экономикалық тиімділікке сәйкес деңгейінде бұны қосымша көрсеткіш түрінде қарастырып, инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша және мемлекет тарапынан қолдау көрсету туралы шешім қабылдау үдерісінде ескеру қажет. Экономикалық тиімділік көрсеткіштерінде инвестициялық үдерісті ұйымдастырумен жүзеге асыруға қатысушылардың әрбірінің және бүтіндей қоғам қызығушылықтары көрініс табуға тиіс.

Бүкіл әлемдік банктік экономикалық даму Институтының тізбектілігі бойынша инвестициялық жобаны экономикалық талдау барлық басқадай талдау түрлерінің аяқталуы сатысында қарастырылады. Бұл кездейсоқ жағдай емес, себебі экономикалық бағалау барлық басқа бағалау түрлерінің нәтижесін

есептеп, жинақталынған қортынды түрі болып табылады (техникалық, коммерциялық, қаржылық, әлеуметтік, т.б бағалаулар).

Қаржылық шығындар мен инвестициялық жобаны жүзеге асырудан болатын, оның табыстылық нормасын қамтамасыз ететін нәтижелер арасындағы қатынаспен анықталатын тиімділікті **комерциялық тиімділік деп атайды**. Комерциялық тиімділікті есептеу бүтіндей инвестициялық жоба бойынша жүргізіледі. Сол сияқты әркімнің, осы жобаға салған салымдық үлестерін ескере отырып, әрбір қатысушылар бойынша да осындай есептеу жүргізіледі.

Бюджеттің тиімділік көрсеткіштеріне қатысты айтқан кезде, олардың инвестициялық жобаны жүзеге асырудағы нәтижелері, яғни республикалық және жергілікті бюджеттердің табыстары мен шығындары өздерінің көрінісін табулары керек. Қарастырылып отырған жобаны қаржылық қолдауды негіздеу кезінде қоданылатын тиімділіктің бұл түріндегі негізгі көрсеткіш келесідей формуламен анықталатын бюджеттік тиімділік (эффeкт) болып саналады:

$BЭt = Dt - Pt$, бұл жерде:

$BЭt$ – сәйкес кезеңдегі (t) бюджеттік эффeкт;

Dt – t кезеңіндегі табыс шамасы;

Pt – t жылдағы шығындар.

Бюджеттің тиімділік көрсеткішінің табыс жағын (Dt) есептеу кезінде, оған осы инвестициялық жобаны жүзеге асыруға жатқызылатын сәйкес бюджет түсімдерін қосу қажет болып табылады. Мұндай түсімдерге жерді, суды және басқа табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдер, барлау жұмыстарындағы тендерлік шараларды лицензиялаудан түсетін табыстар, құрылысты жобалау мен нысандарды пайдалануға беруден алатын табыстар, содан соң мемлекетке жататын және осы жобаны қаржыландыру мақсатымен арнаулы шығарылған құнды қағаздар бойынша төленетін дивиденттер, салықтық және ренталық төлемдік түсімдер, кедендік пошлиналар, өндірген өнім бойынша алынатын акциздер және т.б. жатады.

Шығыс бөлігінің құрамына (Pt) осы жобаны тікелей қаржыландыруға бюджеттен бөлінген қаржылар, нарықтық бағаға үстемелер, бюджет есебінен орны толтыратын қарыз қаржылар (несиелер), бекітілген тәртіп бойынша бюджеттен тыс төлемдердің қосылуыда тиісті болып саналады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Күрделі салымның тиімділігін анықтайтын көрсеткіштердің формуласы қандай?
2. Инвестициялық жобаны бағалау не үшін керек?
3. Нормативтік бағалауды не үшін қолданады?
4. Инвестициялық жобаны жасағанда және бағалағанда қандай әдістер қолданылады?
5. Инвестицияның тиімділігін жіктеу не үшін жүргізіледі?
6. Комерциялық тиімділіктің мазмұнын көрсетіңіз.

7. Бюджеттік тиімділіктің ерекшелігі мен анықтау жолына түсінік бер.

6 ТАРАУ. НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- *Инвестициялық үдеріске қаржы берудің негізгі әдістері*
- *Еркін экономикалық аймақтағы инвестицияны қаржыландыру*

6.1. Инвестициялық үдеріске қаржы берудің негізгі әдістері

Инвестициялық үдерісті қаржылық қамтамасыз ету жүйесі инвестициялық қызметті қаржыландыру көздерімен және инвестициялау әдістерін бір-бірімен байланыста жүргізу қажет болып табылады. Инвестициялық үдерісте қаржы берудің негізгі әдістеріне бюджеттік, қор түріндегі, несиелік, өзін-өзі қаржыландыру, аралас әдістер жатады.

Қаржыландыру әдістері экономиканың нақтылы даму жағдайына тәуелді болып келеді, осыдан олар ел тарихының әртүрлі сатыларында әртүрлі қалыптасады. Мысалы, 60-шы жылдардың ортасына дейін инвестициялық сфераның қаржыландырудың негізгі көзі мемлекеттік бюджеттен қайтарымсыз түрде берілетін ақша қаржылары болып келді (бюджеттік ассигнация). 1966 жылдан 1989 жылға дейін айтарлықтай мөлшерде өндірісті дамыту қоры пайдаланылады, ал одан кейін орталықтандырылмаған күрделі салым деп аталатын жоспардан жоғарыда көрсетілгендей ғылым мен техниканы және өндірісті дамыту қоры пайдаланылды.

Инвестицияны қаржыландырудың бюджеттік (қайтарымсыздық) әдісі сол кездегі экономикалық жағдайда барлық мемлекеттік кәсіпорындар үшін, олардың қаржылық жағдайына тәуелсіз негізгі қорларын құруды қамтамасыз етті. Сонымен бірге, бұл әдіс бөлінген қаржыларды рационалды пайдалануда шаруашылық субъектілердің материалдық қызығушылығының болмауын, оның теріс жақтарын көрсетіп берді, себебі қаржыларды мемлекет тегін және қайтарымсыз беріп отырды.

Нарық жағдайына дейін бұрынғы КСРО- да, оның ішінде Қазақстанда да жүргізілген көптеген эксперименттер нәтижесі бойынша теория дәлелденіп, тәжірибеде бекімін тапқан инвестициялық үдеріске қаржы берудің несиелік әдісі өзгертіліп, оның үлкен артықшылықтары айқындалды. Бұл артықшылықтар, алдымен осы әдісте бірқатар позитивті-ынталандыру факторлардың болуына байланысты болды, яғни авансталған ақша қаржыларын өз уақытында қайтарудағы инвестициялық қызмет субъектілерінің міндеттемелері, алынған несие үшін белгіленген пайыздық ставка бойынша төлемдері, уақытында қайтарылмаған жағдайдағы несие үшін берілетін жоғарғы төлемдері, айып өсімі мен тұрақсыздық айыбы және несие келісім-шартын бұзғаны үшін басқадай айыптық санкциялар.

Реформаны жүргізе бастаған жағдайда инвестицияны қаржыландырудың келесі формалары мен жолдары кеңінен тарала бастады:

- 1) акцияны сатып алуға ақша қаржыларын салым жолымен болатын акционерлік инвестициялау;
- 2) лизинг, яғни жалға берушінің меншік құқығын сақтау кезіндегі мүлікті ұзақ мерзімге жалға беру арқылы инвестицияны қаржыландыру әдісі (машина, қондырғылар мен көлік және басқа құралдарды орта – және ұзақ мерзімге жалға беру);
- 3) ипотека, бұл жерде жылжымайтын мүліктерді кепілге беру түрі (жерді, кәсіпорынды, ғимараттарды және жермен байланысты басқада нысандарды), яғни қарызға ақша қаржыларын алу мақсатымен және т.б.

6.2. Еркін экономикалық аймақтағы инвестицияны қаржыландыру

Қайта құру жағдайында кең ауқымдағы нарықтық экономикаға өту уақытында бұрынғы кеңестік елдердің экономикасын, оның ішінде Қазақстанның да, интеграциялаудың үлкен мағынасы бар. Осы мақсатта еркін экономикалық аймақ немесе еркін кәсіпкерлік аймақтар құру өте маңызды. Олар жергілікті басқару органдардың бастамасы бойынша ҚР Үкіметінің шешімімен еркін экономикалық аймақтық шаруашылық-қаржылық қызметі негізінен өзін-өзі қаржыландыру мен қайтарымдылық принципімен жүргізілуге тиісті. Бұл жерде ЕЭА өзін-өзі толықтай қайтарымдылығы 5 -7 жыл мерзімінде ерте шығуымен шектелмейді. Бұл мерзім ағымында негізгі инвестиция өндірістік инфрақұрылымға және базалық әлеуметін салу, бұл үдерісті әрі жүргізуге тиісті, осыған қатысты аймақ қызметінің экономикалық механизмін жасау қажетті болып табылады.

Бастапқы кезеңде ЕЭА қаржыландыру тікелей инвестициялау түрінде бюджеттен тыс қорлардан және мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілуі мүмкін. Мемлекет үшін басымдылық болып табылатын (көлік, байланыс және т.б.) әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардағы осы нысандарды құру маңызды болып табылады, содан соң экспорттық өнім шығару бойынша нысандарды да құру қажет деп есептеледі. Бұл қаржыландыру ЕЭА негізгі қорларды құруда мемлекеттің үлестік қатысу есебінде деп қарастырылды.

ЕЭА қалыптастыру сатысы аяқталған соң, бұған берілген салымдарды бюджетке біртіндеп қайтару механизмі орнатылды. Сол сияқты, инвестицияны қаржыландыру үшін отандық және шетелдік ЕЭА орналасқан біріккен кәсіпорындардың меншікті қаржыларының тартылуы мүмкін деп есептелінеді.

Осыдан ЕЭА инвестицияны қаржыландырудың айтарлықтай көздері ішкі және сыртқы несиелік ресурстардан тұрады.

Елде жүргізіліп жатқан қаржы-неселік саясат ЕЭА қызметіндегі мақсатты бағыттарды реттеудің тиімді құралы болып нарықтық қайта құруды енгізу мен тереңдету кезеңінде айрықша орын алып, маңызды рөл атқарады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Инвестицияны қаржыландыру не үшін қажет?
2. Инвестицияны қаржыландырудың қандай түрлері бар?
3. Инвестицияны қаржыландырудың бюджеттік әдісінің ерекшелігі неде?
4. Лизинг пен ипотека туралы түсінік беріңіз.
5. Еркін экономикалық аймақты орнату жағдайы туралы не білесіздер?
6. Еркін экономикалық аймақтың инвестициясын қаржыландыруда сыртқы несиелік ресурстар тартыла ма?
7. Еркін экономикалық аймақты дамытудың мақсатына қол жеткізуде қаржы-несие саясаты қандай роль атқарады?

7 ТАРАУ. НЕСИЕЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СФЕРАДА НЕСИЕЛЕНДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- Банктің несие саясаты
- Несие алуға өтінішті және құжаттар пакетін қарастыру
- Қарызгердің несие қабілеттілігін зерттеу

7.1. Банктің несие саясаты

Нарық жағдайында кез-келген банктің ұзақ болашақ тұрақтылығы мен өтімділігі көбінесе оның несиелік саясатына тәуелді болып келеді.

Банктің несие саясатының мәні, оның ресурстарды шоғырландырудағы стратегиялық және тактикалық тәсілдері мен қарыз алушыларға несие берумен сипатталады. Бүгін банкті басқару бұрынғы қатаң орталықтандырылған жүйеден өзгеше, әрбір банк нарық жағдайында жалпы саясаттық, экономикалық, ұйымдық және басқада факторларды есепке ала отырып, өзінің меншікті несиелік саясатын қалыптастырады.

Банк несие саясатын қалыптастыру кезінде, алдымен өзінің пайда-табысының негізгі бөлігі болып табылатын қарыз беру операциялардан оның құралатындығын ескереді.

Банктік несие портфелін қалыптастыруға әсерін тигізетін факторлардың ішінен банктік қызмет көрсету нарығының ерекшелігін бөлектеп шығарыды, яғни әрбір банк негізгі клиенттердің немесе таңдап алған нарық секторының несиелік қаржыларға қажеттілігін есепке алуға тиісті. Сонымен бірге, банктің несиелік портфель құрылымы оның капиталының мөлшеріне тәуелді болып келеді. Осы басты көрсеткішке, яғни банк капиталының дәл шамасына байланысты бір қарыз алушыға берілетін несие сомасының шегі анықталады.

Кез-келген банктің несие саясатының мазмұнының анық және толық жазылуына аса маңызды мағына беріледі. Өткені бұл, банкаралық бәсекенің өршіп тұрған, нарық экономикасының тереңдей түсіп тұрған сатысында аса актуальды (өзекті) болып табылады. Банктің қалыптастырып жатқан несие саясатында несиелендірудің барлық негізгі процедуралары мен осы процедураға қатысты банк қызметкерлерінің атқаратын міндеттерінің мазмұны айқын көрсетілуі керек.

Несиелік саясаттың тәртіптерін қатаң сақтау бұл банктік қызметте алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге жол ашатын несие портфелін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мақсаттар банк пайдасын алуда, тәуекелдік жағдайды басқарудағы бақылау, инвестиция және банктік қызмет ауқымында қолданыстағы заңдарды сақтаумен байланысты болып табылады.

Банктерде несие үшін жалпы жауапкершілік директоратқа (директорлар кеңесіне) жүктеледі және олардың несие саясатын жасайды.

Несиелік саясат әртүрлі аталумен арнаулы құжатта қалыптастырады. Мысалы, АҚШ банктерінде, бірқатар еуропалық елдерде және біздің еліміздегі ірі инвестициялық бұрыңғы “Эксимбанк Қазақстан” банкісінде бұл құжат несиелік саясат туралы меморандум деп аталады және мәні бойынша банк қызметінің барлығын анықтайтын (оның жарғысы мен құрылтай келісім-шартымен қатар) және бірден-бір негізгі алынатын құжат болып табылады. Бұл құжат, шетелде де және бізде де бес бөлімдер мен сәйкес бөлімшелерден тұрады. Несиелік саясат меморандумының шарттық құрылымы мынандай болып келеді:

1. Жалпы жағдай

- 1.1. Банк несие саясатының мәселелері мен мақсаттары.
- 1.2. Несие саясатын жүзеге асыру механизімі (тетігі).
- 1.3. Несие саясатындағы өзгерістер.

2. Несие саясатының принциптері мен басымдықтары

- 2.1. Несие саясатының негізгі принциптері.
- 2.2. Несие саясатының басымдықтары.
- 2.3. Несие саясатының географиялық басымдықтары.
- 2.4. Сыртқы несие ресурстарын тарту және пайдалану.
- 2.5. Ішкі несие ресурстарын бөлу-бөлісу.
- 2.6. Банк клиенттерін таңдау.

3. Несие саясатының параметрлері

- 3.1. Несиелерді шоғырландыру және бір қарыз алушыға берілетін несие мөлшері бойынша шектеулер.
- 3.2. Жарияланған капитал мен резервтер сомасына қатынасы бойынша несие портфелін шектеу.
- 3.3. Банк – қарызгердің қаржылық жағдайына ең аз талап қою (ішкі банк несиелер бойынша).
- 3.4. Кәсіпорын – қарызгердің қаржылық жағдайына минимум талаптар қою.
- 3.5. Несие бағасын анықтау.

4. Несиелік шешімдер қабылдау

- 4.1. Несие ұсыныстарын бағалау процедурасы.
- 4.2. Несие өкілеттілігі.
- 4.3. Несие құжаттарын даярлау.
- 4.4. Несие қамтамасыздығы.

5. Несиелерді басқару

- 5.1. Жобаны жүзеге асыруды бақылау.
- 5.2. Несие портфелін талдау және несиелерді жітеу.
- 5.3. Несиелеуден туындайтын мәселелермен жұмыс істеу.
- 5.4. Провизиялар.
- 5.5. Ішкі аудит.

Несиелік саясат меморандум мазмұны жалпы бағыттар мен ұсыныстарды ғана көрсетеді, бірақ тәжірибелі банк қызметкерлерінің бастамасын байлап тастауға тиісті емес. Қай уақытта болмасын рациональдық шаралар, эксперименттер, отандық және шетелдік прогресивті тәжірибелер пайдаланып, осының негізінде несие саясат меморандумының жалпы талаптары толықтырылып отыруы тиіс.

Несиелік саясат несие берудің негізгі тәртібі мен жағдайын, содан соң несие беру мүмкіндігі туралы материалдарды даярлау кезінде банк қызметкерлері басшылыққа алатын стандарттар мен параметрлерді анықтау керек.

Банктің күнделікті жұмыс істеу тәжірибесінде оның несие саясатын жүзеге асыру жолында талдауды жүйелі түрде жүргізу қолданылады, яғни оның ішінде қамтылады несиелік портфель құрылымын талдау, берілген несиелерді жіктеу, оларды мақсатты пайдалану және уақытылы қайтару мүмкінділігі, мәселе тудыратын несиелерді мониторингтеу және т.б.

7.2. Несие алуға өтінішті және құжаттар пакетін қарастыру

Банктік несиелендіру үдерісі негізгі 4 кезеңнен тұрады:

- 1) несиелік өтінішті, оған қоса жүретін қажетті құжаттар пакетін қарау және қарыз алушымен пікірлесу;
- 2) қарыз алушының несие қабілеттілігін зерттеу;
- 3) несиелік келісім-шартты даярлау, қарау және қорытынды түйіндеме беру;
- 4) несиелік мониторинг.

Сұратылып отырған инвестициялық несиеге қажетті құжаттар пакеті құрамында несиелік өтініш банкке тапсырылады (бұл пакетпен банк клиентті алдын-ала таныстырады).

Пакет ішінде мынадай негізгі құжаттар болады:

- 1) қарыз алушының құрылтай құжаттарының нотариальды куәландырылған көшірмесі;
- 2) соңғы 3 жылдағы толық баланстық көрсеткіштермен қаржылық есеп (пайда, зияндар, активтер құрылымы, капитал, міндеттемелер және т.б.);
- 3) қорлар қозғалысы түрлі статьяларының өзгерістерін көрсетілуімен т.б., кассалық түсімдер қозғалысы туралы есеп;
- 4) өте толық бөлшектенумен ішкі қаржылық есептер;
- 5) ішкі оперативтік есеп пен жалпы есеп мәліметтері;
- 6) нысанның (жобаның) техникалық-экономикалық негіздемесі;
- 7) салықтық декларация;
- 8) бизнес-жоспар.

Несиелендіретін банктің жоба менеджері (несие инспекторы) сыртқы жалпы реквизиттердің растығын және құжаттардың толықтығын тексеру мақсатымен несиелік өтініш пен барлық қоса жүретін құжаттарды алдын-ала жалпылама түрде қарайды. Осы кезде қарыз алушының компетентті өкіліменде алдын-ала әңгімелесу тәжірибесі кеңінен қолданылады. Осы пікірлесуде

мынадай негізгі мәселелер қарастырылады: қарыз алушының сенімділігі және байсалдығы, оның репутациясы (абыройы), клиенттің несиесі қабілетті туралы дәлелдемені алдын-ала алу, несиені жою көздері мен болашағы, тәуекелдің мүмкін болатын дәрежесі, табыстардың тұрақтылығы мен көздері, клиенттің басқа банктермен қатынасы туралы және т.б.

Осы алдыңғы кезеңдегі несиесі өтініші мен қоса жүретін құжаттарды қарау (аталған әңгімелесумен бірге) кезінде несиесі беретін банк негізгі бес мәселеге аса көңіл аударуға тиісті:

1) клиент туралы негізгі мәліметтерді алу, яғни мына мәселелерге жауап алу: қарыз алушының құқықтық формасы; қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүліктерді бағалау қалай жүргізілген; бұл мүліктер бүлінуге ұшыраған ба?; басқарушы тұлғаның біліктілігімен тәжірибесі қандай; фирма (қарыз алушы) пайда алуда – табысты ма?; негізгі клиенттер кімдер - өнімді жеткізіп берушілер мен сатып алушылары кімдер және т.б.

2) сұралып отырған несиесі бойынша қажетті несиенің жалпы сомасы: бұл сома қалай анықталады; қаржылық қажеттілік болжамдарын анықтаудың дұрыс жеткілікті түрде болуы; қарыз алушы несиесі алу жағдайын есепке алады ма?; несиесі көмегімен қаржыландыратын активтердің қызмет мерзімі.

3) несиені жою туралы мәселелер: қарыз алушы несиені қалай қайтаруды қарастырып отыр; қарызгерде несиені жоюдың арнаулы көзі бар ма?; кепіл болуға келісім берген заңды тұлға бар ма және оның қаржылық жағдайы қандай?

4) несиені қайтару қамтамасыздығы туралы: қамтамасыздықтың түрі қандай; оның иесі кім; ол қай жерде тұр және кімнің бақылауында; қамтамасыздыққа ұсынылған мүлікті бағалау қалай жүргізіледі.

5) қарыз алушының басқа банктермен қатынасы туралы: қазіргі кезде клиент қандай банктердің қызметін пайдаланады; ол басқа банктерге несиесі алу үшін өтініш білдірді ме?; клиенттің жойылмаған несиелері бар ма, олардың сомасы және қайтару мерзімдері қандай?

Осылайша өтінішті және оған қоса жүретін құжаттарды талдау мен қарау керек, содан соң әңгімелесу нәтижелерінің шешуші кезеңі болашақ қарызгердің жан-жақты сипатымен оның несиесі қабілеттілігін анықтау да қажет.

Банк менеджері, болашақ қарызгерге көмектесе отырып, өтінішті және оған қоса жүретін құжаттар пакетін дайындайды, несиені жою үшін қарызгердің қолында бар активтердің бағалылығын (мысалы, жоғарғы өтім құжаттар, жинақ депозиттері, т.б.) және нақтылы табыстар көлемін анықтайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қарызгер өкілетінің ауызша жауаптары, мәліметтерді жазбаша жазып бергеннен де көп ақпарат алуға болады. Өз уақытынан кешіртпей, банк менеджері несиелік өтінішті қарастыра отырып, қарызгермен бірлесіп жұмыс жүргізген немесе жүргізіп отырған басқа банктерге сұрау салады.

Банктің несиесімен айналысатын қызметкері қарызгер табысының шамасына ғана емес, оның тұрақтылығына аса көңіл аудару қажет. Бұл жерде клиенттен таза табыс (төлемдерден кейінгі табыс) туралы алдын ала алған ақпараттың көп артықшылықтары бар.

Жанама болғанымен, маңыздылығы жағынан жоғары, табыс мөлшері мен тұрақтылығының көрсеткіші болып келетін клиенттің депозиттік шотындағы күндік орташа қалдық туралы мәлімет те керек. Бұл мәліметті, (қарыз берген), банктің маманы басқа банктерден алған ақпараттармен салыстырады.

Несиелік өтініш пен құжаттар пакетін алдын-ала қарастыруда банк клиенттің сенімділігі және несиені алуда оның берген ақпараттарының растығын анықтауға тырысуы қажет. Бұл жерде клиент өзінің барлық қарыздарын көрсеткенде, оның көлемін несиелендірген банктің мәліметтерімен, сонымен бірге несиелік бюроның да мәліметтерімен салыстыруға аса көңіл аударған дұрыс, бұл арқылы бірқатар клиенттердің “ұмытшақты” анықталауы мүмкін.

Егер алдын-ала қарау нәтижесі бойынша өтініш шеттетілмей, қабылданатын болса, онда жобаны қаржыландыруға байланысты банктің клиенттерімен жұмыс жүргізу регламентіне сәйкес тапсырылған материалдарды, оның осыған сәйкес құрылымдық бөлімдерінде тыңғылықты бөлшектеп зерттеу жұмыстары ұйымдастырып, жүргізіледі (мысалы, жобаны талдау, оның құқық негізі, несиелік және стратегиялық жоспарлау, т.б.департаменттермен атқарылатын жұмыстар). Аяғында, өтініш пен жобаны несиелендіруде қабылдау мүмкіндігі туралы жинақтық түсініктеме - қорытынды даярланады. Бұл жиынтық материалды несиелік комитет (немесе директорлар кеңесі – Директорат) өз мәжілісінде қарап, осыған сәйкес шешім қабылдайды.

7.3. Қарызгердің несие қабілеттілігін зерттеу

Несиелендіру үшін құжаттар пакетін қарастырған кезде қарызгердің несиелік қабілетін зерттеу маңызды мәселе болып табылады.

Сондықтан, банк несие беру туралы шешім қабылдауда қарызгердің төлем қабілетін, несие қабілетін және қаржылық тұрақтылығын нақты бағалауы қажет.

“Төлем қабілеттілік” пен “несие қабілеттілік” түсініктерінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар.

Фирманың төлем қабілеттілігі - бұл оның міндеттемелері мен қарыздарының барлық түрін уақытында жоюды қамтамасыз ету қабілеті мен мүмкіндігі, ал несие қабілеттілігі тек қана несиелік қарызын жою мүмкіндігі болып табылады. Сонымен бірге, несиені жою кепілі мүліктерін сатумен, басқа банктік кепілдігімен немесе гарант-кәсіпорын, фирманың сақтандыру есебінен жүргізілуі мүмкін.

Несие қабілеттілікті бағалау кезінде алдымен қарызгер қызметтік сипаттайтын көрсеткіштермен, оның несиелік қарызын жоюды қамтамасыз ету жағынан қарастыру қажет. Осы мақсатпен банк-қарыз берушілер несие қабілетті талдау үшін түрлі ақпарат көздерін пайдаланады, оның ішінде:

1) клиенттің өтініші мен оған қоса жүретін құжаттар пакетінің құрамындағы алынған материалдарды;

- 2) банк архивіндегі клиент туралы бар мәліметтерді;
- 3) қарызгермен іскерлік қатынаста болғандардан алынған ақпараттарды (серіктестіктерді – жеткізіп берушілер, несие берушілер, оның өнімін сатып алушылар, т.б.);
- 4) жеке және мемлекеттік мекемелер мен агенттіктердің есептері, анықтамалары және басқада материалдары.

Алыс шетелдің көптеген елдерінде қарызгер туралы ақпарат (барлық тарихын, рейтингтер мен репутациясын, т.б.) жинақтайтын аймақтық несие – ақпараттық бюролар бар. Мысалы, АҚШ-та несие алу үшін қашанда болсын ықылас білдіретін өте көп заңды және жеке тұлғалардың несиелік тарихын білетін үш мыңнан астам бюролар жұмыс істейді. Нарықтық өзгерістерді енгізуге байланысты бізде де осыған ұқсас қызмет түрі пайда болғаны дұрыс болар еді.

Отандық, әсіресе шетелдік тәжірибе көрсеткендей қарызгердің қаржы жағдайы мен оның банкке қарызды уақытылы жою бойынша сенімділігін, яғни оның жалпы несие қабілеттілігін талдаудың көптеген әдістемелері мен тәсілдері бар. Мысалы, АҚШ банктерінің жұмыс тәжірибесінде “Алты Си ережесі” деп аталатын ереже кеңінен қолданылады. Осы ережеге сәйкес клиенттерді (қарызгерлерді) таңдап алу критериялары “Си” әріпімен басталатын, ағылшын тіліндегі, сөздермен белгіленген:

- 1) қарызгердің сипаттамасы (character);
- 2) қаржыны қарызға алу қабілеттілігі (capacity);
- 3) ақшалай қаржылар (cash);
- 4) қамтамасыздығы (collateral);
- 5) шарттары немесе жағдайы (conditions);
- 6) бақылау (control).

Енді “Алты Си ережесі” мәніне қысқаша тоқталайық:

1. “Қарызгердің сипаттамасы”. Қарызгердің өтінішін және несиелік тарихын зерттеулер бойынша материалдар негізінде банк маманы клиенттің жеткілікті компетентті екендігіне сенімді болуға тиісті және алынатын несиенің мақсатын дәлме-дәл көрсетіп, оны жоюға айтарлықтай құқысы бар екендігін білуі керек. Күмәндылық пайда болған кезде қосыша толықтырулар қажет немесе мүмкіншілігінше жорамалдап айтатын мәселелерден кету үшін ол өтінішті қабылдаудан ол бас тартуы керек.

2. “Қаржыны қарызға алу қабілеті” қарызгердің заңдық статусының түпнұсқалық екендігін, несиелік келісім-шарт жасауға оның өкілінің өкілеттілігінің растығын, тапсырылған құрылтай келісім-шартының және басқа құжаттардың растығын білдіреді. Банк маманы несие келісімін жасау үшін барлық қажетті құжаттардың растығы мен толықтығына сенімді болып ғана қоймай, олардың мазмұнын қосымша зерттеп, талдап отыруы қажет. Мысалы, келісім-шартта орнатылған тәртіптегі, яғни өкілеттігі жоқ тұлға қол қойған жағдайда берілген қаржы соманы сот арқылы қайтарып алу мүмкін болмаған жағдайда несие беруші үлкен зиян шегеді.

3. “Ақшалай қаржылары” несие өтінішін қарастырудағы басты мақсат, қарызгердің несиені жою мүмкіндігін нақты анықтау болып табылады.

Қарызгерде алған несиені жоюдың үш көзі бар: 1) нақты ақша ағымы; 2) активтерді жою немесе сату; 3) қаржыларды тарту.

Банк үшін бұл аталған көздердің ішінен 1-шісі пайдалы болып келеді, себебі активтерді сату (2-ші көз) қарызгер балансын нашарлатуы мүмкін, ал қаржыларды тарту, яғни қосымша қарыздану (3-ші көз) несие ретінде банк позициясын әлсіздендіруі мүмкін.

Сондықтан, нақты ақша ағымының жеткіліксіздігі фирманың қаржылық жағдайын және несие берушілермен (банктермен) арақатынастықтың маңызды көрсеткіштерінің нашарлауының себебі болып табылуы мүмкін.

4. “Қамтамасыздығы” несиелік өтінішті қарастыру бойынша қамтамасыздықтың нақтылығын талдау барысында несие беруші-банк қызметкері несие бойынша қажеттік қамтамасыздықты қарызгердің беруінде оның капиталды жеткілікті немесе сапалы активтерді иемденетіндігін анықтауға тиісті. Бұл жерде, қарызгердің мынандай жақтарына ерекше көңіл аударған жөн: Қарызгер активтерінің құрылымы мен жағдайына, қызмет ету мерзіміне, оның моралдық немесе физикалық ескірген жабдықтары мен технологиясына немесе басқадай мүліктеріне қарап отырып олардың қамтамасыздықтың нақты көзі болмауы мүмкін.

5. “Шарттары” немесе “жағдайы” банк қызметкерінің міндетін қарстырады, яғни ол, несие өтінішін қарау үдерісінде болашақ қарызгердің жұмыстары қалай жүріп жатқандығын және оның осыған сәйкес саладағы жағдайының қалыптасуын, содан соң несиені жоюға мүмкін болатын экономикалық өзгерістер мен басқа жағдайлардың әсерлерін анықтауға тиісті. Бұл жерде несиелік өтінішпен бірге берілетін құжаттар пакеті бойынша, несиеге оның қамтамасыздық жағынан қарағанда сенімді болып көрінуі мүмкін, бірақ оның сенімділік дәрежесіне сату көлемінің қысқаруы немесе экономикалық құлдырау жағдайындағы табыстардың азаюы немесе инфляция салдарынан үлестік ставкалардың өсуі және басқадай факторлар теріс әсерлерін тигізуі мүмкін.

6. “Бақылау”, негізінен қарызгер қызметіне және оның несие-қабілетіне, тигізетін заң актілеріндегі, құқықтық, экономикалық және саяси жағдайлардағы өзгерістердің әсерін анықтау мен болжаудан тұрады.

Сонымен бірге, несие өтінішінің банктің несиелік саясатына сәйкестігін, несие бойынша келісім-шартын жасау үшін дайындалған материалдардың заң жағынан растығы мен толықтығы тексеріледі.

Несиені қайтару мәселеге айналып, қиындық тудырған жағдайда да банк біртұтас шараларды анықтап, белгілейді және жүзеге асырады, оның ішінде:

- 1) несие қайтарылуының оперативтік жоспарын жасау;
- 2) несие қайтарылуына әсерін тигізетін барлық мәселелерді кейінге қалдырмай анықтау;
- 3) несие беруші-банктің сараптау тобын мәселе тудырған қарызгермен жұмыс бабында кездесуді ұйымдастыру және оның қаржы жағдайын сауықтыруға мүмкін варианттарды талқылау, оның ішінде шығындарды қысқарту, ақша ағымдарын ұлғайту және екі жақтың менеджерлер жағынан бақылауды күшейту, т.б.

4) қайтаруы қиындаған несиені өндіріп алу үшін қажетті соманы айқындай отырып, оның ішінде активтерді сату құнын және депозиттер мөлшерін анықтау;

5) банктің заңдық департамент қызметкерлері немесе арнаулы сараптау тобы салық декларациясын қараулары қажет және қарызгердің басқадай төленбеген қарыздық міндеттерін анықтаулары керек.

Егер бұл шаралар қажетті нәтиже бермеген жағдайда, банк басқадай қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болады, оның ішінде қарызгердің төлем қабілеті жоқ деп жариялауы мүмкін және ең арты онымен соттасуға дейін барады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Банктің жүргізетін несие саясаты қандай?
2. Несиесі саясат меморандумында көрініс тапқан шартқа сипаттама беріңіз?
3. Несиесі алуға жасалған пакетте қандай құжаттар болуға тиіс?
4. Қарызгердің несиесі алу және қайтару қабілеттілігін бағалау туралы не айтасындар?
5. «Алтын Си ережесі» неге арналған?
6. Қарызгердің алған несиесін жою көздерінің қайсысы банк үшін пайдалы?
7. Несиені қайтару мәселесі бойынша банк қандай шараларды қолданады?
8. Қандай қатаң шараларды қолдануға банк қандай жағдайда мәжбүр болады?

8 ТАРАУ. НЕСИЕ КЕЛІСІМ-ШАРТЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫ ОРЫНДАУ

- *Несиелік келісім-шарттың жалпы сипаты және оны жасаудағы негізгі қажетті құжаттар*
- *Несиелік келісім-шарттың жағдайы мен құрылымы*
- *Несиелік мониторинг*

8.1. Несиелік келісім-шарттың жалпы сипаты және оны жасаудағы негізгі қажетті құжаттар

Банктік несиелендірудегі маңызды этап несие келісім-шартын жасау және оны орындау болып табылады. Бұл келісім-шарт банкпен қарызгердің арасындағы өзара қатынасты анықтайтын негізгі заңдық құжат болып саналады және сол бойынша олардың міндеттері мен жауапкершіліктері айқындалады. Әлемдік және біздің Қазақстандық тәжірибеде инвестициялық жобалар несиелендіру бойынша жұмыс мынадай сатылармен жүргізіледі:

- 1) инвестициялық ниеттерді 1-ші таңдау (өтініш қабылдау және тіркеу);
- 2) өтінішті қарау үшін жобаны қабылдау бойынша банктік сараптау;
- 3) қарастырылған инвестициялық жобаны несиелеу туралы шешім қабылдау;
- 4) несие келісім-шартын (мәмілені, келісімді) жасау;
- 5) жобаны қаржыландыру (жобаны жүзеге асыру бойынша несиелік операцияларды жүргізу);
- 6) жобаны жүзеге асырудағы бақылау;
- 7) қорытынды бағалау (несиені жойғаннан кейін).

Инвестициялық ниетті алғашқы таңдау мен тіркеу сатысында жобаны оң бағалаған жағдайда, ол біртұтас банктік сараптауға жіберіледі.

Банктік сараптаудың мақсаты: жобаның өміртендігін бағалау; оның рентабелділік деңгейін анықтау; несиені қайтару үшін қаржылардың жеткіліктілігімен растығы (қарызгердің несиені қайтару қабілеті); қарызгерді жан-жақты бағалау, оның қаржылық жағдайын қоса ескеріп.

Несие келісім-шартын жасау үшін қажетті құжаттар пакетін екі топқа бөлуге болады:

1-ші топ құжаттары барлық жобалар үшін бірдей:

- Несилік өтініш.
- Қарызгердің анкетасы
- Орнатылған тәртіппен тіркелген құрылтайшылық мәміле және жарғы.
- Қарызгердің соңғы үш жылдағы қаржылық құжаттары.
- Бизнес-жоспар және ТЭН.
- Шетелдік серіктестер туралы мәліметтер (баланстық есеп, жарнама мәліметтері, кеңес беру).
- Кепілдік және кепілдік құжаттар (банктік талабы бойынша екеуінде болатын)
- Қарызгерге қызмет ететін банктен берілетін, оның қаржылық жағдайы туралы хат.

2-ші топтағы құжаттар ерекшелігіне байланысты жекеленген жобалар, яғни тіркелген қосымша құжаттар:

- шетелдік серіктестердің құқық қабілеті туралы құжаттар (егер ондай бар болса).

- Тендерлік құжаттар.

- Несиені тарту және кепіл беру туралы акционерлер жиналысының шешімі.

Бұдан басқа мемлекеттік сектор бойынша банкке мыналар топтастырылады:

1) Санация (банкрот болмау шараларын жүзеге асыру) және банкроттық бойынша ведомстваның аралық комиссиясының рұқсаты;

2) Сала министрлігінің, қала және облыс әкімшіліктердің қорытындысы;

3) Ведомстводан тыс мемлекеттік сараптаудың қорытындысы;

4) Экологиялық сараптаудың қорытындысы;

5) Тапсырыс беруші мен мердігердің қолдары қойылған құрылыстың конъюктуралық шолуы (құрылыс дайындығы, смета бағасының қалдығы);

- Нотариалды куәландырылған 1-ші басшы мен бас бухгалтердің қол қою үлгісі бар карточка.

8.2. Несиелік келісім-шарттың жағдайы мен құрылымы

Несие келісім-шартының құрылымы заң жүзінде қатаң белгіленбеген, бірақ тәжірибеде оның мыныдай бөлімдері жалпылама және типтік түрінде қалыптасқан:

- кіріспе бөлімі;

- жалпы жағдай;

- мәміле заты;

- несие беру жағдайы;

- есептесу тәртібі мен жағжайы;

- жақтардың міндеттерімен жағдайы;

- басқадай жағдайлар;

- жақтардың реквизиттары мен заңдық адрестері (мекен-жайы).

Шетелдік және қазақстандық тәжірибие көрсетіп отырғандай, инвестициялық қызмет бойынша несие мәмілесін құрастыру мен жасауға серіктестердің өте тыңғылықты және жауапкершілікті қатынаста болудың маңыздылығы 1-ші кезекте болады.

Көп жағдайда экономикалық білімділікпен және заңдық негіздемемен мәмілені жасай білуден келісім табыстылығы тәуелді болып келеді, өйткені инвестициялық несие беру операциялары, оны тиімді пайдалану және уақытында қайтаруға алынған міндеттемелерге сәйкес болып табылады. Осы жағдайды есепке ала отырып, нарықтық экономикасы дамыған елдердегі өзін-өзі құрметтейтін бірде-бір банкир немесе кәсіпқой мәмілені жасауға тәжірибиелі заңгер қатыспаған болса, ондай мәмілеге олар қол қойылмайды. Осы мақсатта, біздегі көптеген банктерде арнаулы заңдық қызмет қалыптастырылған, соған сәйкес жұмыс атқарылып келеді.

Мәмілені аталған бірқатар негізгі бөлімдеріне қысқаша сипаттама берейік.

Несие мәмілесінің кіріспе бөлімінде несие беруші – банк пен қарызгер туралы жалпы мәліметтер баяндалады; олардың ресми заңдық мәліметтері, мәмілеге қол қоятын тұлғаның атқаратын қызметі, фамилиясы мен ата-тегі, олардың өкілеттік беретін ресми құжаттардың (доверенность – сенімхат, сенім сертификаты) сәйкестігі салыстырылып, тексеріледі. Мысалы, банк филиалдарының жетекшісі немесе еншілес фирманың басшысы мәмілеге өз атынан қол қоюға өкілетті емес, себебі олар заңды тұлға болып табылмайды. Олар қолдарында қажет сенімхат, сенім сертификаттары болған жағдайда ғана басты банк немесе фирма атынан өз қолдарын қоя алулары мүмкін.

Жалпы жағдай бөлімінде негізгі терминдер, ұғымдар мен анықтамалар, олардың түсініктерінің бәрі бірге беріледі, мысалы, тапсырыс беруші, орындаушы, серіктестер, жоба, маржа, құрылыс алаңы, агент-банк, т.б. терминдері (түсініктері).

Мәміле заты ең бір басты жағдай болып табылады. Атап айтқанда осы бөлімде қарызгер қажеттілігі мен несие беруші-банктің мүмкүндігімен анықталатын несие сомасы туралы жақтардың келісімдері бейнеленеді, көбінде бұл жекелік сипатта болып келеді. Сонымен бірге, әлемдік тәжірибиеде несие келісімнің унификациялық стандарттық мөлшерлері де қолданылады, мысалы, 5, 10, 25, 50, 100млн АҚШ долларымен.

Несие сомасымен қатар мәміледе көрсетілетін тағы бір жағдайы бұл несиенің мақсаты мен мерзімі болып табылады.

Мәміледе келісім мерзімі тұрақтандырып көрсетіледі. Бұл жерде несиені пайдаланудың шектік уақыты, несиенің негізгі сомасы мен оның үлестік ставкасын жою анықтап белгіленеді.

Жалпы стандарттық мерзімдері бойынша, несиелер қысқа мерзімдік – 1 жылға дейін, орта мерзімдік – 1 жылдан 3(5) жылға дейін, ұзақ мерзімдік – 5 жылдан жоғары болып келеді.

Несиелік мәміледе мерзімге байланысты түрлі түсініктер кездеседі. Олардың ішінде 4 аса негізгі түсініктері бар:

Толық мерзімдік – бұл, несиені пайдаланудан бастап, оны толық жойғанға дейін уақыт аралығы болып табылады. Ол, өз кезегінде үш кезеңнен тұрады: пайдалану мерзімі, жеңілдік мерзімі және жою мерзімі.

Пайдалану мерзімі несиені пайдаланудан бастап, жеңілдік мерзімі басталғанға дейінгі уақыт аралығынан тұрады. Банктік несие бойынша, әдетте оны пайдалану күні қарызгердің шотына қаржы аударған күннен бастап есептелінеді.

Жеңілдік мерзімі – бұл пайдалану кезеңі аяқталған кезден несие жою кезеңінің басталуына дейінгі уақыт болып табылады. Бұл кезең аралығында тек үлестік ставканы төлеу ғана жүргізіледі.

Жою мерзімі – бұл кезең ағымында несие бойынша негізгі қарыз өтеледі.

Жақтардың өзара келісімдері бойынша несиені қайтарып алу мерзімдері бойынша мәміле күшіне енеді:

- жақтардың қол қою күнінен бастап;
- несие беру немесе қарызгерге қаржыларды аударған күннен бастап;
- қарызгердің немесе несие берушілердің шотына қаржылардың түсу күнінен бастап есептелінуі де мүмкін болып тыбылады.

Бұл жағдайлар әрбір нақтылы жасалынған мәміледе анықталып, ескертпе түрінде жазылуға тиісті.

2-ші деңгейдегі банкттердің несие үшін төлемді орнату кезінде ескеретін негізгі факторлары мыналар:

- 1) коммерциялық банкттерге беретін Ұлттық банктің несиелері бойынша рефинансистік ставкасы;
- 2) банк аралық несиелер бойынша басқа клиенттерге банктік орташа үлестік ставкасы;
- 3) депозиттер бойынша басқа клиенттерге банктің орташа үлестік ставкасы;
- 4) несиелерге сұраныс және ұсыныс;
- 5) несие түрі және мерзімі, оның ішінде банк үшін тәуекел дәрежесі;
- 6) елдегі ақша айналымының тұрақтылығы және т.б.

Сонымен бірге елдегі экономиканы тұрақтандыру үшін, әсіресе, нарыққа өту кезеңінде, Қазақстанның инвестициялық сферасына сыртқы және ішкі несиелік ресурстарды тартуға жайлы жағдай жасау бойынша мемлекет тәжірибиелік шараларды қабылдап отыр.

Мәмілелерде “кепілдік”, “мәміле жағдайын бұзу кезіндегі санация”, т.б. сияқты бөлімдер қарастырылады. Мысалы, несиені жою жағдайын бұзу кезінде мәміленің мынадай шарты өз көрінісін табады: қайтару мерзімі өткен несиені дереу жою талабы ғана емес, сонымен бірге барлық қалған несие сомасын және үлестер де талап етіледі, содан соң қосымша қамтамасыздық немесе кепілдік және т.б. көрсетеді.

Несиені мәмілесін даярлау мен оны жасау несиелер мен қарызгердің білікті және қызу жұмыс істеулерін талап етеді. Соның арқасында, оны жүзеге асырудағы қиындықтардың алдын-алуға болады, содан соң соттық істі қарау кезі қарастырылады. Қолдары қойылған мәміледе түрлі бұрмалаушылық (жалғандық) болмауы үшін (қашпауы үшін) оның түпнұсқасының екеуі де жақтармен парафирленеді (парафирлеу – алдын-ала келісім беру ниетімен құжатта өзінің аты-жөнін жазып қою).

8.3. Несиелік мониторинг

Банктік қызметте несиені табыстар құрылуының негізгі көзі және сонымен бірге тәуекелдің де басты себебі болып табылады. Осыған байланысты несиелік портфель құрамымен оның сапасына, көп жағдайда, банктің тұрақтылығы және оның даму болашағы тәуелді болып келеді. Сондықтан, қазіргі заман талаптарына сай болатын немесе соған ұмтылатын барлық банкттер несиелік мониторингті қажетті деңгейде ұйымдастырып, жүргізуге тиісті.

Несиелік мониторинг түсінігі несиені мақсатты және тиімді пайдалану бақылау жүйесін,оны уақытылы және толықтай қайтаруды, осыған қатысты мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылдап жасауды білдіреді.

Неселік мониторингты ұйымдастыру және жүзеге аыру тәсілдерінің көптігіне қарамастан,олардың барлығы мынадай 4 негізгі принциптерге негізделеді:

1) Несие беруші – банктер барлық несие түрлерін мезгіл-мезгілімен тексеруді жүргізу. Мысалы, ірі несиелердің барлығы әрбір 30,60 немесе 90 күндік кезеңдермен банктік қарастыруы бойынша, тексеріледі, ал қалғандары (кішірек несиелер) ішін-ара таңдау тәртібімен тексеріледі.

2) Әрбәр несие бойынша барлық маңызды жағдайларды тиісті тексерумен қамтамасыз ету жолында несиелік бақылау, бөлшектеп жасалынған кезеңдермен жүйелі түрде жүргізіледі, оның ішінде:

- жасалынған мәмілеге сәйкес төлем кестесінің сақталуы;
- несие қамтамасыздығына салынған мүліктердің өтімділігі (сапасы және жағдайы);
- сот қарастыратын жағдайдағы барлық қажетті құжаттардың растығы және толықтығы, сонымен қоса олардың қолда болуы;
- қарызгердің қаржылық жағдайын нақтылы бағалап,зерттеу және оның банктік несие мөлшеріне қажеттілікті ұлғайтуды немесе азайтуды болжамдау;
- берілген қарыздардың несие саясатына несие портфелін қлыптастырудағы стандарттарға сәйкестігін анықтау.

3) Мәселе тудырған несиелерді жан-жақты тексерудің жиілігіне және тереңдігіне аса қатты көңіл аударып,әрбір нақтылы жағдайға байланысты олардың өсу тенденциясына немесе өткір мәселелерінің әлсіреуіне де көңіл аударуды күшейтеді.

4) Экономикалық құлдырау жағдайында,содан соң банктік несие берілген салалардағы айтарлықтай мәселелер туындау жағдайында да тексеруді көбейтіп,мазмұның тереңдету. Бұл мәселелерінің ішінде салықтық және экспорт-импорттық заң актілеріндегі айтарлықтай өзгерістер мен технологиялардың өзгеруі немесе жаңа бәсекелестердің пайда болуы, т.б. қарастырылуы мүмкін.

Нарық жағдайындағы банктердің несие қызметінде ішкі аудиттің болуы қажеттілігі жағынан өте актуальды. Осы мақсатпен банктің 1-ші бастығына немесе оның орнын ауыстыратын тұлғаға тікелей бағынатын арнаулы аудиторлық қызмет құрылады.

Ішкі аудиторлық тексерудің негізгі мақсаттары болып мыналар табылады:

- мерзімі өткен несиелер бойынша банктік шоттардағы қаржы қалдықтарының жағдайын анықтау;
- несиелерді қайтару қамтамасыздығы мен несие тәуекелін азайту (міндеттеме) мүмкіншіліктерін нақтылы жағдайды анықтау;
- несиелендіру үдерісін ұйымдастырудағы нақтылы жағдайды тексеру-бақылаушылық талдау оның ішінде несие беру тәжірибиесі банктің несиелік меморандум талаптарына сәйкестігі,есепке алу құжаттарындағы несиелердің, әсіресе мерзімі ұзартылған және мерзімі өткендердің дұрыс сәйкес

бейнеленгендігімен несиелендіруден шеккен зияндардың орнын жабу мүмкіндігі, т.б. тексеріледі.

Ішкі банктік аудиторлық тексеру кезінде арнаулы тіркеу журналына несие алуға тапсырылған өтініштің дұрыс есепке алынғандығына бақылау жасалынады. Бұл жердегі негізгі реквизиттік көрсеткіштер: өтініштің түскен күні, клиенттің (болашақ қарызгердің) аты және мекен-жайы, сұралып отырған несие сомасы, тағайындылығы, мерзімі және қойылған үлестік ставкасы, несие қамтамасыздығы мен материалдарды банктік несиелік Коммитетінің қарауына жіберілген және шешім қабылдаған күндерін белгілейтін ескертпе кестесіне тексеру жүргізіледі.

Аудиторлық бақылаумен, содан соң, несиелік досьенің (істің құжаттар жинағы) дұрыс қалыптастырылуы мен жүргізілуі тексеріледі. Бұл жерде, әдетте барлық құжаттар мынадай 4 бөлімдерден шоғырландырылады:

1) Негізгі несиелік құжаттар – несиелік мәміленің және қамтамасыздық мәміленің көшірмесі, оған кепіл, банктік гарантия, сақтандыру, т.б. құжаттарға қолын қоюға өкілеттілік беретін сенімхат, қамтамасыздық жағдайы туралы қажетті куәлік, несиені қайтару кестесі кіреді;

2) қарызгер туралы қаржы-экономикалық ақпараттардың дәлелдемелері пайда және зияндар туралы есеп, баланстар, бизнес-жоспар, ақша түсімдері туралы мәліметтер, салықтық декларация және лицензия көшірмелері;

3) қарызгердің несие қабілеті туралы қажетті материалдар мен банк жүргізетін талдау нәтижесінің мәліметтері, несиелік-анықтама бюросынан алынған аналитикалық құжаттар, банктермен комиссияларға жіберілген қарызгердің несие тарихы туралы сұрауларға алынған жауаптар және т.б.;

4) несие беру және қайтару мәселелері бойынша қарызкермен хат алысу (жазысу), барлық кездесулердегі, осы мәселелер бойынша пікірлесумен телефон арқылы сөйлесу жазбалары.

Қарызгер берілген несиені толық жойған жағдайда, оның несиелік досьесі (ісі) жабылып, банктің архивіне өткізіледі. Бұл туралы сәйкес анықтама жасалынады. Ал несие жойылмаған жағдайда, досье (іс) несиені қайтармағандығы (мәмілені бұзғандығы) туралы қарсы талап қою үшін заңдық қызмет бөліміне беріледі және арбитражға жәберіледі. Банктік аудиторлық қызметі арбитражға жіберілетін барлық қажетті құжаттардың растығы мен толықтығын тексереді.

Неселік мониторингті жүргізу кезінде, несие беруші банк-өзінің операциялық бөлімінде арнаулы қарыз шотын ашумен жүзеге асырылатындығын ескергені қажет. Бұл шот банктің 1-ші басшысы мен орындаушы банк қызметкерінің қолдары қойылған жазбаша жарлыққа сәйкес ашылады. Ол жарлықта несие сомасы, мерзімі, пайыздық ставкасы және несие беру үшін негіздемесі көрсетіледі. Аудиторлық қызмет, ссудалық шоттардың жағдайын, содан соң әрбір қарызгерге ашылған дербес шоттар бойынша қарыздық операциялардың аналитикалық есебі сәйкес бланкаларда жүргізілуін бақылайды. Аудитор, сонымен бірге, активтік баланстық шоттарда жүргізілетін синтетикалық есеп жағдайында тексереді.

Аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша мынандай бес негізгі мәселелерге сәйкес түйіндеме жасалынғаннан кейін, есеп жасалынады:

- 1) несиелік берудің жалпы жағдайы және оның жойылуы;
- 2) төлеуменшіліктің негізгі себептері, оның ішінде банктік несиелік қызметкерінің несиелерді берудегі жеткіліксіз біліктілігінен туындайды және орнатылған процедурадан (ережеден) ауытқудан банк басшысының нұсқауы бойынша болуы да мүмкін;
- 3) несиені қайтару үмітсіздігіне байланысты есептен шығару (списания) ситуациясы;
- 4) берілген несиелер бойынша қарызды жабуға арналған қорлар жағдайы;
- 5) несиелік бойынша есептік (отчеттық) құжаттарды жүргізу жағдайы, оның ішінде несиелік құжаттама.

Аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша жасалынған есепті, несиені қайтару мәселелерін шешу үшін, қаржы-несиелік, ұйымдастыру-кадрлық және басқадай шараларға қатысты ұсыныстар беріледі.

Банкке, несиелік мониторинг банктік несиелендіру бағдарламасын орынды, дұрыс жүзеге асыру үшін қажет болып табылады. Ол банк басшысына мәселе тудырған несиелерді жылдам, тез анықтауға, құрылымдық бөлімшелермен нақтылы өкілетті орындаушылардың іс-қимылының банктік несиелік саясатын сәйкестігін тұрақты бақылауға көмектеседі, сол сияқты біртұтас тәуекелді дұрыс және дер кезінде бағалауға банктің қаржы тұрақтылығын нығайту бойынша қажетті шаралар қабылдауға жағдай жасайды (қолдау көрсетіп, жәрдемдеседі).

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Несиелік келісім-шарт туралы және оны жасау қажеттілігіне байланысты не айтуға болады?
2. Несиелік келісім-шарт жасауға қандай құжаттар керек?
3. Тендерлік құжаттар не үшін қажет?
4. Несиелік мәмлелердің жасалуы және оның түрлері туралы түсінік беріңдер.
5. Жасалған мәмлелерде қандай бөлімдер бар?
6. Несиелік мониторинг деген не?
7. Несиелік мониторинг қандай қағидаттарға негізделеді.
8. Ішкі банктік аудиторлық тексеру не үшін жүргізіледі?
9. Аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша қандай түйіндеме жасалынады?

9 ТАРАУ. НЕСИЕНІ ҚАЙТАРУ ҚАМТАМАСЫЗДЫҒЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ТӘСІЛДЕРІ

- *Дәстүрлі тәсілдердің жалпы жағдайы*
- *Кепілдік және кепіл беру*
- *Банктік кепілдік*
- *Несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі емес тәсілдері*

9.1. Дәстүрлі тәсілдердің жалпы жағдайы

Екінші деңгейдегі банктің несиелендіру қызметінде несиені қайтарылмау (жойылмау) тәуекелдігі аса айтарлықтай мәселе болып табылады. Сондықтан, бұндай тәуекелдіктің минимальді болуы үшін банктер қарызгерлердің, оларға берілген несиелерді қайтару қамтамасыздығының түрлі тәсілдерін қолданады.

Қарызгерлердің мәміледегі міндеттемелерін орындамаудан несие беруші сенімді түрде қорғау мақсатында, банктік менеджменттің ағылшын-америкалық мектебінің банкирлері «қауіпсіздік белдеудің» екеуінің ең жақсысы болып табылатын үшіншінің болғанын ұсынады. Олар, 1-ші белдеуге, нақтылы ақша ағымын, несиені қайтарудың басты көзі болып табылатын табысты жатқызады. Екінші белдеуде, несиені қайтару қамтамасыздығы ретінде қарызгердің ұсынған активтерін жатқызады. Ал, 3-ші белдеуді несие қамтамасыздығы бойынша кепіл берумен (гарантиямен) байланыстырады. Бұл ұсыныстар, тек өзіндік ғана емес, сонымен бірге үлкен практикалық маңызды болып табылады. Осы аспекте несие қамтамасыздығын тиімді пайдалану қажеттілігі Қазақстандағы банктік заң актілерін жетілдіруді талап етті. Мысалы, ҚР Президентінің заңдық күші бар «ҚР-ғы банктер және банк қызметі туралы» Жарлығында (35 бабта) атап көрсетіледі:

1) заң актілерімен немесе мәмілемен қарастырылған айып төлеу, кепіл заты кепіл беру, кепіл болу және басқа да тәсілдер несиені қайтару қамтамасыздығы болуы мүмкін;

2) кепіл заты туралы мәміледе, содан слң заң актілерінде қарастырылған жағдайда банк мәжбүрлік тәртіппен кепіл мүлігін аукционда өз еркінше сатуға құқылы. Осы жарлықтың 36 бабында мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамаған қарызгерге қатысты несие беруші -банк:

а) жаңа несиелерді бермеу;

б) қарызгердің кез-келген шотындағы ақша қаржыларын несиені өндіріп алуға бағыттау (мәміледе ескертілген болса);

в) төлем қабілетсіз қарызгерді банкрот деп тану туралы сотқа талаптың өтініш білдіруге болатындығы қарастырылған.

Аталған тәсілдердің әрқайсысы қарызгердің несие мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін мәжбүрлеп орындатуды мақсат етіп қояды. Іс-тәжірибиеде, несиені қайтару қамтамасыздығының аталған түрлі тәсілдерін

аралас-құрастыру жағдайы да аз кездеспейді және ол,қолданыстағы заң актілеріне қайшы келмейді.

Несие қайтару қамтамасыздығы тәсілдерінің негізгі түрлері келесі тармақтарда.

9.2. Кепілдік және кепіл беру

Кепілдік, қарызға берілген қарызды қайтару бойыша мәміледегі өз міндеттемелерін орындатуға қарызгерге түрткі болып табылады. Заңдық жағынан алып қарағанда, кепілдік деп түсінетініміз - бұл кепіл ұстаушының (несие беруші -банк) басқа несие алғандардың алдында кепілге салынған мүлік құны есебінен орын толтыруды артықшылықпен алу құқығы болып табылады. Кепілдік мүлік бағасының шамасы берілетін несие сомасының айтарлықтай артық болуға тиісті (20 – 40% және одан да жоғары). Кепілдік бағасының берілетін несие сомасынан артық болу шамасы қарызгердің қарызды қайтармау тәуекелдігіне тәуелді болып келеді.

Кепілдіктің пайда болу жасалынған мәміле негізінде, сол сияқты оған сәйкес заң ережелерінің негізінде, ондағы көрсетілген жағдайлардың келу кезеңінде туындайды (мысалы,ҚР-ның «ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 35 бабы).

Кепілдіктің негізгі субъектілері кепіл беруші және кепілұстаушы болып табылады.

Кепіл беруші ретінде мүлікті кепілге беретін заңды немесе жеке тұлғалар болып келеді. Кепіл беруші субъект қарызгердің өзі,содан соң 3-ші тұлға болуы мүмкін.

Кепіл ұстаушы кепілдік мүлікті қабылдаушы тұлға болып табылады (бұл несие беруші -банк).

Кепіл заттары: жылжитын және жылжымайтын мүліктер,құнды қағаздар,валюталық құндылықтар,содан соң мүліктік құқықтар болу мүмкін.Бұл жердегі аса маңызды жағдай, кепіл заттарының ақшадай бағасы және олар өтімді болуға тиісті,яғни оларды сату үшін қажетті сапасы болуы керек.

Шетелдік және біздің қазақстандық тәжірибиеде кепіл затының кімде болуына байланысты кепілдіктің екі түрі қолданылады:

- 1)кепілге салынған мүлік кепіл берушіде қалады;
- 2)салынған мүлік пен мүліктік құқықтар кепілұстаушыға беріледі.

Тәжірибиеде осының 1-ші түрі кең таралған, яғни кепіл ұстаушыға кепілдік мүлікті бермеу жағдайы, бұл кепіл берушіге (қарызгерге),кепілдік мүлікті пайдалана отырып, кәсіпқойлық қызметің жалғастыра беруге мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, қажет болған жағдайда (төлемеу, өткізу уақытын туындағанда) кепіл ұстаушының кепілдік туралы мәмілеге сәйкес,өндіріп алуға бағыттау құқығы бар болып табылады.

Кепіл берушіде қалдырылатын кепілдік мүлік құрамының ішінен кепілдің бір түріне көңіл аударарлық, - бұл айналымдағы және өңдеудегі тауарлар

кепілдігі. Бұл кепілдік түрінің ерекшелік сипаты сол,оның заты нақтылы мүлік емес, белгілі-бір тауарлар түрі,ауылшаруашылық және өндірістік өнімдер,яғни астық, мақта, мұнай, көмір, аяқ киім, жиһаз және халық тұтынатын басқа да тауарлар болып табылады. Бұл жерде, несие беруші -банк (кепіл ұстаушы) қарызгердің (кепіл беруші) келісім-шарттағы міндеттемелерді орындауына әсер ететін тиімді механизм арқылы болатынын қарастырады. Мысалы, кепіл беруші мәміле жағдайын бұзған кезде, кепіл ұстаушы кепілге салынған тауарларға өзінің белгісі мен мөрін басу жолымен шартты бұзуды жойғанға дейін, онымен операцияларды тоқтатуға құқылы болып табылады.

Бұл қамтамасыздық түрінің болашағы сонда, ол бір жағынан, кепіл берушінің қолын байламай, салынған тауарды еркін иемденіп және керек жағдайда оны ауыстыруға мүмкіндік береді. Ал 2-ші жағынан, бұл қамтамасыздықтың түрі несие алушының қызығушылығын жеткілікті сенімділікпен сақтайды, себебі кепіл берушіге келіп түскен кез-келген тауар толыққанды кепіл заты болып қалады. Сондықтан, кепіл заты жойылған кезде де,оның мақсаттық қимылының тоқтағанын білдірмейді, себебі жаңадан келіп түскен тауар сондай зат түрінде (кепілдік) болып бтұра ереді.

Кепілдіктің 2-ші түрі, яғни кепіл ұстаушыға салынған мүлікті беру жағдайы заклад деп аталады. Кепіл ұстаушының иелегіне берілетін заклад заттары ретінде әртүрлі мүлік түрлері – автокөлік құралдар, алтын және басқа қымбат металлдар,әшекейлік бұйымдар, валюталар, құнды қағаздар болулары мүмкін.

Заклад жағдайында кепіл ұстаушыға мынадай негізгі міндеттер жүктеледі:

- 1)салынған мүлікті өз иелігіне алу;
- 2)салынған мүліктің тиісті тәртібі бойынша сақталуын қамтамасыз ету;
- 3)бүліну белгілерінің пайда болуы немесе салынған мүліктің жоғалғандығы туралы ақпарат кепіл беруге уақытылы хабарлау;
- 4)мәміле бойынша несиелік міндеттемелерді,қарызгер немесе 3-ші тұлға,орындалған соң кепіл затын уақытылы қайтаруды қамтамасыз ету.

Кепіл заты, талап ету құқығы (мысалы, кепіл берушінің банктегі депозиттік салымы), арендалық және басқадай мүліктік құқықтар болған жағдайда, олардың есебінен өндіріп алуды, қарызгер несие міндеттерін орындамаған кезде, әдетте сот-арбитраждық тәртіпте жүзеге асырылуы мүмкін. Ал мерзіміне шектеу қойылған кепіл заты,мүліктік құқық болған жағдайда, онда олар көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін ғана кепіл ұстаушы-банкнің иелегіне өтеді.

Несие қайтару қамтамасыздығы дәстүрлі тәсілдердің ішінде аса кең тарағанының бірі поручительство (кепіл болу) болып табылады. Оның субъектілері заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін. Кепілші, несиелеуші банкке қарызгердің келісім-шарт міндеттерін толық көлемде немесе ішінара ескертілген мөлшерде орындауына жауапты болатындығын міндеттеме береді. Осы мақсатпен, яғни поручительство бойынша қатынастарды ресми заңды қалыптастыру үшін несиелендіретін банк пен кепілші арасындағы кепілдік болу (поручительство) мәмілесі жасалынады.

Несие мәмілесіне қол қою кезіне қатысты тәжірибиеде поручительство келісім-шартын жасаудың 3 жағдайы кездеседі:

1)несиелік мәмілеге қол қойылғанға дейін, бұл жағдай, несие беруші -банк үшін аса қолайлы болып табылады және бұл тәжірибиеде көбірек кездеседі. Бұл әлсіз кепілдік база болған кезінде, содан соң қолайлы кепілдіктің жоқ болуына байланысты, банк қарызгер үшін кепіл болуды алғаннан кейін ғана несиені беру мүмкіндігі туралы шарт қояды;

2)несие мәмілесін жасауда бірмезгілде несие беруші-банк,қарызгер және кепілші үшеуінің поручительство келісім-шартына қолдарын қою жағдайы.Бұл да, несие беруші-банк үшін жеткілікті түрдегі қолайлы жағдай болып табылады;

3)несие мәмілесіне банк пен қарызгер қол қойғаннан кейінгі жағдай. Бұл жағдайда несие беруші-банкке қолайсыздау екендігі түсінікті, сондықтан сирек кездеседі.

Кепіл болушылық толықтай,яғни үлестік ставка мен несие сомасының барлығында болуы мүмкін немесе ішінара, яғни негізгі қарыз (несие) сомасына ғана, не үлестік ставкасына ғана болуы мүмкін. Сондықтан, поручительство мәмілесінде кепілші міндеттерінің шекарасы анық көрсетілуі тиісті болып табылады.

Қарызгер және кепілші, несие беруші-банк алдында ортақ жауапкершілікте болады, егерде қолданыстағы заң актілерінде немесе поручительство мәмілесінде кепілшінің субсидиарлық (қосымша немесе ішінара) жауапкершілігі бар кезінде банк- несие беруші қарызды қайтаруды бірігіп немесе олардың жекелеп (кез-келгенің) жүргізуін талап етуге құқылы.

Субсидиарлық жауапкершіліктегі субъект (кепілші тұлға),банк- несие берушінің оған қойған талаптарына қанағаттандыруға дейін бұл туралы негізгі қарызгерді ескертіп отыруы қажет. Кепілші өз міндеттерін орындаған жағдайда осы міндеттемелер бойынша оған несие беруші банктің құқықтары өтеді.

Кепіл ұстаушы несие беруші-банктің құқықтарын оның талаптарына кепілші қанағаттандырған көлемге дейін ғана болады. Бұл жерде кепілші негізгі қарызгерден заңды түрде несие беруші банкке төлеген несие сомасын өтеуді талап етуіне болады, сол сияқты қарызгер үшін жауапкершілікке байланысты болған кепілшінің зияндар орнын толтыруды да талап етуіне болады.

Несие беруші-банк кепілші өз міндеттерін орындағаннан кейін, қарызгерге қойылатын талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды беруге тиісті болып табылады.

Кепіл берумен қамтамасыз етілетін міндеттемелерді орындаған қарызгер,осы міндеттерді қайталап орындамауға,бұл туралы кепілшіні кешіктірмей хабарлауға тиісті және оған регрестік талаптар қоюына болады.

Кепіл болушы мынадай нақты жағдайларда тоқтатылады :

1)міндеттемелерді осы кепіл болудың қамтамасыздығы тоқтатылған кезде;

2)кепәлші жауапкершілігінің ұлғайуына келтіретін немесе сәкес келісім алмастан келенсіз басқадай салдарлары болатын қарызгер міндеттерінің өзгеруі жағдайында;

- 3)кепіл болумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша несиелік қарызды басқа тұлғаға аударылған болса және оған қоса жаң қарызгер үшін жауапкершілікте болуға кепілшінің келісімі алынбаған жағдайда;
- 4)қарызгер немесе кепілші ұсынған тиісті орындауды несие беруші банк қабылдаудан бас тартқан жағдайда;
- 5)келісім-шартта көрсетілген кепіл болу мерзімі өткен жағдайда. Ал кепіл болу келісім-шарттың, оның мерзімі нақтылап орнатылмаған жағдайда, несие беруші банк, кепіл болумен қамтамасыз етілген міндеттерді орындау мерзімінің басынан бастап бір жыл ағымында кепілшіге талап қоймаған болса, онда кепіл болушылық тоқтатылады (яғни мерзімі өткен болып табылады).

9.3. Банктік кепілдік

Несиe қайтару қамтамасыздығы дәстүрлі тәсілдердің біріне банктік кепілдік беру жатады. Қолайлығы және жеткілікті сенімділігіне байланысты оны, банк қаржы жоғалтудан қорғану құралы ретінде жиі қолданылады.

Қазақстанда банктік кепілдік бойынша операциялар жүргізу үшін заң актілік –нормативтік база болып «ҚР-ғы банктер және банктік қызмет туралы» ҚР-ның Заңы табылады (30-бап).

Сонымен бірге банктік кепілдікке қатысты халықаралық ережелер де бар, оның ішінде 1992ж. қолданыстағы Халықаралық Сауда Палатасы қабылдаған «Келісім-шарттық кепілдік бойынша үйлестірілген бір ізділік ереже» болып табылады. Бұл ережеде «банктік кепілдік» түсінігіне келесідей анықтама берілген:

«Банктік кепілдік бұл үшінші тұлға белгіленген, бірақ орындауды уақытында атқармаған жағдайда, ондағы көрсетілген соманы төлеу үшін банктің кері шақырылмайтын міндеттемесі болып табылады. Кепілдік, бұл несиe беруші мен негізгі қарызгер арасындағы келісім-шарттан немесе негізгі қарыз бойынша қалыптасқан қатынастардан тәуелсіз өз алдында жеке міндеттеме болып табылады. Кепілдік беру арқылы, оның мәтінінде қарастырылған жағдайлар орындалған болса, онда 1-ші талап бойынша төлеуге міндеттенеді».

Халықаралық талаптарға сәйкес банктік кепілдікте келесідей негізгі мәліметтер бейнеленуі қажет болып табылады:

- 1) қарызгердің, кепілдік берушінің және несиe берушінің аттары;
- 2) кепілдік беру бойынша міндеттемелердің қамтамасыздығы туралы мәліметтер;
- 3) төлем жүргізу бойынша валюта аты;
- 4) төлеуге мүмкін болатын максималдық кепіл сомасының шамасы;
- 5) кепіл мерзімі немесе кепілдікті тоқтатуға себебі болатын жағдайлар;
- 6)төлем талаптарын жою жолдары;
- 7)міндеттеме сомаларын азайту мүмкіндігі және оның факторлары.

Бұлардан басқа,банктік кепілдік текстінде оның кері шақырылмайтындығы да көрсетілуі мүмкін.

Несиені қайтарудың қамтамасыздығының тәсілдері ретінде банктік кепілдік пен кепіл болу арасында көп жақты қатынастар болғанымен (мысалы, үш жақтылық қатысушылар: - қарызгер, несие беруші және кепілші), олардың арасында белгілі-бір айырмашылықтар бар, оның ішінде:

1) кепіл болудан банктік кепілдіктің айырмашылығы негізгі міндеттеме қамтамасыздығын орындаудан тәуелсіз болуында, тіпті бұл жағдайда кепілдікке сәйкес сілтеме жасалынған болса да;

2) банктік кепілдіктің субъектілері болып тек несие мекемелерімен сақтандыру ұйымдары ғана бола алады, ал кепіл болу субъектілері – түрлі заңды және жеке тұлғалардан тұрады;

3) жақтар арасындағы қатынастарды орнату формасы бойынша да айырмашылық бар. Мысалы, банк- гарант пен банк- несие беруші арасында банктік кепілдік туралы келісім-шарт жасалуы мүмкін немесе банк-гарант несие беруші-банкке кепілдік хат жібереді. Кепіл болу бойынша қатынастар тек жақтар арасындағы кепіл болушылық келісім-шартын жасаумен ғана орнатылады.

Банк-гарант, кепілдік беру мәселесін шешу кезінде қарызгердің нақтылы қаржылық жағдайына аса көңіл аудару қажет, себебі оның төлем қабілетсіздік жағдайы гарант үшін өте негативті болуы мүмкін.

Осыған байланысты, тәжірибиелі британдық қаржыгер Кристофер Блумфилд гарант-банктерге мынадай негізгі ережелерді сақтауды ұсынады:

- кепілдік берілетін келісімнің (несие мәмілесінің) сенімділігіне қатаң көз жеткендік болуы;

- келісім мәнін және қарызгердің несиені қайтару мүмкіндік болашағын тыңғылықты зерттеу;

- банк-гарантқа қолайлы нақтылы сомаға кепілдік берілетіндігі туралы несие беруші банкпен алдын-ала келісу.

Банктік кепілдік әдетте, кері шақырылмайтын сипатта болады, яғни оны кері шақырып алуға, жоюға (аннулирование) немесе біржақтылық шешіммен өзгертуге болмайтындығы болып табылады. Сонымен бірге кепілдік мәміледе қарастырылған жағдайда оның кері шақырылатыны да болуы мүмкін. Бұл жағдайда, банк-гарант кезкелген уақытта өзінің кепілдігін кері шақырып алуы мүмкін. Сондықтан, мұндай кепілдік банк- несие беруші үшін ешқандай мәні жоқ болып табылады.

Несиелік қызметтегі субъектілер арасындағы қатынастарда (банк- несие беруші, қарызгер және банк-гарант) банктік кепілдіктің күшіне ену уақытын анықтау аса маңызды болып табылады. Әдетте, бұл уақыт оның берілген күні болып есептелінеді. Дегенмен, банктік кепілдік туралы мәміледе, бұл келесілермен әрі қарай нақтылануы мүмкін:

- кепілдікті берген күннен бастап;

- банк-гарантқа қарызгер комиссиялық сыйлықты қарызгердің аударғаннан кейін, оның мөлшері мәміле жағдайы бойынша кепілдік сомадан анықталған пайызды құрайды;

- қарызгер алатын несиенің барлық сомасын, оның көрсеткен шотына есепке алу уақытынан бастап;

- несие мәмілесіне сәйкес несиені тек мақсаттық пайдалану жағдайы кезінде ғана және т.б.

Заңдық шиеленісу жағдайын болдырмау үшін банктік кепілдік мәміледе және кепілдік хатта қандай міндеттерді орындауға кепілдік берілді, кімге берілді, яғни несие беруші-банктің аты және кім үшін (яғни қарызгер аты) берілгендігі анық түрде жазылуға тиісті болып табылады.

Алыс шетелдерде банктік кепілдік кеңінен тарау алған және бұл қызмет түріндегі банкаралық қатаң бәсекелестік жағдайында банк-гаранттардың комиссиялық алымдары айтарлықтай төменгі ставкада қалыптасып, кепілдік сомасының 0,1-0,8%-ды құрайды. Ал Ресей Федерациясында және бізде кейде болып тұратын экономикалық және құқық тұрақсыздық кезінде жоғарғы банктік тәуекел жағдайында бұл көрсеткіш (комиссиялық алым) айтарлықтай жоғары болады, яғни кепілдік сомасының 4-10%-ын құрайды.

9.4. Несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі емес тәсілдері

Несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі емес тәсілдеріне: несиені қайтару жауапкершілігін сақтандыру, вексель, аккредитив, дисконтпен қарызды сату, факторинг және диффейтинг, банкроттық, қарызгердің шетелдердегі шоттарын қаржы қайтарып алу жатады.

Бұл тәсілдердің негізгі мазмұндары: несиені қайтару бойынша жауапкершілікті сақтандыру тәсілі мен нарықтық жағдайда оның қалыптасуының алғы шарт жасалынумен болашақта ұлттық экономиканың дамуын тұрақтандыру және ынталандыру негізінде инвестициялық климатты жақсартумен еліміздегі жүргізіліп жатқан реформаларға осылардың оң әсерін тигізетінімен түсіндіріледі.

Жауапкершілікті сақтандыру тәсілі, оған қатысушы үш жаққа (несие беруші-банк, қарызгер және сақтандырушы) өзара пайдалы келісім жасауға көмектеседі. Бұл жерде несие беруші-банк несиені қайтарудың сенімді кепілдігін алады, қарызгер – несиені өз уақытында жоймағандығынан пайда болатын іскерлік репутациясын жоғарлатудың кепілдендіреді, ал сақтандырушы, сақтық тарифі түріндегі қызметі үшін материалдық сыйлық алады. Бұл жерде жауапкершілікті сақтандыру күшінде болған кезде қолданылатын терминдерді сақтандыру пәнінен оқып, оларды еске түсіру қажет. Несиені қайтару жауапкершілігін сақтандыру субъектілерінің арасындағы қарым-қатынасты сақтандырудың келісім-шартына сәйкес анықталады. Бұл мәмілені жасау жағдайы мен тәртібі сақтандырудың сәйкес түрі бойынша стандарттық ереже негізінде орнатылуы мүмкін, ал ондай ережені сақтандырушылар бірлестігі немесе жекеленген сақтандырушы субъектілер қабылдап, олармен бекітілуі тиісті.

Алыс шетелдерде несие ресурстарын сақтандыру тәжірибиесі кеңінен қолданылады. Мысалы, аса ірі сақтандырушылар: АҚШ-тың Эксимбанкі, Германиядағы несиені сақтандыру АҚ-ы «Гермес», және т.б.

Нарық қатынастарының инвестициялық сферасында тереңдеп енуімізге байланысты біздің елімізде де бұл тәсіл кеңінен қолданылатын болады.

Несиенің қайтару қамтамасыздығы ретінде өздерінің позитивтік рөлдерін вексель және аккредитивтер атқарады. Олардың түрлері, сипаттамасы, реквизиттері және заңдық формалары туралы «Банк ісі» мен «құнды қағаздар нарығы» пәндерінде жақсы көрсетілген.

Вексельдің формасы заңмен орнатылады,оның табиғи заңдылық ерекшелігі бар,яғни вексельде бір мезгілде қарыздық міндеттеме мен қаржылық есеп айырысу қасиеттері біріктірілген.Сонымен бірге,вексель белгіленген тәртіппен ҚР-да тіркелген заңды және жеке тұлғаларға берілуі мүмкін.

Қамтамасыздық формасы түрінде вексельді қолдану тәжірибиеде вексельдік несиелер берілуі мүмкін. Арнаулы шот бойынша мұндай несиені қайтару, әдетте бұны несиені алған субъект жүзеге асырыды. Несиені қайтарғаннан кейін, оған жойылған несиенің мөлшеріне сәйкес көрсетілген сомасы, қамтамасыздыққа алынған вексельдермен қайтарылады. Содан соң несиені қайтару, клиенттің жарлығы бойынша оның есеп айырысу шотына қаржы аудару жолымен немесе несиені қамтамасыз етіп тұрған вексельдер бойынша вексель берушіден түсетін түсім ақшаларды өзара өтеу (есепке алу) жолыменде жүзеге асырылады.

Клиенттер үшін банктік вексельдер аса жоғарғы қызығушылықты тудыратын құрал болып табылады, себебі ақшаға қарағанда сенімді банктің векселін иемдену көбінде пайдалырақ болып келеді. Өйткені, ақшалар табыс әкелу үшін, оларды құнды қағаздарға, немесе несиелерге, депозиттерге салым жасау үшін керек, ал анандай жағдайларда, оны ақшалармен есеп айырысу үшін пайдалануға болмайтын болып шықты. Ал банктік вексельдер болса, олар бір мезгілде қарыздық құрал болуымен бірге,төлем қаржысы да болып табылады.

Қазіргі қаржылық нарық жағдайында несиелендіру құралы ретінде және оның төлемін қамтамасыздық ететін қаржы түрінде аккредитивтің рөлі мен маңызы артуда.

Халақаралық ауқымда, ел ішінде де аккредитивті шығару және айналымға енгізу халықаралық сауда палатасының унификацияланған ережелерімен реттелінеді.

Қамтамасыздық критериялары бойынша аккредитивтердің үш түрі болады: 1) кері шақырылатын; 2) расталмаған, кері шақырылмайтын; 3) расталыған кері шақырылмайтын.

Кері шақырылатын аккредитив - бұл оны ашқан банк кезкелген уақытта,пайдасына тағайындап ашылған субъектіні (бенефициарды) алдын-ала хабарламастан, кері шақырылып алуы немесе оның күшін жоюы мүмкін. Бұл аккредитив түрінің кішкене оң (плюс) және үлкен теріс (минус) жағы бар. Бұның артықшылығы, оның қарапайымдылығы мен банктің (сатушы) орналасқан жерінде төлемді тез және шұғыл жүргізуге болатындығынды. Ал оның кемшілігі, бұны орындау мүмкіндігімен байланысты серіктестіктер арасында өзара толық сенімділіктің болуы қажетті. Қалған басқа жағдайлардың барлығында кері шақырылмайтын аккредитивтерді пайдалану ұсынылады,себебі олардың мәні бойынша қызығушылық білдіретін жақтардың

(экспоттердің) келісімінсіз кері шақырып алуға немесе оның күші бар мерзім аяғынан ерте өзгертуге болмайды.

Расталмаған кері шақырылмайтын аккредитивте қарызгерге (несие алушы) қызмет көрсететін банк, оған қатысы болғандықтан төлем жүргізу міндетін өзіне алады және аккредитив құжаттарының жағдайына сәйкес белгіленген мерзімге тапсырылған кезде ғана өзіне осы міндеттемені алады. Бірақ, саяси немесе экономикалық тұрақсыздыққа байланысты төлемді аудару тоқтатылатын жағдайлар пайда болғанда ғана бір банктің міндеттеме алуы толық кепілдік бере алмайды және белгілі-бір мәселелердың пайда болуы мүмкін. Осыған қарағанда, расталынған, кері шақырылмайтын аккредитив анағұрлым сенімді болып табылады. Бұл жерде эмитент-банкке (қарызгерге қызмет көрсететін банкке) қосымша екінші бір банкке (растайтын банк) аккредитив шарттарын орындаған жағдайда ғана төлем жүргізуге міндеттеме алады. Осылайша банк- несие беруші расталынбаған аккредитив жағдайында болатын барлық тәуекелдер (саяси, экономикалық, әлеуметтік, т.б) ескеріле отырып, ол шығарылып тасталынады, ол расталынған, кері шақырылмайтын аккредитив кезінде растаушы банк кез-келген жағдайда төлемді (несиені қайтаруды) қамтамасыз ету міндетін өзіне алады.

Сонымен бірге, растаушы банк осындай қатаң міндеттеме алу үшін бірқатар жағдайлардың сақталуын талап етеді, оның ішінде:

- ашылған аккредитив кері шақырылмайтын болуы
- аккредитивті пайдалану мен төлеу растаушы банкте болуға тиісті
- аккредитивте эмитент-банк өкілеттілігі банк-корреспондентке өтуі немесе берілуі анықтап, қарастырылуға тиісті
- аккредитив текстінде дұрыс берілмеген түсініктемелер болмауға тиісті және қарызгерге аккредитив жағдайын орындамауға мүкіндік беретін ескертпелердің болмауы керек.

Несие қамтамасыздығы тәсілі ретінде дисконтпен борыштарды сату жолы да тәжірибиеде қолданылады. Ол кредитордың дебиторлық қарыздарды жеңілдіпен ,яғни бағасын кемітумен сатуды білдіреді, ал бұл жеңілдік (құн айырмасы) осы қарызды сатып алушының табысын құрайды.

Аталған жеңілдік мөлшері бірқатар факторларға тәуелді, оның ішінде:

- осы кезеңдегі депозиттік ставкалардың нарыққтық деңгейіне;
- қарызды қайтарудың белгіленген мерзіміне;
- сатуға ұсынылатын қарыз сомасына;
- төлем қабілеттілігінен қарызгердің мүмкін болатын банкроттығына байланысты тәуекел дәрежесіне.

Қарызгердің сату несие берушіге несиені жою сомаларын және оның шотына жылдам түсуін қамтамасыз етеді. Бұл сатудың мәні, қарызды талап ету құқығын басқа субъектіге беру болып табылады, яғни несие беруші, өзінің дебиторлық қарыздарын сату арқылы борышын тезірек қайтару мүмкіндігін алады. Бірақ, осы мүмкіндік үшін ол қарызды сатып алушыға, оның бір бөлік сомасын беруіне мәжбүрлі болады, яғни өзіне тиесілі дебиторлық қарыз сомасын кемітуіне тура келеді, ал ондай сома дисконттық шаманы құрайды. Бұл процедура, несие берушілерге несиені белгіленген уақыттан кейін қайтаруды

күтуден анағұрлым пайдалы болады, әсіресе қарызгердің сенімділігіне күмәнділік туғанда инфляция жағдайда және оның әсерін ескерген де бұл жөн болып саналады.

Ал қарызды сатып алған жақ, келешекте осы сомаларды алуына сенімді болу мақсатымен дебитордан сәйкес кепілдік міндеттемені алады. Қарызды дисконтпен сату процедурасы кредитор (қарызды сатушы), осы қарыз сатып алушы және қарызгер (борышкер) арасындағы үш жақтылық келісім-шартпен жасалады. Бұл мәміле бойынша қарызды сатып алушы дисконт сомасын шығарып тастаумен, сатушыға (несиелеушіге) белгіленген мерзімде борыштық қаржыны аударуға өзіне міндеттеме алады, ал қарызгер борышты қайтару мерзімін өткізіп жібергені үшін төленуге тиісті пайыздарды есепке ала отырып, қарызды сатып алушыға толық соманы аударуға міндеттенеді. Қарызды дисконтпен сатудың несиелеуші банк үшін экономикалық және практикалық маңызды оның капитал айналымын жылдамдату, несиелесу ресурстарына қажеттілігін азайту болып табылады, қарыздардың қайтарылмай жоғалуы мүмкін болатын тәуекелдіктердің болмауы (себебі, бұл тәуекелдіктерді қарызды сатып алушы өтейді) және баланс өтімділігі көрсеткіштерінің жақсаруы арқылы байқалады.

Атап өтілген қамтамасыздық тәсілі алыс шетелдерде айтарлықтай тараған, ал ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда, банктермен несиелесумен айналысатын басқа субъектілердің тәжірибесіндее жинақтауымен, ол қолданысқа еніп өзінің дамуын алатын болды.

Қазақстан үшін, сол сияқты бұрынғы кеңестіктегі елдер үшін несиелесу қайтару қамтамасыздығы құралы ретінде қолданылатын төлем төлеудің және есеп айырысудың жаңа түрінің бірі факторинг болып табылады. Ол қаржылық операциялардың бір түрі, бұл жерде субъект (агент, делдал ретінде коммерциялық банк, қаржылық немесе маманданған факторинг компаниясы факторинг қызметін көрсетеді), несиелесуші-банктен қарызгердің акшалық талаптарын сатып алады және осы үшін өзінің белгіленген сыйақысын алады, несиелесушінің пайдасынан қарызды қайтарады.

Факторинг атқарған қызметі үшін (қарызгерден борышты талап етуі бойынша) несиелесуші -банктен мынаны қайтарып алады:

А) факторингтік комиссиялық төлем. Оның мөлшері дамыған шетелдерде 1,5-3%-ды, ал Қазақстанда (нақтылы жағдайларға байланысты) счет-фактура сомасынан 5%-дан 25%-ға дейінгіні құрайды. Бұл комиссиялық төлемнің шамасы қайтарылатын несиелесу сомасына (сома үлкен болса, факторингтік комиссиялық төлемнің үлесі кіші болады), тәуекел дәрежесіне және қажетті делдалдық жұмыстар көлеміне тәуелді болып келеді.

Б) инкассацияланған шоттарға сәйкес (қарама-қарсы) несиелесуші-банкке төленетін аванстың күнделікті қалдығынан қарыздық пайыз алынады. Бұл пайыз авансты берген күнен бастап несиелесу қарызды жойған күнге дейін есептеледі. Қарыздық пайыз ставкасы қысқа мерзімдік несиелесу бойынша белгіленген ставкалардан 1,5-2,5% жоғары немесе Орталық (Ұлттық) банктің есептік ставкасынан 1-2% жоғары болып келеді.

Несие қайтару қамтамасыздығының тағы бір тәсілі – форфейтинг. Бұл жерде қаржылық агенттік несиелер алдындағы қарызгер міндеттемелерін сатып алу бойынша жүргізілетін банктік операция болып табылады, несиені қайтару бойынша міндеттейді. Бұл міндеттеме қарапайым немесе аудармалы векселмен (тратта) қамтамасыз етіледі. Өзінің мәні бойынша форфейтинг операциясы факторинг операциялармен өте ұқсас болып келеді. Форфейтингтің негізгі айырмашылығы, ол, сатып алынған қызмет көрсету құқығын қайта сату арқылы несие қарызын қайтарып алуға байланысты бір реттік операция болып табылады.

Форфейтинг операциясының негізгі қатысушылар: банк-несиелеуші, форфейтер (қаржылық агент немесе делдал) және қарызгер. Олардың арасындағы қарым-қатынастар векселдік құқық нормасымен анықталады.

Кезкелген формадағы қарыздар, оның ішінде несиені қайтару да, форфейтингтеу заты (нысаны) болуы мүмкін. Банк-несиелеуші қарызгермен жасаған несие келісімінің барлық пайда-шүйдесіне (детали) дейін форфейтирге қатысты, оның ішінде несиені қайтару жағдайы, банктік қамтамасыздық түрі, банк-гаранттың аты және т.б. болады.

Форфейтинг, Швейцария, Германия, Франция, Ұлыбритания елдерінде кеңінен таралған. Нарық жағдайының біздің елге біртіндеп енуімен бірге, форфейтингтік операциялар Қазақстанда кеңінен атқарыла бастайды.

Несие қайтару қамтамасыздығының барлық тәсілдері түгесілген кезде несиелер, қолданыстағы заң актілеріне сәйкес қарызгерді банкрот деп жариялай отырып, осындай дәстүрлі емес тәсілге баруға мәжбүрлі болып табылады.

Қарызгердің банкроттығы бойынша процедураны Қазақстанда 1997ж 21 қаңтардағы қабылданған «Банкроттық туралы» ҚР Заңы негізінде жүзеге асырылады. Аталған заңға сай (2 пунктін 3-бабы), қарызгердің банкроттығы туралы кредиторлардың сотқа берген шығындары негізінде мәжбүрлі түрде орнатылады. Бұл заң бойынша қарызгерге қатысты, несие берушінің оған қойған талаптарын үш ай ағымында жоймаса (төлем қабілетсіздігі танылған) және осы мерзімде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді өтемесе, онда мынандай процедура түрлері қолданылуы мүмкін:

а) қайта құру, яғни кәсіпорынның (мүлкін банктің) қаржылық жағдайын жақсартуға және қызметін жалғастыруға бағытталған шаралармен, оның жойылуының алдын-алу мүмкіндігі іздестіріледі. Осы мақсат үшін қарызгер мүліктерін сырттан басқару мен оның жағдайын сауықтыру ұйымдастырып, енгізіледі;

б) төлемді кейінге қалдыруға немесе қарыз сомасынан жеңілдітер беруге қатысты қарызгер мен несиелеуші арасындағы мәмілеге қол жеткізу процедурасын білдіретін келісімге келу процедурасы;

в) қанағаттанғысыз (қайтаруға шамасы жоқ) қарызгердің мәжбүрлі немесе ерікті жойылуын қарастыратын жою процедурасы.

Жойылатын қарызгер-банкроттың мүліктерін сатудан түсетін табыстар орнатылған тәртіппен несиелеушілердің борыштарын жоюға кетеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, барлық аталынған қамтамасыздық тәсілдері, егер олар басты мақсатқа, яғни несиенің негізгі сомасы мен пайыздық

ставканың барлық қарыздық сомаларын жоюға қол жеткізетін болса, онда ол жақсы болып табылады. Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерде, оның ішінде Қазақстанда, жоғарыда көрсетілген тәсілдің біртіндеп енуі шетелдік банктермен корреспонденттік қатынастардың кеңейуімен және қарызгердің, шетелдік шоттарынан қаржыларды қайтарып алу жолымен байланысты және осы арқылы болатын несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі емес тәсілінің тарауы осыдан.

Бұл тәсілдің негізгі бір артықшылығы қарызгердің корреспонденттік шоттарын салыстырмалы бірнеше күн ішінде жылдам түрде тұтқындау болып табылады, ал оның кемшілігі корреспонденттік шоттарды блокировкалау кезінде талап етілетін сомадан 10% мөлшерінде сақтандыру үшін депозиттік ашу қажет болып табылады және істің сотта қарау мерзімінің айтарлықтай ұзақ болуымен байланысты.

Ресейлік банктер тәжірибесінде бұл тәсіл,өзінің оң жақсы нәтижелерімен орын алып,қолдануда.Мысалы, «Платина» банкі АҚШ-тың соты көмегімен Мытища коммерциялық банкі мен Межрегиондық коммерциялық банктеріне берілген несиелерді қайтару қамтамасыздығына қол жетуізді,сол сияқты Альфа-банк,РАТО-банктің (банк-гарант) корреспонденциялық шотынан,Нью-Йорк қаласындағы бұл шотқа тұтқындау жолымен, 580мың долларды қайтарып алды.

Қарызгердің шетелдік шоттарының мекен-жайы бойынша бұл іс-қимылдар, екі жақтар арасындағы заңдық көмек туралы келісімдерге сәйкес және 1954ж. азаматтық процесс мәселелері боцынша Гаагалық конвенциямен 1970ж азаматтық пен саудалық істер бойынша шетелден дәлелдеме алу туралы Конвенцияға және 1980ж халақаралық әділеттікке (әділ сот) қол жеткізу туралы Конвенцияға сәйкес жүргізіледі. Осындай іс-қимылдар, ТМД елдерінде 1993ж 22 қаңтардағы қабылданған көпжақтылық конвенцияларға сәйкес сот органдары арқылы жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған несиені қайтару қамтамасыздығы тәсілі бойынша қарызгер-борышкердің шетел банкісінде шоты ғана емес,басқа елде жылжымайтын мүлігі болуы да мүмкін. Тәжірибие көрсетіп отырғандай,қарызгердің шетелдегі жылжымайтын мүлігін іздестіру,оның шетелдік шотын іздеуден жеңіл болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, несие беруші-банк несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі және дәстүрлі емес тәсілдерін қолдануға, олардың бүтіндей арсеналын иемденеді. Дебиторлық қарызды қайтару уақытын өткізудің алдын-алу бойынша несие беруші-банк жұмысының табыстылығы, оның қандай тәсілі осы мәселені шеше алатындығын ескеріледі, сол сияқты нақтылы жағдай үшін оларды қолдану тәртібі мен мақсатты тиімділігіне де тәуелді болып табылады.

Қарастырылған тәсілдердің ішінен тәжірибиеледе қайсысын қолданудың қолайлығы мен тиімділігі көптеген факторларға тәуелді, оның ішінде:

- қолданылатын несиелендіру формасының заңдық қамтамасыздығына;
- несие беруші -банк мамандарының осы ауқымда қажетті практикалық тәжірибиелерінің болуына;

- несиені қайтару қамтамасыздығының белгілі-бір формасына маманданған жоғары білікті заңгердің болуы немесе оны тарту мүмкіндігіне;
- несиелеуші-банк пен қарызгердің нақты мүмкіндіктеріне.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Несиені қайтару қамтамасыздығының тәсілдері қандай?
2. Кепілдік не үшін керек?
3. Кепіл заттарына не жатады?
4. Банк кепілдігі немен сипатталады?
5. Вексель мен аккредитивтер атқаратын рөлін түсіндіріңіз?
6. Факторинг нені білдіреді, кепілдікке қандай қатысы бар?
7. ҚР «Банкроттық туралы» заңы не үшін қабылданды?
8. Қарызгер –борышкердің шетелдегі мүлкі және банкте ашылған шотындағы несиені қайтару мақсатында ақша сомасы қалай қолданылады?
9. Шетел банктердің тәжірибесінде несиенің қайтаруын қамтамасыз етуде қандай тәсілдер қолданылады?

10 ТАРАУ. ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, АКЦИОНЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЛИЗИНГТІК ӘДІСТЕРМЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

- *Инвестицияны өзін-өзі қаржыландыру және оның нарықтық экономика жағдайында дамуы*
- *Акционерлеу - инвестициялардың өзіндік әдісі ретінде*
- *Инвестициялаудың лизингтік әдісі*

10.1. Инвестицияны өзін-өзі қаржыландыру және оның нарықтық экономика жағдайында дамуы

Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты инвестициялық сферада өзін-өзі қаржыландыру әдісі айтарлықтай дамуда. Бұл әдіс нарықтық кезеңге дейін-ақ тәжірибиеге енген болатын, бірақ әміршіл-әкімшілік жүйедегі басқаруға тән экономикалық кемістіктерге байланысты қолданылмауы орын алады.

Шаруашылықты жүргізу тәжірибиесінде «өзін-өзі ақтау» және «өзін-өзі қаржыландыру» түсініктердің қолданылуы өте қажет.

1-ші түсінік (өзін-өзі ақтау) коммерциялық есептің азырақ, кемдеу дамыған формасына сәкес келеді. Бұл жерде, субъектінің (мелекеттік, акционерлік немесе жеке меншік субъект болса да) қызмет атқаруын қамтамасыз ететін қаржылар ақталуға тиісті болып табылады. Бұрынғы жағдайда, өзін-өзі ақтау кезінде, пайданың басым бөлігін кәсіпорыннан мемлекет алуға қатысты тәртіп орнатылған еді.

Бірақ, кәсіпорын өзінің негізгі қорлары мен айналым қаржыларын құру үшін бюджеттік ассигнования алып отырды, сонымен бірге шаруашылық қызметінің нәтижесінен тәуелсіз әлеуметтік дамуға да бюджеттік қаржылар бөлініп келді. Мұндай тәртіппен өндірістік еңбекті ынталандыру мүмкін болмады.

Өзін-өзі қаржыландырудың мазмұны – бұл пайдадан (табыстан) бюджетке төленетін міндетті төлемдер мен салықтары шығарып тастағаннан кейін шаруашылық субъектісінің иелігінде оның қалған бөлігінің саммасымен сипатталады.

Өзін-өзі ақтаудың ерекшелігі, әдетте ол жай қарапайым өндірісті көрсетеді. Ал өзін-өзі қаржыландыру кезінде меншіктік және тартылған қаржылардың есебінен үдемелі ұдайы өндіріс орын алады, сол сияқты ұжымның әлеуметтік мәселелерінің шешілуде қамтамасыз етіледі.

Өзін-өзі қаржыландырудың құрылуы және дамуы инвестицияны қаржыландыруда меншікті көздердің үлес салмағының ұлғайуын қажет етеді (пайда және амортизациялық аударым арқылы). Бұл жерде инвестордың меншікті жинақ қорлары несиелік көздермен және басқадай тартылған қаржылармен (құнды қағаздар шығару) толықтырылады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде өзін-өзі қаржыландыру деңгейі позитивтік жағдайда деп саналады, егер инвестицияны қаржыландырудың

жалпы көлемінде меншікті көздердің үлес салмағы 60%-дан кем болмаған кезде.

Жеке меншік компанияларда мелекеттік қаржыландырудың ұлғаю тенденциясы орын алған жағдайда және меншіктік көздердің үлесі төмендеген уақытта іскерлік ортада, бұндай компанияның беделі (рейтингі) төмендейді және банкроттың басы деп қарайды.

Өзін-өзі қаржыландыру жағдайында АҚШ-та, Канадада, ЕЭС (Еуропалық экономикалық одақ) елдерінде, меншіктің ішкі көздерімен қаржыландыру есебінен инвестициялық сферада өндірісті интенсификациялау үшін жылдамдатылған амортизация деген тәсіл тәжірибінде кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл біздің елімізде де енгізіліп, қолданылуда.

Инвестицияны дамыту жолында экономикалық ынталандыру ретінде қарастырылатын жылдамдатылған амортизация екі жолмен жүргізіледі:

- 1-шісінде, нормативтік қызмет мерзімі жасанды түрде қысқартылады және соған сәйкес амортизация нормасы өсіріледі. Осыдан, негізгі капиталдың атқаратын қызметтің нақты мерзімі амортизациялық кезеңнен асып түседі, соның нәтижесінде кәсіпорын, негізгі қаржылардың құндық тозу түрінде салынған капитал сомасын қысқа мерзім ішінде қайтарып алуға мүмкіндік алады. Жылдамдатылған әдіспен есептелінген амортизациялық аударымдарды шаруашылық субъектілер, физикалық және моралдық ескірген техникалармен технологияларды еуропалық және халықаралық стандарттағы бәсекеге қабілеті жаңа технологияларға ауыстыру жолында өз еріктерінше пайдаланады.

- 2-шісінде негізгі капитал қызметінің орнатылған нормативтік мерзімін қысқартпастан, бірқатар жылдар бойы амортизациялық аударымдар жоғарғы мөлшерде жүргізіледі, бірақ оларды кейінгі жылдарда бұл төменгі мөлшермен есептеліп жүзеге асырылады. Осының нәтижесінде амортизациялық аударымдар басып озу қарқыны түрінде меншікті ұлғайту көздердің жылдам пайда болу жолы болып табылады. Ал, пайдаға келетін болсақ, ол амортизациялық аударыммен салыстырғанда аса динамикалық элемент болып табылады. Ол салық салу саясатына байланысты және мемлекеттің реттеушілік әсерлеріне сезімталдық білдіреді.

Ішкі және шетелдік инвесторлар үшін және өзін-өзі қаржыландыру принципіне қарай инвестициялық салымдарға бірқатар жеңілдіктер (олардың ішінде салық салубойынша) берілуі кездейсоқ жағдай емес.

Жаңа амортизациялық саясатқа сәйкес бірқатар ынталандыру жағдайы қарастырылған (әсіресе мелекеттік секторда):

- негізгі қорларды толық қалпына келтіру үшін амортизациялық аударымдардың 15-20% жоғарытылған жаңа нормалары енгізілді;

- амортизация түгелімен кәсіпорын иелігінде қалады және бұрынғыдай оны алып қоймайды;

- техникалық қайта жарақтану және қайта құру кезеңдерінде амортизациялық есептеулер жүргізіліп, амортизация негізгі қорлардың қызметтік нормативтік мерзімдеріне сәйкес ұзартылады.

Осы және басқада ынталандыру шаралары, нарықтық қатынастарды жетілдірумен бірге акционерлеу үдерісін бізмезгілде жылдамдатуға және кеңейтуге жол ашады.

10.2. Акционерлеу- инвестициялардың өзіндік әдісі ретінде

Экономикалық қайта құрумен нарықтық қатынастар дамуының біртіндеп тереңдей енуіне байланысты инвестициялық сферада ірі құрылымдық өзгерістер, сол сияқты инвестициялаудың тиімді әдістемелерін пайдалану орын алды. Осы аспектіде акционерлеу үрдісі даму үстінде және оның инвестициялаудағы позитивтік әдістері жетілдірілуде. Өндірістік сферада, содан соң банктік секторда акционерлік қоғамдар (АҚ) пайда болып, даму жолында (сан жағынан да, сапа жағынан да абсолюттік артықшылықпен көрініс алуда).

АҚ-ның жарғылық капиталы негізінен акцияларды сатудан қалыптасады. Акция бұл АҚ қызметіне қатысуға акционер құқығын растайтын құнды қағаз. Өзінің табиғаты бойынша акция өндіріспен өте тығыз байланысты болып келеді. Акция қаржылық ресурстарды жинақтау және инвестициялау құралы қызметін атқарады.

Акционерлеу және акция қозғалысын кеңейту инвестицияны айтарлықтай қаржы резервтерімен қамтамасыз етудің бір жолы болып табылады.

Акционерлік фирмада шаруашылық жүргізудің бірқатар артықшылықтары мен ынталандыру сылтаулары бар, оның ішінде:

- дивиденттер мөлшері (АҚ-ға қатысулардың табысы) оның қызмет нәтижесіне тікелей тәуелді;
- зиян шеккен жағдайда дивидент төленбейді (зиянсыз жұмыс істеуге ынта);
- банкрот болған жағдайда АҚ-ның барлық қатысушылары ортақ жауапкершілікте болады;
- акциялар көмегімен жүзеге асырылатын инвестициялық бағдарламалар, жоғары тиімді технологиялар мен техникалық қайта жарақтау мен және т.б. бағыттағы мақсатпен сипатталады;
- АҚ мүшелерінің акцияға салымдары үлкен әлеуметтік қорғаныста болады.

Экономикалық басқарудың құралы, оның ішінде инвестициялау әдісінің тиімді түрі ретінде құнды қағаз - акцияны пайдалану тәжірибиесі әлемдік практикадан жинақталған.

Құнды қағаздар нарығында акциялар бағамы айтарлықтай ауытқумен жиі өзгеріп отырады. Бұл жерде басты факторлар дивиденттер шамасы мен қарыздық капитал пайызы болып табылады. Дивидент қаншалықты жоғары болса, соншалықты акция бағасы қымбат болып, оның бағамы жоғары болады. Бірақ банкттер қарыздық пайызы шамасын көтерген кезде, акция бағамы төмендейді.

Бұл тәуекелділік мына формуламен көрсетуге болады:

$$K_a = D : C_n * N_b, \text{ бұл жерде:}$$

K_a = акция бағамы;

D = дивиденд ставкасы;

C_n = қарыздық пайыздық нормасы;

H_0 = акцияның номинальдық бағасы.

Акция бағамына мынадай факторлар әсерін тигізеді:

- нарықтық сұраныс пен ұсыныс;
- АҚ ағымдағы және алдағы болатын табыстылығы;
- алтын және жылжымайтын мүлік бағасы;
- акцияның өтімділігі, яғни ешбір жоғалтусыз оның ақшаға айналу мүмкіндігі.

Инвестициялық сферадағы құнды қағаздар нарығының белсенді мүшелері болып АҚ-дар, оның ішінде банктер болып табылады.

Нарық қатынастарының тереңдеп енуіне байланысты және экономиканы жылдамдатып тұрақтандыру мен оны әрі қарай дамытуда құнды қағаздар, әсіресе акциялар нарығының белсенді қатысушысы ретінде және оны нығайтуда инвестициялық институттар болуға тиісті. Олар заңды тұлға ретінде ҚР «Кәсіпорындар және кәсіпқойлық қызмет туралы» Заңында қарастырғандай кезкелген ұйымдық-құқықтық формада құрылады. Бұндай инвестициялық институттардың құрылтайшылары болып қолданыстағы заң актілеріне сәйкес отандық және шетелдік субъектілер табылады.

Аталған инвестициялық институттар өз қызметтерін мынадай формада жүргізу мүмкін:

- инвестициялық компания (инвестициялық үдерістің менеджменті);
- инвестициялық қор;
- инвестициялық кеңесші (консультант);
- делдал (құнды қағаздар бойынша қаржылық брокер).

Инвестициялық компанияның негізгі қызметтері құнды қағаздар шығару және оларды орналастыру бойынша кепілдік беру мен құнды қағаздарға қаржы салу, яғни өз атынан және өз есебінен оларды сатып алу мен сату және т.б. Мұндай компания, өзінің қаржы ресурстарын меншікті қаржылар (құрылтайшылар қаржысы) есебінен және заңды тұлғаларға сатылатын құнды қағаздарды эмисиялау (шығару) есебінен қалыптастырады.

Инвестициялық қор АҚ фирмасында құрылады. Оның жағысында қаржылық операцияларды жүргізу тәртібі, жұмылдырған қаржылардың нақты бағыттары, операция жүргізу жағдайы, банк мекемелерімен өзара қатынастар тәртібі, құрылтайшылардың (басқарушылардың) акционерлер алдындағы жауапкершіліктері және басқа да жағдайлар қарастырылады. Бұл қор инвесторлардың ақша қаржыларын тарту мақсатымен акциялар шығаруды жүргізеді және қор атынан қаржыларды құнды қағаздарға, содан соң банктік шоттарға және салымдарға орналыстырады. Инвестициялық қордың инвестициялық компаниядан айырмашылығы, ол халықтың ақша қаржыларын тартуға құқылы болып табылады, соның арқасында өз активтерінің айтарлықтай ұлғаюына мүмкіндік алады, сонымен бірге халық жинақтарын инфляциядан аса сенімді түрге қорғауды қамтамасыз етеді. Жоғарғы біліктілік инвестициялық менеджерлер аса тиімді инвестициялық бағыттарды таңдауды және пайда алуды қамтамасыз етеді.

Инвестициялық кеңесші қызметіне құнды қағаздардың айналуымен шығаруы бойынша кеңестік қызмет көрсету мәселелері кіреді. Ал құнды қағаздар нарығындағы қаржылық брокер қызметі келісім-шарт негізінде клиент тапсырмасы бойынша және оның есебінен құнды қағаздарды сатып алу сату кезінде делдалдық (агенттік) қызметті орындаудан тұрады.

10.3. Инвестициялаудың лизингтік әдісі

Нарықтық қатынастар пайда болғанға дейін біздің елде, отандық және шетелдік жабдықтарды жеткізіп беруде, несиелендіру жүйесі орын алып келді. Ұзақ жылдар бойы бұл терең ғылыми және тәжірибиеде тексерілген жақсы жүйе болып есептелінеді. Дегенмен, бұл жүйе өзін ақтамады, өйткені барлық құрылыстармен нысандарда орнатылмаған жабдық қорлары ұлғайып отырды. Ал, бұл өз алдына моральдық тозу мен шығарылған шығындарға және басқада негативтік салдарға байланысты аса ірі шығындарға әкеліп отырды.

Бұл мәселені шешуге басқадай дәстүрлі емес тәсілдерді іздеу қажеттілігі туындады. Осы мәселелерді шешуде нарықтық экономикада маңызды бағыт болып табылатын инвестициялау тәсілінде лизинг қолдана басталды.

Лизинг ағылшын тілінен аударғанда «аренда» (жалға алу не беру) мағынасын білдіреді. Ал, бизнесте лизинг негізгі қорларды (жабдықтар, ғимараттар мен техникалар) кәсіпқойлық жалға деп немесе оларды жалға алу деп түсіндіреді. Сонымен бірге, лизинг – бұл ұзақ мерзімдік жалға алу болып табылады және жалға алынған мүлікті қалдық бағасы бойынша сатып алу мүмкіндігін туындатады. Және лизинг өзінің мәні бойынша қаржылық операцияны білдіреді, яғни бұл мақсатта ол несие болып табылады, өйткені мамандандырыған лизингті компания жабдықтары сатып алуға немесе ғимараттарды жалға алуға несиені банктен алады (бұл операцияларды банктің өзі де жүргізе алады). Басқаша айтқанда – бұл инвестициялаудың ерекше тәсілі болып табылады. Осы жерде мынандай мақалды еске түсірейік: «кез келген жаңалық – бұл ұмытылған ескі жақсылық» деген толығымен лизингке қатысты болып табылады. Себебі біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 2-ші мың жылдықта, ертедегі Вавилонда «лизинг» типті операциялар белгілі болған.

Қазіргі біздің уақытымызда лизинг алыс шетелдерде өте кеңінен тарау алған. Лизингтік операциялардың екі түрі бар: оперативтік және қаржылық.

Оперативтік лизинг – бұл әдетте, амортизациялық кезеңнен аз уақытта жасалынатын қысқа және орта мерзімдік контрактымен сипатталады, яғни толықтай қайтарылмайтын несие ақталмайтын болып табылады. Толықтай ақталмайтын жағдайы жалға берілетін мүліктердің сатып алудағы шығындары мен құнының толықтай амортизациялаумен қайтарылмауы, яғни ішінара ғана ақталуы болып табылады.

Оперативтік лизингтің мынандай ерекшеліктері бар:

- лизинг беруші,өзінің барлық шығындарын тек бір ғана лизинг алушыдан жабуға бағыт ұстамайды, себебі бұл лизинг түрі ұзақ мерзімдік сипатта болғандықтан басқадай лизинг алушылар (арендаторлар) болады;
- жалға алу мерзімі мүліктің толықтай табиғый тозуын қамтымайды,яғни жалға алу мерзімі амортизациялық мерзімінен кем болып келеді;
- жалға алынған мүліктің орнатылған мерзімнің өтуіне байланысты,ол мүлік лизинг берушіге қайтарылады, ал өз кезегінде ол мүлікті сатады немесе басқа лизинг алушыға жалға береді.

Қысқамерзімдік оперативтік лизинг (бір күннен бір жылдық мерзімімен) рейтинг деп аталады және ортамерзімдік (бір жылдан үш жылға дейін) оперативтік лизинг – хайринг деп аталады.

Қаржылық лизинг кезінде, жалға алу мерзімі ағымында ,қатаң орнатылған сомада жалқыны төлеу қарастырылады, әрі бұл жерде, ол жабдықтар мен машиналардың толық амортизациясын қамтамасыз етуі қажет етеді. Қаржылық лизинг өз кезегінде үш түрге бөлінеді: қызмет көрсетумен байланысты лизинг; лизинг ливеридж; «пакеттегі» лизинг. Қызмет көрсету лизингіке кезінде мердігерлік келісім-шартпен қаржылық лизингтің үйлесуі орын алады және жалға берілген жабдықтарды ұстау мен оларға қызмет етуге байланысты бірқатар қызмет көрсетіледі. Ливеридж лизингі, қаржылық лизингтің ерекше түрі болып табылады.Бұл жере, жалға берілетін жабдықтың құны бойынша,үлкен үлесі үшінші жақпен (инвестормен) жалға алынады және жалға алу мерзімінің 1-ші жартысында жабдықтар бойынша амортизациялық аударымдар жүргізіліп,оларды сатып алудағы несие үшін үлестік ставкалар төленеді,соның нәтижесінде инвестор пайдасының (табысының) бір бөлігінен салық алу төмендетіліп,салық төлеуді кейінге қалдырылады. «Пакеттегі» лизингтің мәні кәсіпорынды қаржыландырудағы ғимараттарды несиеге беріп,ал жабдықтарды келісім-шарт бойынша жалға беру болып табылады.

Лизингтік операция нысандарын сатып алу көздері бойынша лизинг тікелей және қайтарымды болып бөлінеді. Тікелей лизинг кезінде жалға беруші мүлікті жасаушы кәсіпорыннан (жеткізіп берушіден) сатып алады. Ал,қайтарымды лизингте, мүлікті жасаушы кәсіпорын,осы мүліктің бір бөлігін жалға беру келісімі бойынша лизингтік компанияға жалға береді. Осының нәтижесінде жасаушы кәсіпорын өзінің мүліктерін жалға беруден ақша қаржыларын алып, олардың пайдалануын тоқтатапайды. Бұл процедура пайдалы болып табылады,себебі жалға берілген жабдық-мүліктер лизингтік мерзім ағымында,оларға деген меншіктік құқықты сақтай отырып,жалға берушінің балансында есепте тұрады. Соның нәтижесінде жол алушы-кәсіпорын салық жеңілдігін алады.


Қаржыландыру әдістері бойынша лизинг мерзімдік және қайта қалпына келтіретін лизинг деп бөлінеді. Мерзімдік (шұғыл) лизинг кезінде мүлікті жалға алу бір реттік,ол қайта қалпына келтіру лизингісінде келісім-шарт,1-ші мерзімнің өтуінен кейін де жалғастырыла береді.

Сол сияқты,толық және таза лизинг деп те бөлінеді. Таза лизинг жалға берілетін мүлікке қызмет етудің қосымша шығындары жалға алушының мойнына жүктелінген жағдайда болса, ал толық лизингте жалға беруші

жабдықтардың техникалық қызмет көрсетілуі бойынша шығындарды өзінің мойнына алуы жағдайымен сипатталады.

Лизингтік операцияның субъектілері: лизинг беруші (жалға беруші); лизинг алушы (жалға алушы); лизинг нысаны (затын) даярлаушы (жасаушы) кәсіпорын-жеткізіп беруші.

Лизингтік операциялардағы субъектілер арасындағы қарым-қатынасты мына кестеден көруге болады:



Бұл жерде атқарылатын істер:

- лизинг келісімі-шартын жасау;
- лизинг затын жеткізіп беру;
- лизинг затын жеткізуді төлеу;
- лизинг мүлігі үшін төлем (жалға алу төлемі).

Лизингтік қатынастар өзінің мәні бойынша несиелік келісімдерге өте жақын болып келеді, (лизингтік операциялар туралы мәліметтер толықтай «Банк ісі» пәнінде қарастырылады).

Нарық жағдайының кеңейуі мен оның ықпалының ұлғайуына қарай лизингтік операциялар өзінің дамуын әрі қарай жалғастырады. Лизинг отандық машиналармен жабдықтардың сыртқы нарыққа шығарылуына позитивтік оң әсерін тигізеді. Бұл кәсіпқойлық қызметтің болашақ дамуын қамтамасыз етуде айтарлықтай өзінің рөлін Қазақстанда атқаратын шетел банктері мен фирмаларды құру арқылы атқарады. Мұндай бірлескен лизингтік компаниялар екі жаққа ұтыс әкеледі: алдыңғы қатарлы техникаларды тиімді пайдалану; лизингтік операциялар сферасындағы шетел банктері мен фирмалардың алдыңғы қатарлы тәжірибиесін меңгеру.

Бұдан басқа лизингтік операциялар мынандай позитивтік мүмкіншіліктер береді:

- кәсіпорынға қажетті мүліктерді айтарлықтай аз шығындармен алуға болады;
- машиналар мен жабдықтар моралдық тозуына байланысты кәсіпорынның банкротқа ұшырау тәуекелін ең аз мөлшерге келтіреді;
- салық салу бойынша айтарлықтай пайда алады, яғни жалға алу төлемдері операциялық шығын болып табылады және оған салық салынбайды

- банктен несие алумен салыстырғанда лизингтік келісім-шартты жасау анағұрлым оңай және қарапайым болып табылады.

Қазақстандағы лизингтік операциялардың дамуы мен ұтымды болуы үшін қарастырылатын аса маңызды жағдайлар-ақшалық және қаржы-несиелік жүйенің нығайып тұрақтануы, инфляцияны оңтайландыру мен одан өту, содан соң ұлттық валюта-теңгенің бағамын нығайтуы болып табылады.

Енді лизингтің тиімділігін (пайдасына) келетін болсақ, олар мыналар:

- кәсіпорынның негізгі қорларының ликвидтігін сақтау және қондырғыны стаып алуда үлкен қаражаттарды жұмсамау және жылдық қаражаттар тартылмайды;
- кәсіпорынның қаражаттарын капиталдық салымдарға бөлінуінің қажеттілігінің азаюы;
- лизингке алған қондырғыны пайдалану арқылы табылған пайдадан лизингалық төлемдер жасауға болады;
- негізгі қондырғыларға жеделдетілген амортизацияны қолдану мүмкіншілігі бар;
- салықтық жеңілдіктер және инвестициондық ынталандыру;
- сақтандырудың тиімділігі;
- пайдаланушыға кепілдеме беру жөнінде талаптарының жоқтығы.

Лизингтің бұл тиімділіктері жиынтығында лизингалық мәмілелерді іске асыруда лизинг алушыға түрткі болатын себептер ретінде қызмет етеді. Мұндай мәмілеге лизинг берушілер де қызығады. Егер олар коммерциялық банктер болса, онда олардың тиімділігі (пайдасы) банктік капиталды пайдалану саласын кеңейтуден өзінің қаражаттарын азғантай тәуекелмен орналастырудан, салықтық жеңілдіктер алудан және жабдықты өндірушілермен тікелей ынтымақтастықты орнатудан көрінеді.

Ал лизингалық компанияның тұлғасы ретінде лизинг беруші үшін тиімділік (пайда) мүлікті өткізу шеңберін кеңейтуден және қолма-қол ақша алудан құралады.

Сонымен, лизинг өзінің беретін мүмкіндіктері мен әкелетін пайдасы арқылы кәсіпкерлік қызмет пен бизнестің маңызды формасы (түрі) болып табылады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Инвестицияны өзін-өзі қаржыландыру түсінігі бойынша түсініктеме беріңіз?
2. Инвестицияны өзін-өзі қаржыландыруды жүзеге асыруда меншіктің ішкі көздері қалай қолданылады?
3. Инвестицияны қаржы резервтерімен қамтамасыз етуде акционерлеу үдерісінің рөлі қандай?
4. Акция не үшін шығарылады?
5. Инвестициялық институттардың құрылу мақсаты неде?
6. Инвестициялаудың лизингтік әдісіне сипаттама беріңдер?

7. Лизингтік операцияның түрлері қандай?
8. Лизингтік тиімділік қалай анықталады және оның көрсеткіші бола ма?
9. Қазақстанда лизингтік операциялар қалай дамыған?

11 ТАРАУ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАР ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯСЫН ТАРТУ

- *Инвестициялық институттар және олардың негізгі атқаратын қызметтері*
- *Шетел капиталын тартуды жетілдіру жолдары*

11.1. Инвестициялық институттар және олардың негізгі атқаратын қызметтері

Инвестициялық жобаларды қаржыландырумен айналысатын компаниялар, фирмалар, корпорациялар, қорлар және басқа да субъектілер, олардың ішінде банктер инвестициялық институттар деп аталады.

Осы институттар құрамындағы бірқатар салыстырмалық шектеулі нысандарды және тікелей инвестициялауды жүзеге асыратындарды үш топқа бөлуге болады: 1) холдингітік компания түріндегі (типіндегі) акционерлік бірлестіктер; 2) қаржылық топтар; 3) қаржылық компаниялар.

Акционерлік бірлестік өзінің меншікті капиталы есебінен басқа субъектілердің бақылау пакет акцияларын сатып алып, олардың үстінен бақылаулық, қаржы-несиелік және басқадай қызметті, яғни жұмыстарды атқарады, және бұл жерде олардың құқықтық, оперативтік-экономикалық еркіндітері сақталады. Әдетте, акционерлік бірлестік, еншілес кәсіпорындардың бақылау пакеті акцияларын иемденетін көрнекті (ірі) қаржылық топтаманың басшы ұйымы рөлінде болып шығып, басқарушы қызметін атқарушыға маманданады.

Бұл, акционерлік бірлестік ең алдымен өзінің жағдайын ұзақ мерзімдік болашақта нығайту мақсатымен инвестициялауды жүргізеді, ал кейбір жағдайда, айтарлықтай үлкен бірақ, қысқа мерзімдік сипаттағы пайда-табыстанда бас тартады. Қарастырылып отырған жағдайда АҚ жүйесі стратегиялық шешім қабылдаудағы мәселеге бір орталықтан жетекші етуге мүмкіндік алады.

Бірлестіктің шешетін негізгі мәселесі: барлық жүйенің және әрбір тармақтың жұмысына бағыт беріп, қызметін бақылау және барлық деңгейдегі басқару құрылымын жетілдірумен, олардың пайда-табыстарын оптимизациялауға жету мүмкіншілігін алуға тырысады. Осының барлығы өндірістік циклдың, оның ішінде инвестициялық үдерістің де тиімділігін арттыруға қол жеткіздіреді.

Қаржылық топтың акционерлік бірлестіктен айырмашылығы сол, ол көпшілік жағдайда да басқы ұйым болып табылмайды, ал қаржылық компания, қаржыландыруда оның корпорацияларының бақылау пакеттері акцияларын иемденбейді. Олардың басқадай қызметтері ұқсас, бірдей болып келеді.

Аталынған үш топтан басқа қандайда бір белгіленген (шектелінген) нақтылы инвестициялау нысандар жиынтығын сақтамайтын инвестициялық компанияларды, содан соң соңғы инвестордың салымдары есебінен өздерінің

капиталдарын қалыптастыратын инвестициялық зейнет ақы,сақтандыру және басқа қорларды айтуға болады.

Аталынған инвестициялық компаниялар инвестициялық қызметті меншікті қаржылар (құрылтайшылардың қаржылары) есебінен жүргізеді және құнды қағаздар шығаруды ұйымдастырып,оларды орналастыруға кепілдік береді.

Олар инвестициялық институт ретінде бұл жоғарыда аталған инвестициялық ақша қаржыларын жұмылдыру мақсатымен акциялар шығарып,қызмет атқарады,және оларды қор атынан құнды қағаздарға салым жасайды,содан соң белгіленген шартпен банктер салым салады. Бұл қорлар халықтың қаржыларымен жұмыс жүргізеді және бұл жерде АҚ фирмасын өздеріне алады. Қорлардың жарғысында акционерлердің қызығушылығына қатысты барлық мәселелер қарастырылады (қарым-қатынас, құрылтайшылар жауапкершілігі, банкпен қатынас, акцияға активтер құнын есептеу, т.б.).

Инвестициялық институттар құнды қағаздар нарығында қатысып, қызмет атқаруды арнаулы лицензия алғаннан кейін ғана жүргізеді, бірақ келесідей негізгі талаптарды орындалған жағдай да ғана:

- 1) штатқа сәйкес біліктіліктегі мамандардың болуы (сәйкес аттестаты болуы);
- 2) инвестор алдында материалды жауапкершілік болуы үшін минималды мөлшердегі меншікті капиталдың болуы;
- 3) құнды қағаздармен операцияны анық және толық бейнелейтін есеп және есеп беру жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 4) минималды қажетті жарғылық қормен қамтамасыз етілуі.

Инвестициялық институттың төлем қабілеттілігі жоқ деп жарияланған жағдайда оның барлық қызметкері автоматты түрде біліктілік аттестатарының айырылады және кезкелген басқа ұйымда құнды қағаздар операцияларын жүргізу бойынша жұмысқа кірісу үшін қайтадан аттестациядан өтіп, жаңа аттестат алуға тиісті болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендей инвестициялық институттар қатарында инвестициялық жобалауды қаржыландыратын Бүкіл әлемдік банкті (ВБ),Халықаралық валюталық қоры (МВФ),Еуропалық қайта құру және даму банкін (ЕБРР) және Азиялық даму банкін жатқызуға болады. Бүкіл әлемдік банк пен халықаралық валюта қоры американың Беттон-Вудса қаласында өткен Бірікен ұлттар ұйымының (ООН) қаржы-валюталық конференциясының шешімі бойынша 1944ж құрылған болатын,ал олардың штаб-пәтерлері қазіргі кезде Вашингтонда орналасқан. Бұл институттар негізінен өздерінің мүдделеріне оларға мүше елдердің экономикасының нығаюына және кеңейуіндегі мәселелерге аса көп назар аударады (Оларға ҚР-да мүше болып табылады).

Бүкіл әлемдік банкті құрудағы басты мақсат 2-ші дүние жүзілік соғыста зардап шеккен елдерге көмек көрсету үшін ұзақ мерзімге инвестициялаудың халықаралық ағымын қамтамасыз ету болып табылған еді. Бірақ,кейінен инвестор ретінде халақаралық жекеменшік капиталдың шығуына байланысты ол алғашқы өзінің рөлінен сырттап кетіп, дамушы елдерді инвестициялаушы әлемдегі 1-ші банк болып қалды.

Қазіргі кезде Бүкіл Әлемдік банк халықаралық қаржы-несиелік мекеме болып табылады және инвестициялық институт ретінде мүше –банк елдердің,оның ішінде ҚР экономикасының дамуына қолдау көрсетіп жатыр. (Мысалы: ҚР 01.06.99ж – 1 млрд 200млн \$ АҚШ).

Бүкіл Әлемдік банктің негізгі, ірі түрдегі құрылымдық бөлімшелері:

- 1) Қайта құру және даму халықаралық банкі (МБРР);
- 2) Халықаралық даму ассоциациясы (МАР) болып табылады.

Бұл екеуі де өз кезектерінде құқықтық және қаржылық жағынан алып қарағанда өз еріктері өзінде, еркіндік ұйым болып табылады (оларда Вашингтонда орналасқан).

3) Халақаралық қаржылық корпорация (МФК) – бұл да қаржы-құқықтық еркіндікте болып табылады, бірақ ұйымдық жағынан Бүкіл Әлемдік банк құрамына енеді және дамушы елдердегі жекеменшік кәсіпорындарды қаржыландыруды ұйымдастырумен айналысады.

4) Инвестициялық бәсекелес пен таластарды реттеу бойынша құрылған халықаралық орталық;

5) Инвестициялық кепілдік беру мен айналысатын халықаралық агенттік (МИГА).

Барлығы бүкіл жер шары бойынша олардың 40 астам бөлімшелері бар.

Қазіргі кезеңде Бүкіл Әлемдік банк өзінің негізгі мынадай қызметтерді атқарады:

1) қаржы-несиелік ресурстарымен және ұсыныстық-кірістер беру қызметтерімен экономикалық жағынан артта қалған елдердің дамуына жағдай жасайды;

2) инвестициялық жобалар мен даму бағдарламаларына ұзақ мерзімдік несие беру арқылы дамушы елдерге көмек көрсетеді;

3) Әрбір адам басын ішкі ұлттық өнімнің (ШЖӨ) 1,2 мың АҚШ долларынан кем болатын елдерге арнаулы қаржылық көмек көрсетеді.

Бүкіл Әлемдік банктің инвестициялық белсендік арттыру үшін аса басымдылық нысандары: өнеркәсіптік өндіріс, ауылшаруашылығы, энергетика, көлік және байланыс,қалалық шаруашылықтың дамуы, сумен қамтамасыз ету, білім және білім және денсаулық жобалары болып табылады.

Бүкіл Әлемдік банк, ресми аталуы халықаралық қайта құру және даму банкі (МБРР) шын мәнінде инвестициялық банк болып табылады және инвестициялық ассигнацияны алушы мен инвестор арасындағы делдал ретінде болып шығады. Бұл банктің иелері 170 елден аса тұратын Үкімет пен акционерлік қоғамның біріккен капиталы 180 млрд. АҚШ долларынан асып түседі. Қаржыландыру негізгі түрі ұзақ мерзімге несие беру,әдетте,15 – 20 жылға және оны төлеуді 3 – 5 ж. кейін қалдырады, ал жыл сайын ЛИБОР (лондондық банк аралық пайыздық бойынша) пайыздық ставкасы 0,5% қосумен немесе оның орнына орташа 7 – 8% несиелер беріп отырады.

Халақаралық даму ассоциациясы (МАР) 1960ж. құрылған және шамамен МБРР шешетін мәселелерді атқарады. Одан басқа өте нашар дамыған МБРР шешетін мәселелерді атқарады. Одан басқа өте нашар дамыған елдерде артықшылықпен күрделі салым жасауды мақсат етіп қояды. Бұл ассоциация

басқа инвестициялық институттармен салыстырғанда аса көп жеңілдіктермен несиелер береді, кейде ішінара пайызсыз. Мұндай жеңілдіктегі несиелерді алуға үміткер дамушы елдердің адам басына ішкі ұлттық өнімнің жылдық көлемінен 600 АҚШ долларынан аспауы керек. Пайызсыз несиелер МАР-ға мүше елдердің Үкіметіне 32-40 ж. мерзімге, төлемді 10 ж. кейінге қондырумен білдіреді. Үкіметіне 35-40 ж. мерзімге төлемді 10 ж. кейінге қалдырумен береді. Егер несиені пайызсыз берген жағдайдың өзінде, оларға шамасы жылына 0,9%-ға тең және банк қызметі үшін 0,78% төлемді қосумен береді.

Халықаралық қаржылық корпорация (МФК), Бүкіл Әлемдік банктің құрылымында бола отырып (жоғарыда көрсетілгендей) өзінің құқықтық және қаржылық еркіндігін сақтап отырады. Ол 1956 ж. құрылған және жекеменшік сектордың экономикалық дамуына қолдау көрсету мақсатымен құрылған. Бұл қаржы-инвестициялық институттың әлемдегі 140 елден аса салымшылары бар. Одан басқа халықаралық банктік капиталды тарта отырып, халықаралық ауқымдағы ірі инвестордың бірі болып табылады.

Бұл корпорацияның несиелік саясатында өзінің ереже-тәртібі бар. Мысалы, несие әдетте жаңа жобалардың жалпы бағасының 25%-ға дейін беріледі және қайта құру, кеңейту мен қайта жарактандыру бойынша ол жобалар құнының 40% дейін несиелер береді.

Осы айтылғандармен қатар корпорация (МФК) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезінде техникалық және кеңестік көмектер көрсетеді. Несиені мақсатты және тиімді пайдалану үшін бақылау орнату мақсатымен корпорация қарызгерден міндетті түрде тоқсан сайын есеп пен жылдық қаржылық баланс әкеліп тапсыруды талап етеді, ал кейбір жағдайларда несиелендіретін нысанның басқарма құрамына өзінің өкілін делегаттайды.

Халықаралық валюталық қор (МВФ) жоғарыда айтылғандай 1944 ж. құрылып, өзінің статусы бойынша БҰҰ-н (ОНН) мамандандырылған мекемесі ретінде 1947ж. осы уақытқа дейін жұмыс жүргізіп келеді. Оның құрамына 178 мүше-елдер, оның ішіне ҚР енеді.

Қорға (МВФ) мүше болғысы келетін елдер ену жарнасы ретінде белгілі бір ақша сомасын квота түрінде төлейді. Бұл жарна (квота) мөлшері мүше-елдердің, ынтасы мен оның экономикалық жағдайынан тәуелді болып келеді. Және бұл жерде атаған квота шешуші рөл атқарады (екі маңызды көрсеткіш бойынша): 1) қордың (МВФ) несие берудегі сомасын белгілеу кезінде; 2) қордың (МВФ) қызметіндегі саясатты анықтау кезіндегі квота мөлшеріне қатысты дауыс саны пропорциональды тәуелді болып келеді. Мысалы, АҚШ-ның квота үлесі жалпы сомадан шамамен 20%-ды құрайды және осыған сәйкес салмақты дауыс үлесін алады. Жапония – 8%, Германия – 5,8%, Англия – 5,2% және т.б.

Қордың (МВФ) қазіргі кезеңдегі негізгі атқаратын қызметі халықаралық валюта жүйесін қадағалауды жүргізу, мүше-елдердің ұлттық валютасын тұрақтандыруға қолдау жасау және төлемдік баланс қиындықтарын бастан өткізіп жатқан мүше-елдерге несие ресурстарымен көмектесу, содан соң осы елдерге жоғары аталған квота (жарналар) есебінен артықшылықпен арнаулы қарыз беру арқылы валюта қорларын толықтыруды жүзеге асырады.

Қаржы-несиелік көмек көрсетуден басқа өзінің мүшелеріне қор (МВФ) Вашингтондағы оқу институттарына да көмек береді, яғни экономикалық даму институтуы (ИЭР) арқылы техникалық және білімге байланысты көмектерді нарық экономикасына қызмет атқару жағдайы бойынша кеңестер мен ұсыныстарды Қорға мүше-елдер ала алады.

Аталған бағыттар бойынша Қор (МВФ) біздің елімізге – Қазақстанға жан-жақты көмек көрсетеді. Нарықтық қайта құрудың басыннан бастап Қор миссиясы ұзақ уақыт бойы ҚР ұлттық банкінде жұмыс жүргізді және бірқатар өкілеттік мекемелермен біздің еліміздегі өтпелі кезең жағдайын талдау мен зерттеу арқылы ұсыныстар жасап, тәжірибиелік көмек көрсетті.

Халықаралық инвестициялық институттар ішінен салыстырмалы жаңа ұйым болып Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕБРР) құрылды. Ол, 1991 ж. көкек айынан бастап операцияларды жүргізеді және басшылар мен штаб-пәтері Лондонда орналасқан. Банктік өкілеттіктері әлемдегі көптеген елдерде бар, ал қазір онда 40 елден аса мүше бар.

Өзінің жарғысына сәйкес, бұл банк бұрынғы социалистік кеңістіктегі елдерге нарық жағдайындағы шаруашылыққа көшуде қолдау жасап, несиелік және техникалық көмек көрсетуде.

Еуропалық қайта құру және даму банкі біздің елімізге де белсенді түрде көмек беріп келеді. Мысалы, «Қазкоммерцбанк» арқылы 40 млн АҚШ долларында ұзақ мерзімдік несие берілді және барлығы Қазақстан экономикасына (01.07.1999 ж.) өзінде 800 млн. доллардан аса несие бөлінді. Бұл банк несие беру қызметінде әлемдік тәжірибиедегі жалпы қабылданған стандарттар аясындағы икемді несиелік саясатты ұстанады. Сол сияқты банк, басқару кадрларын даярлауда үлкен қолдау көрсетіп практикалық көмек береді және әртүрлі деңгейдегі мамандардың нарықтық бағыттағы біліктілігін арттыруға да көмегін көрсетеді. Осы мақсатта Банк (ЕБРР) Халықаралық валюта Қоры, Бүкіл Әлемдік банк және Еуро Одақтың қатысуымен Біріккен веналық институт құрылған болатын. Осы жерде бұрынғы социалистік кеңістіктегі елдердің шаруашылық субъектілерімен бірге банк мамандары нарық жағдайындағы шаруашылықты жүргізу бағдарламасы бойынша оқу оқып, стажаровкадан өтіп және тәжірибие алмасады. Біздің еліміздің көптеген мамандары, оның ішінде Ұлттық банктің, Қаржы министрлігін, мемлекет инвестициялық Комитетінің мамандары осы институтта оқып, оны бітіріп және оқуын жалғастыруда.

Халықаралық инвестициялық институт ретінде Еуропалық қайта құру және даму банкісін атқаратын қызметі сияқты Азиялық даму банкісі өз жұмысын жүргізеді. Бұл банк 1965 ж. құрылған. Қазіргі кезде оның мүшелері болып 47 ел болып табылады. Оның ішінде дамушы елдермен қатар нарықтық экономикасы дамыған Жапония, Австралия сияқты елдер де бар.

Еуропалық банк (ЕБРР) сияқты Азиялық даму банкінің де мүше-елдердің жарналарынан қалыптастыратын арнаулы қоры бар, содан соң бұл қор инвестициялық қызметтің пайдасы есебінен де құрылады. Бұл қордың қаржылары төменгі рентабелді нысандарды жеңілдікпен несиелеуге арналған, бұл әлсіз дамыған елдердің экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымның біртұтас дамуы үшін қажетті болып табылады.

Банк өз ресурстарын қалыптастыру үшін әлемдік капитал нарығындағы қарыздық қаржыларды тарту мақсатымен айтарлықтай мөлшердегі облигациялар шығаруды қолданады.

Азиялық даму банкі 30% аса несие ресурстарын жеңілдік жағдайда жылдығы 1,5 – 4,5% ставкамен 40жыл мерзімге дейін несиелер береді.

11.2. Шетел капиталын тартуды жетілдіру жолдары

Инвестицияны қаржыландыру көздері туралы мәселені қарастырған кезде және оған шетел инвестициясын тартуда, әрбір нақты жағдайда инвестициялық жобаға бәсекелік қабілеттік өнім шығаруды қамтамасыз ететін техникамен технологияларды қарастырып, қаржы салуды қажет етеді. Осы аспектіде шетел инвестициясының айтарлықтай қызығушылығы оның соңғы нәтижесі болып табылады. Оларды ақылмен пайдалана отырып, салыстырмалы қысқа-мерзімде, қазіргі заманғы жоғары өнімділіктегі өндірісті алуға болады. Шетел капиталын тартуды жетілдіру де алдымен елдегі жүргізіліп отырған инвестициялық саясат пен жайлы инвестициялық климат өздерінің позитивтік әсерлерін тигізеді.

Осымен бірге шетел капиталын ел экономикасына тартуда басқада (стратегиялық, тактикалық, техника-экономикалық) әдістемелер де жүзеге асырылады. Мысалы, шетел инвестициясын белсенді тартуды концессиялық және компенсациялық келісімдер, лицензияны импорттау, венчурлық капитал және өзара пайдалылық жағдайымен алыс-жақын шетелдермен инвестициялық ауқымда бірлесіп жұмыс істеуді дамыту жолдарымен жүзеге асыруға болады.

Бұлардың әрқайсысын жекелеп қарастырайық. Концессия дегеніміз не? Концессия – бұл мемлекеттің ұлттық экономиканы тұрақтандыру мен дамыту және табиғи байлықтарды игеру мақсатымен жекеше кәсіпқойларға, шетелдік заңды және жеке тұлғаларға өндіріс орындарын, жер телімдерін пайдалы қазбаларды өндіру мен әртүрлі нысандар құрылысын жүргізу құқығымен белгілі бір мезгілде пайдалануға беру туралы келісім-шарт болып табылады, содан соң осы келісім-шарт негізінде кәсіпорын құру құқығы беріледі. Бұл концессияда концессионарға жүктелінген жал ақыны есептеу тәртібі немесе мөлшері (концессионер – концессияны алған субъект), қоршаған ортаны сақтау және керек болған жағдайда қалпына келтіру міндеттері, жұмысшыларды жалдау тәртібі және басқада шарттар (мысалы, оның ішінде, несиелендірушілер мен басқа субъектілердің бұрынғы қарыздарын жою, еңбек ақы бойынша қарыздарды төлеу, т.б.) міндетті түрде қарастырулары тиісті. Қазақстан жағдайында концессиялық келісімінің нақты нысандары: түрлі табиғи ресурстар (мұнай, газ, алтын, түсті металдар өндіру орындары және т.б.) мелекеттік меншік формасындағы нысандар бойынша жекеленген шаруашылық қызмет түрлері болып табылады.

Концессиялық келісіммен қатар шетел капиталын тартудың бір формасы компенсациялық келісім болып табылады. Ол несиелер мен қызметтерді белгіленген жағдаймен және белгіленген мерзімде орнын толтырудағы сыртқы операциялық форма. Бұл жерде шетелдік несиелеушілер (банктер) белгіленген

кәсіпорынның дамуына мақсатты несиелер бөледі және бұл несиелер өнімді жеткізіп бергеннен кейін оны берушілерге қайтаруға тиісті. (Қазақстан жағдайында, мысалы, мұнай, мыс, цинк, т.б. жеткізіп берушілер)

Компенсациялық келісім жағдайы бойынша шетелдік партнер өнеркәсіптік-өндірістік және басқада тағайындылықтағы түрлі нысандар құрылысын жүргізу үшін инвестициялық несие бере алады және осы несие есебінен жабдықтар, машиналар мен басқадай техникаларды жеткізіп беруі мүмкін (бұл байлаулы несие) болып табылады. Одан кейін осы нысанды пайдалануға енгізген соң партнер (несиелеуші) осы нысанда өндірілген өнімнің бір бөлігін сатып алады, бұл жерде сатып алу көлеміне берілген несие сомасы мен оның пайыздық ставкасын толықтай жабуын қамтамасыз етуі керек.

Шетел капиталын тартудың тағы бір жолы **лицензияны импорттау**, оның көмегімен нарығы дамыған елдердің ең жақсы үлгілерін пайдалануға болады.

Лицензияны импорттау – бұл патентпен қозғалған жаңалықты ойлап табады. Сол сияқты технологияларды, техникалық білімдерді, тәжірибиелерді, өндіріс құпияларын және т.б. пайдалану үшін шетелдік серіктестердің келісімін алу болып табылады. Мұндай лицензия, әлбетте оған сәйкес сыйақыға беріледі. Лицензияны беруші тұлға-лицензиар деп аталады, ал оны алушы тұлғаны-лицензиат дейді. Лицензиялық нәрсені (затты) беру лицензиялық келісім-шартпен қалыптастырылады. Бұндай келісім екі жаққа да тиімді, өйткені лицензиарға ғылыми-техникалық жұмыстарды жүргізуге, айтарлықтай қосымша шығындарсыз табыс әкеледі. Атқарылған ғылыми-техникалық жұмыстар, тек қана үйлесімді түрде жергілікті жағдайға «байлануы» қажет.

Басқа жағынан алғанның өзінде, лицензиатқа өз күшіне сәйкес жұмыстарды атқарғанда да лицензия сатып алу анағұрлым арзанға түседі.

Лицензия үш түрге бөлінеді : 1) жай-қарапайым; 2) ерекше және; 3) толық-толықтай.

Қарапайым лицензия – бұл техникалық білімді (жаңалықты), оны ойлап табуға және басқада лицензиардың өзі пайдалануға құқық береді немесе ұқсас осындай лицензияны құштарлық білдіруші басқа субъектілерге де береді.

Ерекше лицензия – бұл лицензияларға осы территорияда ойлап табуды, технологиялар мен т.б пайдаланудың монополияны құқығын береді және лицензиар бұл лицензияны өз еркімен пайдаланудан бас тартуы да мүмкін, оны осы территорияда сатудан да бас тартады. Сонымен бірге лицензиар лицензиатқа берілмейтін лицензия затының бөлігін өзі пайдалану құқығын сақтап алу жағдайы да болады.

Толықтай лицензия кезінде лицензия затынан шығатын барлық мүліктік құқықтар лицензиялық келісімдегі барлық мерзім ішімен лицензиатқа толығымен өтеді.

Ерекше лицензия жағдайында лицензиаттың құқығына шектеу қойылғандығы жөнінде ескертпе жасалынған болса, онда бұл ерекше шектелінген деп аталады, ал ноу-хауды патентті беру лицензиясын – **патенттік** және ойлап табуды патентсіз ноу-хауды пайдалануға лицензия беруді – **патентсіздік** деп атайды.

Лицензиялық келісімге қатысты ол лицензиар мен лицензиат арасындағы келісім-шарт мәміле түрінде болады. Осы мәміле бойынша олардың біріншісі екінші жаққа (лицензиатқа) жоғарыда аталған қарапайым, ерекше немесе толық лицензия түрінде ойлап табуды пайдалану құқығын беруге міндетті; ал екіншісі өз кезегінде қабылдап алған жаңалықты пайдалануға және сәйкес (мәміледе қаралған) төлемді біріншіге (лицензиярға) төлеуге өзіне міндет етіп қабылдайды. Жақтардың келісімі бойынша мәміледе лицензия затын лицензиаттың пайдалануына байланысты белгілі бір жұмыс пен қызмет көрсету түрін лицензиардың орындауына қатысты жағдай қарастырылуы мүмкін. Содан соң жақтардың келісімі бойынша аталған мәміледе лицензиардан шикі зат, жабдықтар, жинақтау бөлшектерін және т.б. лицензиаттың сатып алу міндеттемесін де қарастырылуы мүмкін.

Лицензиялық келісім бойынша төлем мөлшері мәміле нысанын коммерциялық пайдалану нәтижесіне байланысты анықталады немесе алдынала орнатылған төлем шамасы бойынша жүргізіледі. Бұл жерде, бірінші жағдайда төлем мөлшері пайыздық немесе ағымдық аударымдарды кезең-кезең түрінде анықталуы мүмкін, бұл – роялти деп аталады. Аударымдар өнімді сату сомасынан, өндіріс көлемінен немесе басқадай шамалар бойынша анықталады. Ал екінші жағдайда тұрақтандырылған белгіленген төлем сомасы орнатылады, бұл – паушалдық төлем деп аталады, ол бір мезгілде бірден немесе бөлшектеніп төленеді.

Жоғарыда аталған роялти мәміледегі жақтармен тұрақтандырылған ставка ретінде қойылады. Оны лицензиялық келісімнің әрекет ету уақыт аралығындағы келісілген кезеңдерде (ай, тоқсан, жарты жылдық) лицензиат төлейді. Ставкалардың мөлшері пайыздық қатынаста пайдадан, бағадан, лицензиялық өнімнің өзіндік құнына байланысты анықталады.

Паушалдық төлем лицензиялық келісім затын пайдалануда болатын экономикалық тиімділік алынғанға дейінгі төлем болып табылады, (яғни, өзіндік құн, еңбек өнімділігін арттыру, пайда алу, т.б.). Паушалдық төлем шектелген жағдайларда қолданылады. Мысалы, лицензияны жабдықпен бірге сату, қауіптіліктің болуы, өндірістік құпиялардың жойылуы, содан соң лицензиат өзінің қызметі үстінен бақылау орнатуды қаламауы (жібергісі келмейтіндегі) немесе лицензиат елінен пайданы аударым жасауға шектеуді талап етеді. Паушалдық төлемнің жақсы жақтары, ол дәрежесін төмендетпейді, сыйақыны тезірек алдырады және төлемді бір мезгілде (бір реттік тәртіпте) бөліп – боліп жүргізуге мүмкіндік береді.

Шетелдік тікелей инвестицияны тартуда венчурлық капиталды пайдалануға мүмкіндік бар.

Венчурлық капитал капиталдың ескі түрінің бірі, ол экономиканы тұрақтандырып, нығайту үшін көп үміт күттіретін капитал болып табылады.

Венчурлық капиталдың мәнін түсіну үшін алдымен «венчур» түсінігін білу қажет. Бұл «тәуекел»-ді білдіретін ағылшын сөзі, дәлірек айтқанда – тәуекелді капитал. Жай ғана мысалмен түсіндіргенде, қайсы бір (потенциалды қарызгерде) субъектіде өте қызығарлықты, бірақ тексерілмеген идея бар (тәуекел факторы) және оған, осы идеяны өмірге енгізу үшін келесі қадамды

жасау үшін керек, яғни ақша (капитал) қажет. Бұл жағдай венчурлық капиталистер үшін өте тартымды, себебі оларды ақша бар және олар жоғарыдағы аталған субъектіге оның акцияларын сатып алуымен несиелі беруді немесе инвестициялардың басқадай формасын ұсынады.

Венчурлық капиталист, кредитор, инвестор ретінде өзінің үлесін салым жасап қарызгердің (идеяны ұсынған субъектінің) тәуекелін бөліседі. Қарызгердің сәтсіздігі несиелеушінің сәтсіздігі болып табылады және басқа жағынан табыстылық үлкен табысқа үміттендіреді, яғни тәуекелдің үлкендігі күтілетін табыстың жоғары екендігін білдіреді. Сондықтан «венчурлық капитал» атауы, яғни «тәуекелді капитал» өз мәнін өте сәйкес болып табылады.

1970 ж. аяғында және 1980 ж. венчурлық капитал кеңінен таралып, өрістеген сала есебінен өзінің көрінісін тапты. Мысалы, 1980 жылдың ортасында АҚШ-та инвестициялау көлемі 4,5 млрд доллардан асатын 650-ден аса венчурлық фирмалар жұмыс істеді. Содан кейін біршама тыныштық орнап, олардың оң жағынан төмендеу орын алса да, қазір инвестициялаудың бұл түрінде айтарлықтай оның өсу тенденциясы байқалуда. Соңғы уақыттардағы венчурлық капиталға деген сұраныс венчурлық капитал бойынша қаржыландыру көздерінің сандарын қарқынды өсуге келтірді. Оларды шартты түрде 7-ге бөлуге болады:

- 1) серіктестік (партнер) венчурлық капиталмен жабу. Бұған бай отбасылардың ақша қаржылары, қорлар мен жеке аса ірі инвесторлардың қаржылары кіреді;
- 2) корпорациялардың венчурлық капиталы;
- 3) жариялық қорлардың венчурлық капиталы;
- 4) инвестициялық банктердің венчурлық капитал қорлары;
- 5) жекеленген инвесторлар;
- 6) шағын және орта бизнес инвестициялық компаниялары;
- 7) АҚШ штаттарының өкіметі.

Кез келген елдің, әсіресе Қазақстан экономикасына шетелдік тікелей инвестицияны тарту кеңінен жүргізіліп келеді, бұның себебі біздің еліміздің табиғи-шикізат ресурстарының байлығы. Мұндай инвестицияның басты артықшылығының бірі болып шетелдік инвестор оны өзінің тәуекелімен жүзеге асырады және инвестиция бойынша қайтарым төлемді (дивиденттер мен пайда мөлшерін) өтейді және оларды тиімді пайдалануда тікелей байланыстың және бюджеттік қаржылардың қатысуын талап етпейді. Бұл жағдай еліміздегі әлеуметтік-экономикалық ситуацияның қазіргі сатысында аса маңызды болып табылады.

Бақылау және өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. Инвестициялық институттардың атқаратын қызметтері қандай?
2. Акционерлік бірлік не үшін құрылады және оның мақсаты неде?
3. Қазақстанда қандай шетел банктері бар және олар өз қызметтерін не үшін атқарады?

4. Халықаралық валюталық қор қай жылы құрылды және оның басты мақсаты қандай?

5. Шетел капиталын пайдаланудың қандай артықшылығы бар, ол неден байқалады?

6. Лицензияны импорттау түсінігі нені білдіреді?

7. Лицензияның қандай түрлері бар?

8. Венчурлық капиталға және оның маңыздылығына сипаттама беріңіздер?

9. Венчурлық капиталды пайдаланудың қандай шарттары бар?

Глоссарий

Аймақтық инвестициялар – мемлекеттің нақты аймағының шегінде қаражаттарды салу.

Активті инвестициялық стратегия, портфельді активті басқару (active management) – дұрыс бағаланбаған қаржы активтерін сатып алуға немесе нарық қозғалысының жалпы дамуын алдын-ала болжауға ұмтылу.

Активтік инвестициялар – өндірісті ұлғайтуға бағытталған инвестициялар.

Акцияның номиналы – бұл акцияның эмиссиясы кезінде белгіленген және оның бет жағында көрсетілген құны.

Артықшылықты акциялар – дауыс беру құқығы жоқ корпорация акциялары. Олар бойынша тұрақты дивидендтер төленеді.

Ашық инвестициялық қорлар – таза активтер құны бойынша өз акцияларын шығаратын немесе сатып алатын инвестициялық қорлар.

Әлеуметтік тиімділік – коммерциялық қызметке инвестициялау кезіндегі әлеуметтік немесе пайданың өсіміне көмектесетін жобаның тиімділігі.

Бизнес-жоспар – инвестициялық жобаның жүзеге асуы барысындағы әрекеттер мен шаралардың жиынтығы. Бизнес-жоспар жобаның мақсаттарын, олардың жетістіктері мен болжанған нәтижелерінің жолын көрсетеді.

Бухгалтерлік (баланстық) пайда – пайда мен шығын туралы есеп беруде көрсетілетін фирма пайдасы.

Бюджет тапшылығы – мемлекеттік шығындардың жалпы табыстардан өсуі.

Бюджеттен қаржы бөлу – инвестициялық мақсаттарда бюджеттік тізімге сәйкес бөлінетін әртүрлі деңгейлердегі бюджеттің қаражаттары.

Бюджеттік тиімділік көрсеткіштері – жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сәйкес бюджеттің (мемлекеттік және жергілікті) табыстары мен шығындарына әсерін көрсетеді.

Валюталық бағам – ұлттық бағамның шетел бағамына айырбастау жүргізілетін бағам.

Вексельдік несиелеу екі вариантта болуы мүмкін – төлемді ұзартумен вексельді сату және вексельдік заем. Бірінші жағдайда банк клиентке вексельді (өзінің эмиссиялаған немесе сатып алған) оның төлемін ұзартумен белгілі мерзімге сатады. Екінші жағдайда клиентке белгіленген мерзімде немесе сол мерзімде банкке беру арқылы клиенттің банкке қайтаратын вексель (қарыз беру келісім-шарты бойынша) беріледі.

Венчурлық қаржыландыру – термині ағылшын *venture* («тәуекелді бастама») сөзінен туындайды. Венчурлық қаржыландыру жоғары тәуекелділікпен ерекшеленетін, бірақ осындай бір жобаға бейімделген кәсіпорынның құнының маңызды өсіміне уәде беретін инновациялық жобалардың бастапқы кезеңдері үшін нақты қаражаттарды алуды білдіреді.

Депозиттік сертификат – банктік мерзімді депозит.

Әртаратандыру – әр түрлі бағыттар бойынша инвестициялау.

Еуродоллар – долларда деноминацияланған шетел банктеріндегі немесе американдық банктердің шетел филиалдарындағы депозиттері.

Жабық инвестициялық қорлар – таза активтердің құнынан ерекшеленетін бағалар бойынша акциялары сатылатын және сатып алынатын инвестициялық қорлар.

Жеке лизинг – мүлік бойынша жекелей жұмыстарды лизинг беруші атқарады.

Жергілікті облигациялар – салық салынбайтын, жергілікті үкіметпен немесе штаттың үкіметімен шығарылатын облигациялар.

Инвестиция – капитал құнын сақтайтын немесе өсіретін, сондай-ақ табыстың өсуіне әкелетін капитал жұмсау әдісі.

Инвестициялау объектісі – инвестицияларға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің кез-келген объектісі.

Инвестициялық банктер – бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын, колхаттар түрінде (андеррайтинг), сатуға маманданған фирмалар.

Инвестициялық жоба – белгілі мақсаттарға жетуді (белгілі нәтижелерді алуды) қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы.

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспары – бөлімдердің жалпы қабылданған тәртібі бойынша қысқа формада инвесторды болжанатын инвестициялардың тиімділігіне сендіруге және жобаны негіздеуге, сонымен қатар бағалауға мүмкіндік беретін жобаның басты сипаттамалары баяндалатын негізгі құжат.

Инвестициялық климат – мемлекетте, аймақта инвестициялық қызмет жағдайларын анықтайтын заңдық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени бір-бірімен байланысты факторлар әсерімен қалыптасатын жағдай.

Инвестициялық компаниялар – жеке инвесторардың ақша қаражаттарын тартатын және оларды бағалы қағаздарға немесе белгілі бір басқа активтерге инвестициялайтын қаржы делдалдары.

Инвестициялық қызмет – инвестицияны жүзеге асыру барысындағы инвестициялық үдерістегі әр түрлі қызметтер жиынтығы.

Инвестициялық қызметтің субъектілері – бір жағынан, бос инвестициялық ресурстарға ие қатысушылар (инвесторлар), басқа жағынан, инвестициялық ресурстарда қажеттілігі бар кәсіпорындар, ұйымдар және т.б. деп қарастыруға болады. Инвестициялық қызметтің үшінші жағы инвестициялық институттар мен инвестициялық ресурстардың тұтынушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ететін делдалдар болып табылады.

Инвестициялық портфель – инвестициялық объектілерге салымдардың анықталған инвестициялық стратегияға сәйкес мақсатты құрылған салымдардың жиынтығы.

Инвестициялық саясат – инвестициялық қызметті жандандыру, экономиканы көтеру мақсатында шаруашылық субъектілеріне жағымды жағдайларды жасау бойынша шаралар жиынтығы.

Инвестицияның тиімділігі – «ақшаның уақытындағы бағамы» концепциясында бағаланады және инвестициялардың тиімділігін бағалау ақша қаражаттар ағымында, жобаны жүзеге асыруда бір-біріне қатарластыруда айқындалады.

«Капиталдық салымдар – бұл негізгі капиталға салынатын инвестициялар, соның ішінде жаңа құрылысқа, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңеюіне, қайта құрылуына және техникалық қайта жабдықталуына, машиналарды, құрал-жабдықтарды, құралдарды, инвентарды сатып алуға кететін және жобалық-іздеу шығындары.

Корпоративті облигациялар– жеке корпорациялармен шығарылатын ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелер; бұл қарыздық міндеттемелер бойынша жарты жылдық купондар төленеді, ал өтеу кезінде облигацияның номиналдық құны қайтарылады.

Қазынашылық вексельдер – өзіндік құны төмен шегеріммен шығарылатын, қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар; қазынашылық вексельдерді өтеу мерзімі келгенде олардың толық өзіндік құны төленеді.

Қаржы-бюджеттік саясат – мемлекеттік шығындар мен салық салуды экономикалық тұрақтандыру үшін қолдану.

Қаржылық инвестициялар әртүрлі қаржылық құралдарға (активтерге), соның ішінде аса маңызды үлес алатын бағалы қағаздарға қаражаттарды салу.

Қор биржалары – шығарылған бағалы қағаздарды сауда қатысушыларының сатып және сатып алатын екінші ретті нарықтар.

Қысқа мерзімді инвестициялар – әдетте бір жылға дейінгі кезеңге салынатын капитал салымдары (мысалы, қысқа мерзімді депозиттік салымдар, қысқа мерзімді жинақ сертификаттарын сатып алу және т.б.).

Лизинг – бұл белгілі бір мүлікті сатып алып, кәсіпкерлік мақсаты үшін кәсіпорынға уақытша пайдалануға беруді қарастыратын кәсіпкерлік қызмет түрі, қаржыландыру әдісі.

Макроденгейде инвестициялар немесе капитал салымдары – ұлттық экономиканың дамуы мен қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге арналған негіз.

Меншікті капиталдың табыстылығы, рентабельділігі – фирманың таза пайдасының меншікті капиталға қатынасы коэффициенті.

Мониторинг – бірінші және аса маңызды басқару элементі болып табылады, оның мақсаты – берілген портфельдің типіне сәйкес келетін инвестициялық қасиеттерге ие бағалы қағаздарды таңдау.

Нақты активтер – өнімдер мен қызметтерді өндіру үшін қолданылатын активтер.

Нақты инвестициялар – нақты активтерге, яғни материалдық және материалдық емес активтерге немесе ғылыми-техникалық прогреспен байланысты материалды емес активтерге қаражаттарды салу инновациялық инвестициялар.

Облигация – бұл оның ұстаушысының облигацияны шығарған тұлғадан оның номиналды немесе басқа мүліктік эквивалентінің белгіленген мерзімінде алуға құқықтарын растайтын бағалы қағаз.

Овердрафт – бұл клиент шотындағы жетіспеген ақша-қаражаттарды уақытша жабу мақсатында, шекті соммасын белгілемей, қосымша несие келісім-шарттарына отыруды қарастырмайтын банктік несие түрі.

Опцион – инвестициялық портфельдің тәуекелін төмендету құралдарының бірі. Опцион – бұл келісім-шарттың орындалуын немесе орындалуынан бас тартуды білдіретін келісім-шарт. Опциондық келісім-шартта бір тұлға сатады, ал бір тұлға сатып алады. Опционның сатып алушысы опционның орындалуын таңдау құқығын алады және ол үшін сыйақыны опцион сатушысына төлейді (опциондық сыйақы). Опционды сатушы тұлға келісім-шартта тіркелген баға бойынша активті сатып алуға немесе сатуға міндетті.

Пайлық инвестициялық траст – қор қызметінің барлық мерзімі аралығында тұрақты болып табылатын біріктірілген және активтер портфеліне инвестицияланатын көптеген инвесторлардың ақша қаражаттары.

Пассивті инвестициялық стратегия – жүзеге асырғанда бағалы қағаздардың талдауын қарастырмайтын инвестициялық саясат.

Пассивтік инвестициялар – өндірісті ұстап тұруға бағытталған инвестициялар.

Портфельдік инвестициялар – бұл бағалы қағаздарға жұмсалған инвестициялар.

Реинвестиция – алғашқы инвестициялар.

Рейтинг – бұл 1 жылға дейін берілген лизингтің түрі.

Таза активтердің құны – инвестициялық компанияның активтері мен оның бір акция есебіндегі міндеттемелерінің әртүрлілігі.

Тікелей инвестициялар – нақты ұзақ мерзімді жобаға қаражат салу және нақты активтерді сатып алумен байланысты.

Ұзақ мерзімді инвестициялар – бір жылдан асатын кезеңге салынатын капитал салымдары. Осы критерий есеп тәжірибесінде қабылданған, бірақ, тәжірибе көрсеткендей, ол нақтылауды қажет етеді.

Факторинг – инвестицияларды қаржыландырудың ерекше әдісі, банктің клиенттен өзінің төлеушілеріне берген төлем талаптарын сатып алатын мәміле.

Шетелдік инвестициялар – бұл ҚР территориясындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиісті азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік, интелектуалды қызметтің, сонымен бірге қызмет пен ақпарат нәтижелеріне ерекше құқықтардың ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар объектісі түрінде шетел капиталын салу.

Ішкі инвестиция – берілген елдің территориясында орналасқан объектілерге қаражаттарды салу.

«Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру» пәнінен тест сұрақтары

1. Табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын ақшалай қаражаттар, бағалы қағаздар және басқа да мүліктер – бұл...

- A) Инвестициялар
- B) Қаржыландыру
- C) Қаржы бөлу
- D) Негізгі капитал
- E) Айналым капиталы

2. Шығындар әдісі бойынша инвестициялар қалай түсіндіріледі?

- A) Негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне шығындар
- B) Ақшалай қаражаттардың ағымдағы шығындары
- C) Айналым қаражаттарының нақты жұмсалуды
- D) Өнім өндірісі мен өткізілуінің шығындары
- E) Жарғылық капиталды қалыптастыру шығындары

3. Нарықтық экономика жағдайындағы «инвестиция» ұғымының ерекшелігін атап көрсетіңіз.

- A) Инвестицияның табыс алумен байланыстылығы
- B) Негізгі құралдарға салымдар ретінде қарастыру
- C) Айналым құралдарына салым ретінде қарастыру
- D) Тек ақшалай ресурстар ретінде анықтау
- E) Несие ресурстарын толыққанды пайдалану

4. Коммерциялық тәжірибеде инвестицияның қандай типтерін білесіз?

- A) Физикалық активтерге инвестиция
- B) Материалдық активтерге инвестиция
- C) Бағалы қағаздарға инвестиция
- D) Айналым қаражаттарына инвестиция
- E) Құрал-жабдықтарға инвестиция

5. Физикалық активтерге не жатады?

- A) Жабдықтар
- B) Ақша
- C) Бағалы қағаз
- D) Несие
- E) Акциялар

6. Ақшалай активтерге не жатады?

- A) Несиелер
- B) Салымдар
- C) Қорлар
- D) Резервтер

Е) Табыстар

7. Инвестиция қозғалысының бастапқы сатысы қалай аталады?

- A) Инвестициялық ресурстар – қаражаттар салымы
- B) Қаражаттар салымы – инвестициялау нәтижесі
- C) Инвестициялық ресурстар – инвестициялау нәтижесі
- D) Ақшалай қаражаттар салу – табыс (нәтиже) алу
- E) Инвестиция қатыстыру – кәсіпкерлік қызмет

8. Инвестиция қозғалысының екінші сатысы қалай аталады?

- A) Қаражаттар салымы – инвестициялау нәтижесі
- B) Инвестициялық ресурстар – қаражаттар салымы
- C) Инвестициялық ресурстар – инвестициялау нәтижесі
- D) Ақшалай қаражаттар салу – табыс (нәтиже) алу
- E) Инвестиция қатыстыру – кәсіпкерлік қызмет

9. Инвестиция қозғалысының бірінші сатысының мазмұны...

- A) Инвестициялық қызмет
- B) Табыс (нәтиже) алу
- C) Шығындар жұмсау
- D) Объектілер іздеу
- E) Қаражат көзін табу

10. Инвестор қызметінің түрлерін атаңыз.

- A) Операциялық, инвестициялық, қаржылық
- B) Инвестициялық, қаржылық, бюджеттік
- C) Операциялық, қаржылық, бюджеттік
- D) Қаржылық, инвестициялық, әлеуметтік
- E) Өндірістік, қаржылық, әлеуметтік

11. Ұзақ мерзімді активтер сатып алу және сату, өтелетін несиелер беру және алу – бұл...

- A) Инвестициялық қызмет
- B) Операциялық қызмет
- C) Қаржылық қызмет
- D) Шаруашылық қызмет
- E) Коммерциялық қызмет

12. Инвестициялық қызмет субъектілері...

- A) Инвесторлар
- B) Кәсіпкерлер
- C) Жеке тұлғалар
- D) Заңды тұлғалар
- E) Тұтынушылар

13. Инвесторлар, инвестициялау объектісін пайдаланушылар және басқа да инвестициялық қызмет қатысушылары – бұл...

- A) Инвестициялық қызмет субъектілері
- B) Инвестициялық қызмет объектілері
- C) Инвестициялық қызмет тұтынушылары
- D) Инвестициялық қызметті пайдаланушылар
- E) Инвестициялық қызметті таратушылар

14. Шығын көзқарасы бойынша инвестициялық объектіге жатпайтын көрсеткіш...

- A) Ақшалай қаражаттар
- B) Негізгі капитал
- C) Ақшалай салымдар
- D) Материалдық емес активтер
- E) Бағалы қағаздар

15. Инвестициялау объектілері бойынша инвестиция түрлері...

- A) Нақты және қаржылық
- B) Нақты және тікелей
- C) Қаржылық және қоржындық
- D) Қоржындық және венчурлік
- E) Қаржылық және венчурлік

16. Нақты инвестициялардың нысандары...

- A) Құрылыс, құрастыру, кәсіпорындарды кеңейту
- B) Қоржын құру, қаржылық активтерді көбейту
- C) Ақша ресурстарын қалыптастыру, оларды көбейту
- D) Бағалы қағаздар сатып алу, депозиттер
- E) Несие алу, күрделі құрлыстар салу

17. Нақты инвестициялауды жүзеге асыру неден басталады?

- A) Инвестициялық ойларды іздеу және таңдау
- B) Елдің инвестициялық климатын талдау
- C) Инвестициялаудың нақты объектісін таңдау
- D) Инвестициялардың өтімділігін бағалау
- E) Инвестициялық қызмет бағытын анықтау

18. Қаржылық инвестицияның мақсаты...

- A) Табыс алу, капиталды құнсызданудан қорғау
- B) Бағалы қағаздар нарығын барынша дамыту
- C) Кәсіпорын шығындарын жабу, табыс алу
- D) Бағалы қағаздар нарығында ұтысқа кенелу
- E) Бәскекелес кәсіпорындар қалыптастыру

19. Инвестициялау мақсаттары бойынша инвестиция түрлері...

- A) Тікелей және қоржындық
- B) Нақты және тікелей
- C) Қаржылық және қоржындық
- D) Қоржындық және венчурлік
- E) Қаржылық және венчурлік

20. Табыс алу мақсатында өнім өндірісімен байланысты нақты активтерге ақшалай қаражаттардың кез-келген салымы – бұл...

- A) Тікелей инвестициялар
- B) Қаржылық инвестициялар
- C) Қоржындық инвестициялар
- D) Венчурлік инвестициялар
- E) Стратегиялық инвестициялар

21. Венчурлік капитал – бұл үлкен тәуекелмен байланысты ... салымдар

- A) Қызметтің жаңа салаларына
- B) Субъектінің жарғылық капиталына
- C) Бағалы қағаздарды сатып алуға
- D) Әр түрлі активтерді сатып алуға
- E) Айналым қаражаттарын толықтыруға

22. Тәуекел түрлері бойынша инвестиция түрлері...

- A) Агрессивті, біркелкі, консервативтік
- B) Біркелкі, интенсивті, консервативтік
- C) Интенсивті, агрессивті, біркелкі
- D) Прогрессивті, біркелкі, агрессивті
- E) Агрессивті, прогрессивті, консервативтік

23. Қандай инвестициялар жоғарғы табыстылықпен және төменгі өтімділікпен сипатталады?

- A) Агрессивті
- B) Біркелкі
- C) Прогрессивті
- D) Консервативтік
- E) Интенсивті

24. Қандай инвестициялар орташа табыстылықпен және өтімділікпен сипатталады?

- A) Біркелкі
- B) Агрессивті
- C) Прогрессивті
- D) Консервативтік
- E) Интенсивті

25. Қандай инвестиция түрлері сенімділікпен және өтімділікпен сипатталады?
- A) Консервативтік
 - B) Біркелкі
 - C) Агрессивті
 - D) Прогрессивті
 - E) Интенсивті
26. Салым салу өрісі (сфера) бойынша инвестициялар қалай топтастырылады?
- A) Өндірістік және өндірістік емес
 - B) Өндірістік және кәсіпкерлік
 - C) Өндірістік және шаруашылық
 - D) Өндірістік және қаржылық
 - E) Өндірістік және әлеуметтік
27. Өндірістік инвестицияда инвесторлар неге қатынасады?
- A) Субъектілердің күрделі шығындарына
 - B) Субъектілердің қайта құрылуына
 - C) Субъектілердің қаржы қатынастарына
 - D) Субъектілердің несие қатынастарына
 - E) Субъектілердің өндірістік қатынастарына
28. Аннуитет дегеніміз не?
- A) Салымшыға табыс әкелетін жеке инвестициялар
 - B) Бағалы қағаздар, басқа да активтер сатып алу
 - C) Субъектінің жарғылық капиталына салымдар
 - D) Қызметтің жаңа салаларына инвестициялар
 - E) Айналым қаражаттарын толықтыруға қаражаттар
29. Сұрыптаушылық және іріктеушілік – бұл мемлекеттік инвестициялық саясаттың...
- A) Қағидасы
 - B) Мақсаты
 - C) Міндеті
 - D) Элементі
 - E) Функциясы
30. Инвестициялық өрісті орталықсыздандыру – бұл мемлекеттік инвестициялық саясаттың...
- A) Қағидасы
 - B) Мақсаты
 - C) Міндеті
 - D) Элементі
 - E) Функциясы

31. Мемлекеттің экономикалық даму басымдықтарын анықтау – бұл мемлекеттік инвестициялық өрістің...
- A) Функциясы
 - B) Қағидасы
 - C) Міндеті
 - D) Мақсаты
 - E) Элементі
32. Инвестициялау объектілеріне салымдар жүзеге асыруға қатыстырылатын барлық қаржы активтері...
- A) Инвестициялық ресурстар
 - B) Ақшалай қаражаттар
 - C) Негізгі капитал
 - D) Айналым капиталы
 - E) Жарғылық капитал
33. Кәсіпорының инвестициялық ресурстарын қалыптастыру көздері қалай бөлінеді?
- A) Меншікті, қатыстырылған, қарыз
 - B) Меншікті, мемлекеттік, қарыз
 - C) Мемлекеттік, қатыстырылған, қарыз
 - D) Қатыстырылған, бюджеттік, қарыз
 - E) Бюджеттік, қатыстырылған, меншікті
34. Корпорацияның меншікті қаржы ресурстарына не жатады?
- A) Пайда және амортизация
 - B) Меншікті және резервтік капитал
 - C) Меншікті капитал және пайда
 - D) Меншікті капитал және амортизация
 - E) Пайда және резервтік капитал
35. Құрылтайшылардың алғашқы жарналары, амортизациялық аударымдар, таза пайда – бұл...
- A) Меншікті қаражаттар
 - B) Айналым қаражаттары
 - C) Ақшалай қаражаттар
 - D) Негізгі қаражаттар
 - E) Қосымша қаражаттар
36. Өнім өткізудің қаржы нәтижесі...
- A) Жалпы табыс
 - B) Таза табыс
 - C) Негізгі табыс
 - D) Қорытынды табыс
 - E) Баланстық табыс

37. Негізгі қызмет табысы – 140 мың тг, мерзімді шығындар – 50 мың тг, өзіндік құн – 80 мың тг. Өнім өткізуден түскен табысты анықта.

- A) 270 мың тг
- B) 190 мың тг
- C) 220 мың тг
- D) 60 мың тг
- E) 90 мың тг

38. Негізгі қызмет табысы – 140 мың тг, мерзімді шығындар – 50 мың тг, өзіндік құн – 80 мың тг. Жалпы табысты анықта.

- A) 190 мың тг
- B) 270 мың тг
- C) 220 мың тг
- D) 60 мың тг
- E) 90 мың тг

39. Өнім өткізуден түскен табыс – 270 мың тг, өзіндік құн – 80 мың тг, мерзімді шығындар – 50 мың тг. Негізгі қызмет табысын анықта.

- A) 140 мың тг
- B) 190 мың тг
- C) 220 мың тг
- D) 240 мың тг
- E) 400 мың тг

40. Өнім өткізуден түскен табыс пен өзгермелі шығындардың айырмасы – бұл...

- A) Маржиналды табыс
- B) Баланстық табыс
- C) Операциялық табыс
- D) Қорытынды табыс
- E) Жиынтық табыс

41. Жалпы табыс пен мерзімді шығындардың айырмасы – бұл...

- A) Негізгі қызметтен түскен табыс
- B) Операциялық қызметтен түскен табыс
- C) Қосалқы қызметтен түскен табыс
- D) Корпорацияның қаржы нәтижесі
- E) Корпорацияның таза табысы

42. Дивидендтер корпорацияның қандай қызметімен байланысты алынған табыс түрі болып табылады?

- A) Инвестициялық қызмет
- B) Қаржылық қызмет
- C) Операциялық қызмет

- D) Коммерциялық қызмет
- E) Шаруашылық қызмет

43. Салықтық төлемдерді төлегеннен кейін корпорация пайдалануына қалатын табысының есебінен негізінен қандай қорлар құрылады?

- A) Резервтік, тұтыну және қорлану
- B) Резервтік, тұтыну және орнын толтыру
- C) Тұтыну, қорлану және орнын толтыру
- D) Орнын толтыру, қорлану және даму
- E) Резервтік, тұтыну және даму

44. Негізгі және айналым құралдары қандай қордың есебінен толықтырылады?

- A) Қорлану қоры
- B) Тұтыну қоры
- C) Резервтік қор
- D) Даму қоры
- E) Өндірістік қор

45. Кәсіпорынның резервтік капиталы қандай табыстан қалыптастырылады?

- A) Таза табыстан
- B) Жалпы табыстан
- C) Баланстық табыстан
- D) Негізгі табыстан
- E) Жиынтық табыстан

46. Мемлекеттік билік және басқару органдары жүзеге асыратын салымдар – бұл...

- A) Мемлекеттік инвестициялар
- B) Мемлекеттік салым салу
- C) Мемлекеттік қаржыландыру
- D) Мемлекеттік несиелендіру
- E) Мемлекеттік қаржы жұмсау

47. Ағымдағы және инвестициялық қызметке үлестік қатысудағы қаражаттар инвестициялық ресурстарды қалыптастырудың қандай көзі болып табылады?

- A) Қатыстырылған
- B) Қарыз
- C) Мемлекеттік
- D) Бюджеттік
- E) Меншікті

48. Меншікті қаржы ресурстарының сыртқы көздеріне не жатады?

- A) Қосымша акциялар шығару және сату
- B) Ұзақ мерзімді банк несиелерін алу
- C) Қысқа мерзімді банк несиелерін алу

- D) Облигациялар шығару және сату
- E) Қажетсіз негізгі құралды жалға беру

49. Корпорациялардың инвестициялық ресурстарын қалыптастырудың меншікті көзі...

- A) Таза табыс
- B) Жарғылық капитал
- C) Негізгі капитал
- D) Айналым капиталы
- E) Ақшалай қаражаттар

50. Инвестициялық жобаларды қаржыландырудың кең тараған түрі...

- A) Үлестік қаржыландыру
- B) Өзін-өзі қаржыландыру
- C) Несиелік қаржыландыру
- D) Мемлекеттік қаржыландыру
- E) Жергілікті қаржыландыру

51. Негізгі құралдардың амортизациясын есептеудің қандай әдістерін білесіз?

- A) Тік сызықты, өндірістік, жеделдетілген
- B) Тік сызықты, кумулятивтік, жеделдетілген
- C) Өндірістік, кумулятивтік, жеделдетілген
- D) Кумулятивтік, өндірістік, қалдықты азайту
- E) Өндірістік, жеделдетілген, қалдықты азайту

52. Негізгі құралдар амортизациясын есептеудің жеделдетілген әдісі қай мезгілде қолданылады?

- A) Жеделдетілген моральдық тозу пайда болғанда
- B) Өнім өткізу нарығы тұрақтаған жағдайда
- C) Тозған жабдықтар шектен тыс көп болғанда
- D) Үлкен шамада артық жабдықтар болған жағдайда
- E) Қажетсіз құралдарды есептен шығарған жағдайда

53. Негізгі құралдарды ұзақ мерзімді жалға алу қалай аталады?

- A) Лизинг
- B) Рентинг
- C) Хайринг
- D) Чартер
- E) Лиз-бек

54. Лизингтің қандай түрлері бар?

- A) Оперативті және қаржылық
- B) Оперативті және мақсатты
- C) Мақсатты және қаржылық
- D) Қаржылық және несиелік

Е) Несиелік және мақсатты

55. Инвестициялық мүмкіндіктерді талдау инвестициялық жобаның қай сатысына жатады?

- А) Инвестиция алдындағы саты
- В) Инвестициялық саты
- С) Пайдалану сатысы
- Д) Капитал салымы сатысы
- Е) Нәтиже алу сатысы

56. Жобаның пайда болуы мен жойылуы сәтінің уақыт аралығы не деп аталады?

- А) Жобаның өмір циклы
- В) Жобаның өмір деңгейі
- С) Жобаның өмір сүруі
- Д) Жобаның өмір уақыты
- Е) Жобаның өмір шамасы

57. Нарық конъюктурасын бағалау инвестициялық жобаларды талдаудың қай бағытына негізделеді?

- А) Техникалық талдау
- В) Экономикалық талдау
- С) Қаржылық талдау
- Д) Коммерциялық талдау
- Е) Ұйымдық талдау

58. Инвестициялық жобаларды ұсынылатын өнім мен қызметтің түпкі тұтынушыларының көзқарасы бойынша жобаларды бағалау – бұл...

- А) Коммерциялық талдаудың міндеті
- В) Экономикалық талдаудың міндеті
- С) Қаржылық талдаудың міндеті
- Д) Техникалық талдаудың міндеті
- Е) Институционалдық талдаудың міндеті

59. Инвестициялық жоба тиімділігін бағалауда қандай әдістер қолданылады?

- А) Коммерциялық, бюджеттік, экономикалық
- В) Коммерциялық, әлеуметтік, технологиялық
- С) Бюджеттік, әлеуметтік, технологиялық
- Д) Бюджеттік, әлеуметтік, коммерциялық
- Е) Экономикалық, әлеуметтік, технологиялық

60. Болжалдық бағалар қалай анықталады?

- А) $B_t = B_0 * I_t$
- В) $B_t = B_0 + I_t$
- С) $B_t = B_0 / I_t$
- Д) $B_t = (B_0 * I_t)^t$

Е) $B_t = (B_0 * I_t) / B_0$

61. Табыс алу мақсатында салымдар жасағанда ақшаның құнсыздануы қандай көрсеткішпен анықталады?

- А) Дисконттау коэффициенті
- В) Табыстылық коэффициенті
- С) Рентабельділік коэффициенті
- Д) Өтімділік коэффициенті
- Е) Төлем қабілеттілігі коэффициенті

62. Дисконттау коэффициенті қандай формуламен анықталады?

- А) $k = 1 / (1 + E)^t$
- В) $k = 1 / (1 + E)$
- С) $k = 1 + (E / (1 + E)^t)$
- Д) $k = (1 + E) / (1 + E)^t$
- Е) $k = (1 + E)^t / (1 + E)$

63. Зиянсыздық нүктесі қандай әдістермен анықталады?

- А) Аналитикалық, графиктік
- В) Сараптамалық, тәжірибелік
- С) Статистикалық, тәжірибелік
- Д) Графиктік, сараптамалық
- Е) Статистикалық, сараптамалық

64. Коммерциялық банктердің қаражаттарды салу объектілеріне байланысты қалай топтастыруға болады?

- А) Нақты және қаржылық
- В) Тікелей және қаржылық
- С) Қаржылық және қоржындық
- Д) Нақты және қоржындық
- Е) Қоржындық және венчурлік

65. Қайта орналастыру мақсатында бағалы қағаздардың жаңа эмиссиясын сатып алумен байланысты операциялар – бұл...

- А) Андерайтинг
- В) Аннуитет
- С) Эмиссия
- Д) Франчайзинг
- Е) Компаудинг

66. Франчайзинг – бұл...

- А) Бизнес жүргізу үшін лицензия беру/сату
- В) Мүлікті беруде пайда болатын қатынастар
- С) Инвестициялық субъектілердің салым салуы

- D) Мүлік сатып алуда берілетін несие түрі
- E) Инвестицияларды тиімді орналастыру

67. Амортизация шамасына азайтылған жалпы инвестициялар – бұл...

- A) Таза инвестициялар
- B) Қалдық инвестициялар
- C) Баланстық инвестициялар
- D) Негізгі инвестициялар
- E) Басты инвестициялар

68. Аймақтық және жергілікті бюджет үшін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың қаржылық салдарын анықтайтын тиімділік – бұл...

- A) Бюджеттік
- B) Коммерциялық
- C) Экономикалық
- D) Мемлекеттік
- E) Аймақтық

69. Инфляция салдарынан ақшаның құны ескерілмейтін проценттік ставка – бұл...

- A) Номиналды проценттік ставка
- B) Жай проценттік ставка
- C) Күрделі проценттік ставка
- D) Нақты проценттік ставка
- E) Жоспарлы проценттік ставка

70. Нақты инвестициялау нарығының нысандары – бұл...

- A) Күрделі қаржылар нарығы
- B) Қаржылық ресурстар нарығы
- C) Қаржылық инвестициялар нарығы
- D) Ақша құралдарының нарығы
- E) Ссудалық капитал нарығы

71. Қолма-қол ақша ғана емес, қолма-қолсыз төлем қаражаттарын да қосатын төлем қаражаттарының нарығы...

- A) Ақша нарығы
- B) Несие нарығы
- C) Қаржы нарығы
- D) Капитал нарығы
- E) Бағалы қағаздар нарығы

72. Бағалы қағазбен куаландырылған құқықтар онда аталған адамға тиесілі болады...

- A) Атаулы бағалы қағаз
- B) Ордерлі бағалы қағаз

- C) Ұсынушы бағалы қағаз
- D) Ұсынбалы бағалы қағаз
- E) Жинақталған бағалы қағаз

73. Инвесторлар жүзеге асыратын негізгі шаруашылық қызметтің бағытына байланысты инвесторлар қалай бөлінеді?

- A) Жеке және институционалдық
- B) Жеке және стратегиялық
- C) Жеке және қоржындық
- D) Стратегиялық және қоржындық
- E) Институционалдық және қоржындық

74. Өз қаражаттарын бағалы қағаздарға салуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға...

- A) Инвестор
- B) Эмитент
- C) Эмиссия
- D) Диллер
- E) Брокер

75. Алатын пайда қатысушылар арасында бөлініске салынбай, ол акционерлік қоғамның техникалық дамуына жұмсалады...

- A) Орталық депозитарий
- B) Күрделі депозитарий
- C) Жүйелі депозитарий
- D) Бағалы қағаздар депозитарийі
- E) Сырттан тартылған депозитарий

76. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірінғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері туралы заң қашан қабылданды?

- A) 2002 жылдың 17 мамыры
- B) 2003 жылдың 18 мамыры
- C) 1999 жылдың 15 маусымы
- D) 2000 жылдың 12 қаңтары
- E) 2001 жылдың 11 ақпаны

77. Акционерлік қоғам пайдасына байланысты дивиденд шамасы өзгеріп отыратын акция түрі...

- A) Жай акция
- B) Күрделі акция
- C) Артықшылықты акция
- D) Кәдуілгі акция
- E) Ұжымдық акция

78. Билік органдары, салалық бірлестіктер арқылы ықпал ету, сондай-ақ кәсіпорынның инвестициялық стратегиясы туралы ақпараттар іздеу және тарату – бұл...

- A) Инвестициялық белсенділік
- B) Инвестициялық процесс
- C) Инвестициялық тартымдылық
- D) Инвестициялық қызмет
- E) Инвестициялық бағдарлама

79. Комиссиялық сыйақылар үшін бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызмет атқаратын кәсіби ұйымдар немесе жеке тұлғалар – бұл...

- A) Инвестициялық брокерлер
- B) Инвестициялық дилерлер
- C) Инвестициялық делдалдар
- D) Инвестициялық қызметкерлер
- E) Инвестициялық мамандар

80. Инвестициялық сұраныстар қандай түрде болуы мүмкін?

- A) Потенциалды және нақты
- B) Нақты және қаржылық
- C) Қаржылық және қоржындық
- D) Тікелей және жанама
- E) Тікелей және нақты

81. Инвестициялық жобаларды техникалық талдау аясында не зерттеледі?

- A) Жобаның көлемі
- B) Өндіріс шарттары
- C) Қатысушылар міндеттері
- D) Өндіріс көлемі
- E) Өндіріс шығындары

82. Кәсіпорын құрылтайшылары жарналарының ақшалай бөлігі бірінші кезекте қайда салынады?

- A) Негізгі құралдарды сатып алуға
- B) Материалдар сатып алуға
- C) Банк депозиттерін қалыптастыруға
- D) Айналым құралдарын сатып алуға
- E) Өнім өндірісін қамтамасыз етуге

83. Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын сипаттайтын көрсеткішті атап көрсетіңіз...

- A) Активтердің рентабельділігі
- B) Негізгі құралдардың қор қайтарымы
- C) Өнімнің материал сыйымдылығы
- D) Тұрақты және өзгермелі шығындар

Е) Табыс және шығын көрсеткіштері

84. Инвестициялық тартымдылық туралы ақпарат не үшін қажет?

- А) Инвестициялық стратегияны қалыптастыруға
- В) Инвестициялық қоржынды қалыптастыруға
- С) Инвестициялық жобаны қалыптастыруға
- Д) Инвестициялық шарттарды қамтамасыз етуге
- Е) Инвестициялық шығындарды үнемдеуге

85. Бағалы қағаздардың табыстылығы, тәуекелі және өтімділігі тұрғысындағы бағалы қағаздардың жалпылама сипаттамасы – бұл...

- А) Бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеті
- В) Бағалы қағаздардың инвестициялық қажеттілігі
- С) Бағалы қағаздардың инвестициялық құны
- Д) Бағалы қағаздардың инвестициялық бағасы
- Е) Бағалы қағаздардың инвестициялық маңызы

86. Қаражаттар салымы инвестор үшін тиімсіз болып табылатын табыстың ең аз нормасы – бұл...

- А) Дисконт нормасы
- В) Табыстылық нормасы
- С) Рентабельділік нормасы
- Д) Шығын нормасы
- Е) Баға нормасы

87. Техника-технологиялық жаңалықтарды қалыптастыру және коммерциялық пайдалану процесі – бұл...

- А) Инновациялық инвестициялар
- В) Жаңалықтар енгізу
- С) Ноу-хау
- Д) Технологиялармен қамсыздандыру
- Е) Инновациялық процесс

88. Тәуелсіздік коэффициентінің оңтайлы мәні қаншаға тең?

- А) 0,5-0,6
- В) 1,0-2,0
- С) 0,5-1,0
- Д) 0,2-0,5
- Е) 0,4-0,5

89. Тәуелділік коэффициентінің оңтайлы мәні қаншаға тең?

- А) 0,4-0,5
- В) 0,5-0,6
- С) 1,0-2,0
- Д) 0,5-1,0

Е) 0,2-0,5

90. Қаржыландыру коэффициентінің оңтайлы мәні қаншаға тең?

А) >1

В) <1

С) $\geq 0,5$

Д) $\leq 0,5$

Е) 0,5-1

91. Инвестициялау коэффициентінің оңтайлы мәні қаншаға тең?

А) $\geq 0,5$

В) >1

С) <1

Д) $\leq 0,5$

Е) 0,5-1

92. Меншікті капитал – 100 мың тг, қарыз капиталы – 80 мың тг, негізгі капитал – 90 мың тг. Тәуелсіздік коэффициентін анықта.

А) 0,56

В) 0,80

С) 1,25

Д) 0,44

Е) 1,11

93. Меншікті айналым капиталы – 100 мың тг, ТМБ – 80 мың тг, қысқа мерзімді несиелер – 20 мың тг. Корпорация қаржы жағдайы қандай деңгейде?

А) Тұрақты

В) Қалыпты

С) Қалыпсыз

Д) Тұрақсыз

Е) Дағдарыстық

94. ТМБ – 80 мың тг, оның негізгі көздерінің шамасы – 70 мың тг. Кредиторлық қарыздар – 15 мың тг. Корпорация қаржы жағдайы қандай деңгейде?

А) Дағдарыстық

В) Тұрақсыз

С) Қалыпты

Д) Қалыпсыз

Е) Тұрақты

95. Абсолютті өтімділік коэффициентінің оңтайлы мәні қаншаға тең?

А) $\geq 0,2-0,5$

В) $\geq 0,3-0,5$

С) $\geq 0,2-0,3$

Д) $\geq 0,1-0,3$

E) $\geq 0,1-0,2$

96. Ақшалай қаржаттар – 100 мың тг, дебиторлық қарыздар – 150 мың тг, ағымдағы міндеттемелер – 260 мың тг. Абсолютті өтімділік коэффициентін есепте.

- A) 0,38
- B) 0,96
- C) 0,19
- D) 2,60
- E) 1,73

97. Соңғы жылдарда Қазақстанға шетелдік инвестициялар түріндегі техникалық көмек қандай ұйым арқылы жүзеге асты?

- A) Еуропа қайта құру және даму банкі
- B) Еуропа одағы
- C) ЮНЕСКО
- D) Халықаралық валюта қоры
- E) Халықаралық сауда палатасы

98. Еуропалық полюс қандай елдердің қаржы нарықтарын қамтиды?

- A) Еуропалық одақ, Шығыс Еуропа, Таяу шығыс
- B) Шығыс Еуропа, Таяу шығыс, Ресей Федерациясы
- C) Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа
- D) ТМД, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс
- E) Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, Орталық Азия

99. Еуропалық полюстің капитал көлемі қандай шамамен сипатталады?

- A) 9 трлн. доллар
- B) 18 трлн. доллар
- C) 6 трлн. доллар
- D) 17 трлн. доллар
- E) 10 трлн. доллар

100. Әлемдік тәжірибеде несие-банк жүйесін құрудың қандай негізгі модельдері бар?

- A) Сегменттелген және әмбебап
- B) Континентальдық және әмбебап
- C) Сегменттелген және континентальдық
- D) Америкалық және континентальдық
- E) Америкалық және әмбебап

Мазмұны

Кіріспе	3
1-тарау. Инвестициялық қызмет және инвестиция	5
1.1. Инвестиция түсінігі, нысандары және формалары	5
1.2. Инвестициялық цикл және оның құрылымы	7
1.3. Инвестициялық қызмет, оның субъектілері және олардың өзара қатынастары	8
1.4. Шетел инвестициясы, ҚР-ның «Шетелдік инвестициялар» туралы Заңының негізгі қағидалары	10
2 тарау. Нарықтық экономикаға өту сатысындағы мемлекеттік инвестициялық-құрылымдық саясаты	13
2.1. Нарықтық экономиканың өтпелі сатысындағы инвестициялық- құрылымдық саясаттың басты бағыттары	13
2.2. ҚР–ның мемлекеттік инвестициялық Комитетінің негізгі шешетін мәселелері және атқаратын қызметі	15
3 тарау. Күрделі салымдар және құрылыстар, олардың инвестициялық сферадағы орны	17
3.1. Күрделі салымдар және олардың жұмыс істеп тұрған негізгі қорларын модернизациялау мен жаңаруындағы рөлі	17
4 тарау. Инвестициялық қызметті қаржыландыру көздері	21
5 тарау. Инвестицияның экономикалық тиімділігі	24
5.1. Критерилер мен көрсеткіштер	24
5.2. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері	25
5.3. Инвестиция тиімділігін жіктеу	26
6 тарау. Нарық жағдайындағы өтпелі кезеңдегі инвестицияны қаржыландыру	28
6.1. Инвестициялық үдеріске қаржы берудің негізгі әдістері	28
6.2. Еркін экономикалық аймақтағы инвестицияны қаржыландыру	29
7 тарау. Несиелік саясат және инвестициялық сферада несиелендіруді ұйымдастыру	31
7.1. Банктің несие саясаты	31
7.2. Несие алуға өтінішті және құжаттар пакетін қарастыру	33
7.3. Қарызгердің несие қабілеттілігін зерттеу	35
8 тарау. Несие келісім-шартын жасау және оны орындау	39
8.1. Несиелік келісім-шарттың жалпы сипаты және оны жасаудағы негізгі қажетті құжаттар	39

8.2. Несиелік келісім-шарттың жағдайы мен құрылымы	40
8.3. Неселік мониторинг	42
9 тарау. Несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі және дәстүрлі емес тәсілдері	46
9.1. Дәстүрлі тәсілдердің жалпы жағдайы	46
9.2. Кепілдік және кепіл беру	47
9.3. Банктік кепілдік	50
9.4. Несиені қайтару қамтамасыздығының дәстүрлі емес тәсілдері	52
10 тарау. Өзін-өзі қаржыландыру, акционерлеу және лизингтік әдістермен инвестициялау	59
10.1. Инвестицияны өзін-өзі қаржыландыру және оның нарықтық экономикада жағдайында дамуы	59
10.2. Акционерлеу - инвестициялаудың өзіндік әдісі ретінде	61
10.3. Инвестициялаудың лизингтік әдісі	63
11 тарау. Инвестициялық институттар және шетел инвестициясын тарту	67
11.1. Инвестициялық институттар және олардың негізгі атқаратын Қызметтері	67
11.2. Шетел капиталын тартуды жетілдіру жолдары	73
Глоссарий	78
«Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру» пәнінен тест сұрақтары	82
Әдебиеттер	101

Әдебиеттер

1. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген.
3. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
4. Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңы. 29 қазан, 2015 ж. №375-V Кодексімен бекітілген.
5. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңы. 31 тамыз, 1995 ж. №2444.
6. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 1999 жылғы 2 тамыз № 465.
7. ҚР Ұлттық банкінің нормативтік актілері (4-томдық жинағы), Алматы, 2016.
8. Ольшаный А.И. «Банковское кредитование» - М,Русская деловая литература, 1997.
9. Подшиволоенко Т.П., Макарова М.В. и др. «Инвестиции», учебное пособие, М, Кнорус, 2004.
10. Руководство по проектному анализу ИЭР Всемирного банка, 1994.
11. Баканов М.И., Мельник М.В., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник. - М.: Финансы и статистика, 2006.
12. Бирман Г., Шмидт С. Экономический анализ инвестиционных проектов. - М.: Банки и биржи: ЮНИТИ, 1997.
13. Киреева Н.В. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: Учеб. пособие. - М.: Социальные отношения, 2007.
14. Любушин Н.П., Лещева В.В., Дьякова В.Г. Анализ финансово-экономической деятельности предприятия: учебное пособие для вузов. Под редакцией проф. Н.П. Любушина.-М:ЮНИТИ-Д, 2012.
15. Любушин Н.П. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. - М.: ЮНИТИ, 2015.
16. Савицкая Г. В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: Учебник для техникумов. - М.: ИНФРА-М, 2007.
17. Шеремет А.Д. Комплексный анализ хозяйственной деятельности: Учебник. - М.: ИНФРА-М, 2006.
18. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Методика финансового анализа. - М.: ИНФРА-М, 2012.

19. Богоров В.В. «Финансово- кредитные методы регулирования рынка инвестиций» - М.,Фин и статистика,1999.
20. Гейдаров М.М «Финансирование и кредитование инвестиций» - Алматы, 2015., Академия банковского дела.
21. Золотогоров В.Т «Инвестиционное проектирование» - Минск,ИП «Экоперспектива»,1998.
22. Ермолович Л.Л. Анализ финансово-хозяйственной деятельности предприятия. - Минск: Совр. школа, 2014.
23. Федорова Г.В. Финансовый анализ при угрозе банкротства. - М.: Омега-Л, 2003.
24. Шеремет А.Д., Негашев Е.В. Методика финансового анализа деятельности коммерческих организаций. -- М.: ИНФРА-М, 2010.

ДАБЫЛТАЕВА НАЗЫМ ЕСБЕРГЕНҚЫЗЫ

**ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
ЖӘНЕ НЕСИЕЛЕНДІРУ**

(Оқу құралы)